

**СЕГІЗБАЕВА Д.Ү.  
БЕКТОВА Қ.Н.**

# **ЭКОНОМИКАЛЫҚ БОЛЖАУ**

**ОҚУ ҚҰРАЛЫ**

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі  
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Сегізбаева Д.Ү.  
Бекетова Қ.Н.

## «Экономикалық болжау»

*оқу құралы*

Қызылорда, 2011

УДК 339.977(075.8)

ББК 65.23я73

С 30

Пікір жазғандар:

- 1.А.Т. Райымбекова - «Болашақ» университетінің «Экономика және қаржы» кафедрасының меңгерушісі, э.ғ.к;
- 2.А.Б.Әлібекова – «Ақмешіт» гуманитарлық-техникалық институтының «Экономика және менеджмент» кафедрасының меңгерушісі, э.ғ.к., доцент
- 3.А.Е.Мұханова – Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-нің «Экономика және менеджмент» кафедрасының аға оқытушысы, э.ғ.к;

Сегізбаева Д.Ү., Бекетова Қ.Н. Экономикалық болжау: экономикалық мамандықтарға арналған оқу құралы. –Қызылорда,2011.-140 б.

ISBN 978-601-285-017-8

Аталған оқу құралында экономикалық болжау пәнінің негізгі сұрақтары мен әдістері берілген. Бұл оқу құралында қаралатын тақырыптық мәселелер теориялық тұрғыда, кестелер мен суреттер, тест тапсырмалары, студенттердің өздігінен дайындалатын сұрақтары түрінде қаралады.

Оқу құралы кредиттік негізде оқитын экономикалық бағыттағы студенттерге арналған, сонымен қатар жоғарғы, орта арнаулы оқу орындарында және қашықтықтан оқитын студенттер мен оқытушыларға арналады.

УДК 339.977(075.8)

ББК 65.23я73

ISBN 978-601-285-017-8

© Сегізбаева Д.Ү.,Бекетова Қ.Н., 2011ж

## МАЗМҰНЫ

|   |    |
|---|----|
| Тақырып 1. Болжау мен жоспарлаудың ғылыми негіздері.....                                    | 7  |
| Тақырып 2. Әлеуметтік-экономикалық жоспарлаудың теориялық негіздері.....                    | 14 |
| Тақырып 3. Болжау тарихының тарихи аспектісі.....   | 18 |
| Тақырып 4. Экономикалық болжау әдістерінің жүйесі.....                                      | 21 |
| Тақырып 5. Әлеуметтік-экономикалық дамудың базалық жағдайын болжау.....                     | 41 |
| Тақырып 6. Әлеуметтік дамуды болжау   | 47 |
| Тақырып 7. Ғылыми-техникалық прогресті болжау   | 55 |
| Тақырып 8. Экономиканы мемлекеттік реттеу жүйесіндегі болжау                                | 62 |
| Тақырып 9. Бағдарламалық мақсаттық жоспарлау  | 65 |
| Тақырып 10. Аймақтық экономика дамуын реттеу мен болжау                                     | 73 |
| Тақырып 11. Дамыған шетелдердегі болжау   | 78 |
| Тақырып 12 Қазақстандағы макроэкономикалық тұрақтандырудың ерекшеліктері мен даму кезеңдері | 80 |

## КІРІСПЕ

Біздің экономикалық дамуымыздың рыноктік жолға өту кезеңін қамтитын сұрақтары мен мәселелердің шеңбері күрделі де ауқымды. ҚР-ның экономикасын реформалау әдісінде, елдің экономикалық даму стратегияларын өңдеуде, объективті жоспарлау мен ұзақ және орта мерзімді болжаудың қажеттігі көрінуде. Осыған байланысты оқу құралының негізгі мақсаты экономикалық дамудың ғылыми болжамдарының түрлерін және олардың әдістемелері мен классификацияларын түсіндіріп, айқындап беру.

Ұсынылып отырған оқу құралының мақсаттары мен міндеттері:

- Болжау түрлері мен маңыздылығы;
- Экономикалық болжаудың теориялық негізі;
- Экономикалық болжаудың принциптері мен жүйелері;
- Болжау әдістерінің жіктелуі;
- Экономика құрылымын болжау;
- Болжаудың методологиялық принциптері;
- Әлемдік ғылымның даму үрдістерін талдау;
- Экономиканы мемлекеттік реттеу жүйесіндегі болжау;
- Қазақстандағы макроэкономикалық тұрақтандырудың ерекшеліктері мен даму кезеңдерін көрсете білу.

Жоғарғы оқу орындарында енгізіліп жатқан жаңалықтар мен өзгерістерге орай, оқу бағдарламаларында көптеген өзгерістер болды. Соның нәтижесінде жоғарғы оқу орындарында көптеген жаңа пәндер енгізіліп, оқыла бастады. Қазіргі рыноктік экономика кезінде ел алдындағы экономикалық даму жағдайларының картинасын, оның сандық және сапалық көрсеткіштерінің сипаттамаларын беруде «Экономикалық болжау» пәнінің маңыздылығы артып отыр.

Болжау-табиғаттың даму заңдылықтарын білуге негізделген, адамдардың ақиқатты анықтау қабілеті, сол сияқты, берілген объектіні келешектегі даму жолдары мен тенденциялары, болашағы туралы ықтималдық пікір.

Болжамның көмегімен елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының жалпылама болжамы жасалады.

Болжау жоспарлаумен тығызы байланысты және жоспарлық есептерді жасаудың алғы шарттары болып табылады.

Оқу құралында нарық тұрғысынан шешілмейтін мәселелері қарастырылады, белгісіздік жағдайларында қабылданатын шешімдерге қажетті ақпараттар, оған мемлекеттің әсері мен рөлі беріледі.

Қазіргі кездегі өзекті мәселелер қатарында деп есептелетін, әлеуметтік дамуды болжау, оның ішінде халықтың өмір сүру деңгейі, халықтың жұмысбастылығы оны қамтамасыз ететін әлеуметтік салалар болжамы, ҒТП-ті болжау беріледі.

Дамыған шет елдердің болжау әдістері, олардың тәжірибелері, өтпелі кезең экономикасындағы болжау әдістері қаралған. Кеңес одағындағы өндірістік, әлеуметтік, қаржы бюджетін жоспарлау әдістері, АҚШ және басқа да алдыңғы

қатарлы рынокті экономикалы елдердегі стратегиялық және индикативті жоспарлау әдістері мен қазіргі кездегі болжау әдістері мен түрлері салыстырыла қаралған.

Курс мазмұнының негізгі бөлігі экономикалық және әлеуметтік жоспарлауды ұйымдастыру және оның әдістерін, теориялық негіздеріне қажетті сұрақтарын қамтиды.

Курс бойынша оқу құралын дайындау барысында орыс тіліндегі және орыс тіліне аударылған шетелдік оқулықтар мен материалдар, сонымен қатар көптеген мерзімдік баспалардан шығатын журналдар мен газеттер пайдаланылды.

## **ТАҚЫРЫП 1. БОЛЖАУ МЕН ЖОСПАРЛАУДЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ**

- 1. Экономикалық болжау пәнінің негізгі түсініктері, мәні.**
- 2. Болжау мен жоспарлау мемлекет пен шаруашылық субъектілерінің қызметі ретінде**
- 3. Макроэкономикалық реттеудегі болжау мен болашақты жоспарлаудың ролі.**

1. Рынок қатынастарын қалыптастыруда, экономикалық реформаларды жүргізуде экономика тиімділігін арттыру, жоғарғы халық игіліктеріне жету маңызды мақсат болып есептеледі.

Болашақтағы әлеуметтік-экономикалық даму бағыты, оның теориясы мен жоспарлау әдістерін қамтитын сұрақтар мамандарды толғандырып жүрген дау тудырмайтын мәселелер болып табылады. Оны қоғамдық-экономикалық жүйелер дамуы мен әртүрлі шаруашылық үлгілерді жалпы әлемдік тәжірибеде қолдану көрсетіп отыр. Оны сонымен бірге жоспарларды орталықтандырудың керексіздігі мен зиянының бірдейлігін және экономиканың теңдей дамуы мен тұрақты дамуын қамтамасыз етудегі ролінің толықтай жағымсыз екенін көрсетті. Оған бұрынғы Кеңес одағындағы өндірістік, әлеуметтік, қаржы бюджетін жоспарлау әдістері, АҚШ және басқа да алдыңғы қатарлы рынокті экономикалы елдердегі стратегиялық және индикативті жоспарлау әдістерінің қорытындысы нақты дәлел бола алады.

Сонымен, орталықтандырылған жоспарлаудың басты кемшілігі экономикалық даму факторларының ішкі және сыртқы өзгерістерін, сұраныс пен ұсыныс арасындағы қатынасты реттейтін икемділіктің болмауы, еркін бәсеке бағыттары мен жоспарлау кемшіліктерінің экономикалық дағдарыстар мен былықтардың пайда болуына әкелгені болып табылады.

Бұл жерден әлеуметтік-экономикалық жоспарлау – шаруашылықтың рыноктік және жоспарлық үлгісінің тиімді байланысуын қамтамасыз ететін және ел экономикасында болжалған жағдайлардың артықшылықтарын қолдануды қамтамасыз ететін негізгі тетік болып табылатынын анықтауға болады.

Бұл жағдайға бізге Қытай, Жапония, Франция және тағы басқа посткеңесттік елдердің шаруашылық құрылысындағы әдістерімен дағдарыстарынан шығу тәжірибелері арқылы көз жеткізуге болады.

Жоспарлау әдістерін оқу барысында жоспарлау принциптері мен әдістеріне, тұжырымдардың ғылыми негіздемелеріне, сол сияқты экономиканы басқару сатысы мен шаруашылық объектілеріне байланысты көрсеткіштерді таңдау жүйесіне байланысты көңіл бөленеді.

Сыртқы экономикалық байланыстар, өңірлер мен салалар дамуының жоспарын жасау, бюджеттік жоспарлау мен өндірістік жоспарлау бірлігін қамтамасыз ету сұрақтары жекелеген талдауларды талап етеді.

Экономикалық болжау-экономиканың өзгеруі туралы белгіленген себептік салдарлық байланыстар мен заңдылықтар жүйесіне негізделіп, ғылыми тұрғыдағы топшылауларды әзірлеу процесі.

Экономикалық құбылыстар мен процестерді болжау дамудың сапалық сипаттамаларын, сондай-ақ, болжанатын көрсеткіштердің сандық бағалануын, осы мәндерге жету ықтималдықтарының шамаларын қамтиды. Экономикалық болжау әдістерінің арасында оңтайлы басқару теориясымен қатар, математикалық статистика, ықтималдылық теорияларының көптеген әдістері пайдаланылады. Тауарлардың (өнімдердің, қызметтердің) сұранымы мен ұсынымының ықтимал арасалмағын, оларды өткізу көлемі мен жағдайларын (бағасын, сапасын және т.б.), бәсекені болжай білу қажеттігі пайда болатын рыноктық экономика жағдайында экономикалық болжаудың ролі арта түседі.

Болжау грек сөзі “prognosis”- алдын- ала білу, болжау дегенді білдіреді. Болжау – белгілі бір объектінің әрі қарай дамуы және болашақ жағдайын, өткені мен қазіргі уақытқа сай белгілі заңдылықтар негізінде күні- бұрын, алдын- ала көре білу процестерін өңдеу болып табылады.

Болжау мақсаты- ғылыми алғышарттарды жасау, экономиканың даму тенденцияларын ғылыми талдау.

Болжау міндеті- осы немесе басқа жағдайларда не болатыны туралы анық, дұрыс ұйғарымдар беру. Бұл міндеттерді шешу үшін экономиканың дамуы қалай, қандай жағдайларда өтеді және оған мемлекеттің әсері қандай екенін анықтауда зерттеушілік болжау жасалады.

Нәтижесінде: “Егер мемлекет экономиканы реттеуде ешқандай шаралар қолданбаса не болады?”- деген сұраққа жауап пайда болады.

Болашақта не болатындығын көру бағытында мақсаттық болжам жасалады. Бұл болжам түрі мемлекеттің экономика алдына қойған мақсаты, оған мүмкін боларлық жету жолдары анықталады.

Экономикалық болжауды өңдеу- белгілі бір аспаптарды пайдалана отырып берілген уақыттағы экономикалық ақпараттар жағдайын өңдеуге, оның заңды өзгерістерінің, нақты шарттарының орындалуын берілген уақытта анықтай отырып алынатын болашақтағы даму бағыттары мен жағдайының ғылыми көрсеткіштері.

Социализм тұсында- экономикалық болжау жоспарлар мен жоспар шешімдерін дайындау, зерттеулер негізіндегі халық шаруашылығын жоспарлаудағы ғылыми талдау сатысы түрінде болады. Сонымен, болжау- табиғаттың даму заңдылықтарын білуге негізделген, адамдардың ақиқатты анықтау қабілеті, сол сияқты, берілген объектіні келешектегі даму жолдары мен тенденциялары, болашағы туралы ықтималдық пікір. Болжаудың алғы шарттары XIX ғасырдың екінші жартысында пайда болды.

**2. Рынокті экономика жағдайындағы болжау мен жоспарлаудың объективті қажеттілігі төмендегілерге негізделеді:**

- өндірістің қоғамдық сипаты;
- өңірлік және салааралық байланыстардың қиындауы; тиімді халықтық- шаруашылықтың бірдей қатынастарын ұстап тұру қажеттігі;
- рынокті экономиканың өзін-өзі басқаруының қабілетсіздігі, әсіресе ұдайы өндірістік циклдер стадиясындағы дағдарыстарды шешу қабілетсіздігі;
- мемлекеттің қызметі рыноктік қатынастар субъектісі ретінде болуында.



Мемлекеттің экономикаға әсері өте қажет деп есептеген жағдайда да, мына шектерде қауіпті: өте жоғарғы тиімділікпен реттелетін рыноктік механизмдерінің экономикалық үдерістерін реттеуде.

Бүтіндей экономикалық организмде мемлекеттік әсер етуді қажет ететін шеңберде бізге әлеуметтік-экономикалық болжау көмек береді.

Болжау – бұл экономикалық жүйенің болашақ параметрлерінің салыстырмалы сапалық және сандық формада бейнеленген дәлелденген ұйғарымдар кешені.

Болжау- қоғамның барлық аумағында негізгі теория мен тәжірибені байланыстырушы буын болып есептеледі. Болжау объектісі гипотеза және жоспармен тығыз байланысты. Гипотеза – заңдылықтардың жалпы теориясы деңгейінде алдын- ала ғылыми көре білу. Теория арқылы объектілердің сандық және сапалық көрсеткіштері анықталады. Гипотезасыз ғылыми басқару және жоспарлау мүмкүн емес. Жоспар белгілі іс шаралардың іске асырылуының мерзімі мен кезектілігін анықтайтын, тапсырма жоспарларының бірыңғай мақсаттарына жетуіне бағытталған өзара байланысты жүйе.

Сонымен бірге болжау көп вариантты және ықтималдықта болады, себебі болжау сәтінен бастап, болжау периодының соңына дейін әр түрлі мүмкін боларлық орта өзгерісі мен бағыттар өзгерісі болып отырады. Осындай түпкі ойларды жасауда дамудың сценарийі жасалады. Сценарий- болашақтың жиынтық даму жағдайларын анықтау үшін жасалады. Әлеуметтік- экономикалық болжау тиімді капитал салымдар перспективасы, қоғамдық жүйенің заңдылықтарының дамуын алдын- ала көре біледі. Әлеуметтік- экономикалық болжау өндіріс көлемі бағасымен, макроэкономикалық көрсеткіштер, сұраныс және ұсыныс, еңбек қатынастары, табыс және шығыстар құрылымымен байланысты сандық және сапалық өзгерістерді бейнелейді. Әлеуметтік- экономикалық даму бағыты туралы ғылыми негізделген ұйғарымдар жүйесін ұсынады.

Болжау қысқа мерзімді (1 жылға дейін), орта мерзімді (2 жылдан бастап), ұзақ мерзімді (5 жылдан жоғары) деп бөлінеді. Болжау ықтималдық сипатқа ие. Болжау міндеті – осы немесе басқа да жағдайларда не болатыны туралы нақты, объективті ұйғарымдар беру. Бұл міндетті шешуде мемлекеттік әсер етудің өзгеріссіз қалуы жағдайында, экономика дамуының қандай болуы керектігін көрсететін *іздеу болжамы* жасалады. Оның нәтижесінде экономиканы реттеу бойынша егер мемлекет ешқандай шаралар қабылдаса не болатынына жауап береді. Осы тұрғыда іздеу болжамы экономиканың бірінші кезекте мемлекеттің әсер етуі керек салаларын көрсетеді.

Болжау болашақта не болатыны туралы алдын-ала анықтаудың пассивті ролін ғана көрсетпейді. Сол сияқты *мақсаттық болжамдар* да жасалады. Ол мемлекеттің экономика алдына қойған мақсаттарын және оған жетудегі мүмкін боларлық жолдарын анықтайды.

Болжау жүйесінің болашағы төмендегілерден тұрады:

- елдегі және шет елдегі ықтимал оқиғалар салдарын болжау;
- жекелеген сфералар, экономика салалары, өндірістің нақты түрлері мен территориялық даму болжамы;
- демографиялық болжау;

- саясаттану болжамы;
- әлеуметтік болжау;
- ғылыми-техникалық болжау;
- сыртқы экономикалық байланыстар болжамы;
- экологиялық болжам.

Болжамдар жеке-жеке жасалғанымен, олар өзара тығыз байланысты. Болжамның көмегімен елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының жалпылама болжамы жасалады.

Болжау жоспарлаумен тығызы байланысты және жоспарлық есептерді жасаудың алғы шарттары болып табылады.

Болжау мен жоспар бір- бірін толықтырып, анықтап отыратын белгілі бір жоспарлау сатысы. Болжау мен жоспардың айырмашылығы, **жоспар** нақты түрде қабылданған шаруашылық саяси шешімдердің іске асқандығы болса, **болжау**- экономикалық шынайы да, айқын жолдарын іздеу болып табылады.

Жоспарлау – бұл елдің, өңірдің, салалардың, барлық меншік формасындағы кәсіпорындардың әлеуметтік-экономикалық даму болашағын анықтаудағы шаруашылық субъектілері мен мемлекеттің мақсатты бағытталған қызметі.

Жоспарлау түрлері: ұзақ мерзімді, орта мерзімді, ағымдағы. Ағымдағы жоспар жоспарлаудың нақтылық деңгейі, мүмкіншілік шегі мен жоспардың талдануына байланысты бөлінеді.

3. ҚР-ның рыноктік экономикаға өтуі мемлекеттік реттеу жүйесіндегі жоспарлау орны мен ролін қайта қарауды қажет етті.

Отыз жылдан астам уақыт бойы экономистер арасында жоспар мен рынок мәселелерінің сәйкес келуі жөніндегі көптеген даулар жүрді. Рынокті экономика шындыққа айналғанда жоспар мен рынок – бұл мүлде қарама-қарсы еместігі және олар экономикалық жүйенің өзара толықтырушы элементтері екені туралы түсінікке келді. Әлеуметтік-экономикалық дамуды ақша-несие, салықтық, кеден саясаты негізінде басқару теңестірілген жалпы мемлекеттік жоспарсыз мүмкін емес. Оны 1990 жылдың алғашқы жартысындағы реформалардың сәтсіздіктерінен көруге болады, ол кезде мемлекет көптеген ұйымдық-шаруашылық қызметтерден бас тартты.

Жоспарлаудың басты элементтеріне төмендегілер кіреді:

- қоғамдық қажеттілікті анықтау;
- қажеттіліктерді қанағаттандыруда мүмкін боларлық материалдық, еңбек және қаржылық ресурстарды табу;
- ресурстарды тиімді қолдану бағыттарын негіздеу;
- салалар арасындағы, өндіріс түрлері, елдің экономикалық аудандары арасындағы теңдей дамуды қамтамасыз ету;
- ресурстарды қолдану тиімділігін көтеру.

Мемлекеттік жоспарлаудың *директивті* және *индикативті* түрлері бар. Директивті жоспарлау - әкімшіл-әміршіл жүйеге, ал индикативті жоспарлау рыноктік экономикалық жүйеге тән. *Директивті жоспарлау* оны орындаушыларға жоспарлардың орындалуын бөлуде күштеп міндеттейді. Бұл жоспарлау түрінде жоспарлау тәртіптерін қатаң сақтау, шаруашылық

органдармен кәсіпорындардың жауапкершілігі қатаң талап етіледі. Директивті жоспарлау ортақ экономикалық орталықтан ресурстардың бөлінуі мен өндірісті бақылауды қамтамасыз етеді. Әрбір жеткізіп беруші тұтынушыны өзіне байлап қояды, ал әрбір тұтынушы өзіне шикізаттарды, жартылай фабрикаттарды кімнің жеткізіп беретінін біледі. Шаруашылық субъектілері нені, қалай, кімге және қандай бағада өндіретінін өздігінен шеше алмайды.

*Индикативті жоспарлау* – елдің заңдылығымен бекітілген ел территориялары және салалық бөлімшелері дамуы, елдің бүтіндей дамуы мен оның жағдайын сипаттайтын көрсеткіштер жүйесін қалыптастыру үдерісін білдіреді.

Әлеуметтік-экономикалық дамудың индикативті жоспарлау түрі төмендегілерден тұрады:

- макроэкономикалық болжамдық көрсеткіштер мен міндетті тапсырмалар жиынтығынан;
- жеке кәсіпкерлікті, үлкен, орта және біріккен кәсіпорындардың қызметін сипаттайтын экономиканың институционалды секторларының даму көрсеткіштері;
- экономика салаларының даму көрсеткіштері;
- өнеркәсіптік тораптар, территориялық-өнеркәсіптік кешендер, ҚР субъектілері, ірі экономикалық аудандар, сол сияқты аса маңызды деп есептелетін қалалардың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері.

Әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіші ретінде экономиканың тиімділігі мен құрылымы, өсу динамикасын сипаттайтын көрсеткіштер, ақша айналымы мен қаржы-несие жүйесінің жағдайы; тауарлар мен бағалы қағаздар рыногінің жағдайы; валюталық рынок; бағалар қозғалысы; жұмысбастылық; халықтың өмір деңгейі сияқты көрсеткіштер қолданылады. Көрсеткіштер жүйесінің өзара байланысы мен теңесуі мемлекеттік әсер ету шараларымен толықтырылады, яғни амортизациялық мөлшер, несиеге пайыз, салықтар, кедендік алымдар, лицензиялар мен квоталар, мемлекеттік тапсырыстар және тағы басқа арқылы.

Индикативті жоспарлау рынокті экономиканы қалыптастыруда негізгі әсер ету әдісі болып табылады. Индикативті жоспарлау тек рыноктік әдістер арқылы шешілетін әлеуметтік-экономикалық дамудағы қиын және мүмкін болмайтын көптеген сұрақтарды шешуді қамтамасыз етеді.

Бұл өңірлік органдар және олардың арасындағы, мемлекеттік басқару органдары арасындағы барлық басқару буынына өзара әсер ету формасы.

Индикативті жоспарлау мемлекеттік бағдарламаларды, экономикалық реттегіштерді, экономиканың қалыптасу болжамдарын әлеуметтік-экономикалық даму тұжырымдамалары құжаттарымен тұтастай байланыстырады.

Әлемде жоспарлауға деген қызығушылық пен көңіл бөлу 1930 жылдарында нығая бастады. Макродеңгейдегі алғашқы жоспарлар ақша-несие және қаржы-бюджеттік салаларды қамтып, қаржы министрлігі жасаған ұлттық бюджетте көрініс тапты.

Соғыс жылдарынан соң, индустриалды елдерде дамыған ұлттық жоспарлау жүйесі жасалды. Жоспарлау аясы тек бюджетті ғана қамтымай, материалдық өндірісті де қамтып кеңейе түсті. Жалпы мемлекеттік жоспарлауда фирма ішілік жоспарлау дами бастады.

Францияда жалпы мемлекеттік жоспарлау 1946 жылдан бастап жасалып келеді. Оны жасауда жоспарлау бойынша Басты комиссариат ұйымдастырады. Франциядағы бірінші мемлекеттік жоспар француздық жоспарлау жүйесінің негізін қалаушының есімімен байланысты «Монне жоспар» деп аталады.

Жапонияда соғыс жылдарынан соң экономиканы қайта қалпына келтіруді экономикалық жоспарлау бойынша үкіметтік кеңес қамтамасыз етті. Әлеуметтік-экономикалық дамудың он екі жалпы мемлекеттік жоспары жасалады. Ол жоспарда нақты даму уақытындағы ел алдында тұрған ең маңызды және кейінге қалдыруға болмайтын шешімдер қарастырылды. Рынокті экономика жағдайында абсолютті алға қойған мақсатқа жетуде, әсіресе әлеуметтік салаларда елеулі қиындықтар болды. Ол жалпы экономика дамуына оң әсерін бермеді.

Оңтүстік Кореяда мемлекеттік жоспарлау 1954 жылы БҰҰ-ның қатысуымен жасалған Натана деп аталатын жоспардан басталды. 1960 жылдың басында халықаралық даму Агенттігінің сарапшылары Оңтүстік Корея экономикасының дамуының ұзақ мерзімді бағдарламасын жасады. Ол бағдарлама халықаралық валюталық қор (ХВҚ) сипаттамасына сүйенді. Бағдарламада алдыңғы қатарлы өнеркәсіптік дамыған рыноктері бар елдермен байланыстарды нығайту; экономиканың эксперттік секторларын халықаралық еңбек бөлінісі жүйесіне қосу; инвестициялаудың басымдықтарын бәсекеге қабілетті салаларға тарту; ішкі тұтынуды аралас деңгейде ұстап тұру; өндіріске мемлекеттің бақылау орнатып отыруы көрсетілді.

Бағдарлама бес жылдық жоспарлардың орындалуын қарады. Жетінші бес жылдық жоспардың негізгі басым бағыттары: ҒТП ынталандыру, ғылыми сиымды салаларды дамыту, экспорттаушы өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін көтеру, экономиканың ашықтығы болып табылады.

Оңтүстік Кореяның мемлекеттік жоспарында ірі қаржылық-өнеркәсіптік топтарға қолдау көрсетуге аса көңіл бөлінеді. Қаржылық-өнеркәсіптік топтардың динамикалық өсуі, олардың сыртқы рынокке бағытталуы трансұлттық корпорацияларға айналуын қалыптастырды.

Қытай экономикасында мемлекеттік сектор рыноктік сектормен өте сәйкес келеді. Мемлекеттік секторда директивті жоспарлау сақталған, бірақ оның қаталдығы елеулі әлсіреген. Мемлекеттік емес секторларда жоспарлау мен рыноктік реттеулер қолданылды. Нәтижесінде екі секторлы экономика жоспармен рыноктердің бір-біріне икемделуі Қытайдағы рынокте тамаша экономикалық жетістіктерді және барлық көрсеткіштердің елеулі жақсарып, дамуын қамтамасыз етті.

Қытайдағы экономикалық жетістіктер, соңғы онжылдықтағы әлемдік маңызды оқиғалардың біріне айналды. Реформалау кезеңінде (1978-1997 жж) Қытайдың ЖІӨ-і 5,7 есе өсті немесе ол орта есеппен жыл сайын 9,6 % көрсеткішті құрады.

Соңғы уақытта экономикалық реформалардың латын-американдық тәжірибесіне қызығушылық өсіп отыр. Аргентиналықтар жүйесін дағдарыстан шығу үлгісі ретінде ұлттық валюталардың тұрақты беделді валютамен қатаң байланыс ұстауды және табиғи монополияны қоса есептегенде жаппай жекешелендіруді ұсынады. Егер Ресей қаржылық дағдарыстар кезінде осы

жолмен жүргенде, барлық арақатынастар қаралып, айлық, зейнетақы, төлемақыларға индекстеудің қажеті болмайтынын есептеулер көрсетті.

Ресейдегі шаруашылықты басқарудың жоғарғы тиімді механизмін қалыптастыруда әлеуметтік-экономикалық дамуды жоспарлау мен болжаудың отандық және әлемдік тәжірибелерін қолданудың оң әсері болды.

Рынок жағдайында бірде-бір шаруашылық субъект, кәсіпкер, азамат және мемлекет алдын-ала құрылған жоспарсыз және олардың сандарын болжаусыз қабылданатын іс-әрекеттердің дұрыстығын есептей алмайды. Осыған байланысты «Рынок жағдайындағы жоспарлау мен болжау» пәнін оқудың өте маңыздылығы мен қажеттілігі негізделеді.

### Семинар сұрақтары

1. Курс мазмұны, пәні, әдістері
2. Рынокті экономикадағы мемлекет
3. Макроэкономикалық реттеудегі болжау мен перспективаның жоспарлау ролі
4. Жоспарлау әдіснамаларының негізгі элементтері
5. Рынокті экономикасы дамыған елдердегі жоспарлау ерекшеліктері
6. Бұрынғы Кеңес Одағы елдеріндегі әлеуметтік-экономикалық дамудағы жоспарлау ролі

## **ТАҚЫРЫП 2. ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖОСПАРЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.**

- 1. Әлеуметтік-экономикалық дамуды перспективалық жоспарлаудың әдіснамалары мен ғылыми негізі, ролі**
- 2. Жоспарлар мен болжамдарды жасаудың ғылыми принциптері**

1. Шаруашылықтың қазіргі жағдайында макроэкономикалық жоспарлау қоғамдық өндірістің интеграция үдерістерімен байланысты ғылыми категория тұрғысында қарастырылуы маңызды. Қазіргі таңда жаңа жиынтық соңғы өнімнің ұдайы өндірісіне өту жағдайлары байқалып отыр. Осы тұрғыда макроэкономикалық жоспарлау объектісі барлығын егжей-тегжейлі ашып көрсетеді.

Макроэкономикалық жоспарлау – заңдылықтарын құруға негізделген қоғамдық ұдайы өндірісті қалыптастыру нәтижелері және оның дамуын ғылыми негіздеу мен ғылыми алдын-ала көре білу болып табылады. Макроэкономикалық жоспарлаудың ғылыми негізі – бұл әлеуметтік-экономикалық даму алдында тұрған шешім қабылдаулар жүйесінің мазмұнын анықтайтын, елдің өндіргіш күштерін орналастыру, әлеуметтік саясаты, экономикалық, техникалық және елдің сыртқы экономикалық байланыстарын жасауға қажетті қаржыларды анықтайтын жоспарлау теориясы.

Макроэкономикалық жоспарлау – күрделі көп сатылы үдеріс. Мұндай жоспарлауға мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму тұжырымдамаларын жатқызуға болады. Ол тұжырымдамада оның мақсаты мен басымдықтары, әлеуметтік, құрылымдық, инвестициялық саясаттың негізгі бағыттары көрсетіледі.

Жалпы мемлекеттік жоспарлау әлеуметтік-экономикалық жүйенің дамуының негізгі бағыттарын анықтайды, сонымен бірге ұзақ мерзімді мақсаттарға жетуге қажетті нақты міндеттер мен іс-шараларды орнатады. Жоспарлау – басқару жүйесінің жетекші элементі, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатын жасаудағы негізгі құрал.

Макроэкономикалық жоспарлау үдерісіне ықпалын тигізетін негізгі факторлар:

1. Ел ресурстарының үлесін ұлғайту;
2. Өндіріс интеграциясы, адамдар мен кәсіпорындарды ұйымдастыру деңгейінің өсуі;
3. Ақпараттар сапасын көтеру, ғаламдық ақпараттық желілер мен электронды-есептеуіш техникаларын қолдану негізінде экономикалық теорияны жылдамдата дамыту;
4. Бұқара топтары арасында ынтымақтастықты нығайту, әлеуметтік келісімге келу;
5. Басқарушылар ортасында экономикаға мемлекеттің белсенді әсер етуінің қажеттілігін түсіну;

6. Әлемдік рынокте тауарлар қозғалысын, өнеркәсіпті қайта құруда ірі ауқымды инвестициялық жобаларды жасау үдерісінде мемлекетпен тікелей бірлесе, тығыз байланыста жұмыс жасау.

Әлеуметтік-экономикалық жоспарлау мәні даму басымдықтары мен нақты мүмкін боларлық мақсаттарын негіздеу, жасалған жоспарлардың қаржылық, еңбек, материалдық мүмкіндіктерін табу.

Рыноктік қатынастар қалыптасуы жағдайындағы мемлекеттік жоспарлау объектілері қоғамдық мәні бар және құрылымдық анықтаушы орталар, салалар, өңірлер болып табылады.

Макроэкономикалық жоспарлау мен микроэкономикалық жоспарлаудың басты ерекшеліктері:

1. Микродеңгейде - әрекет етуші тұлға жеке меншік иесі болып табылатын жалғыз иеленуші;

2. Ал макродеңгейде әрекет етуші тұлға – ассоцияланған меншік иесі.

Бұл жерден рыноктік экономика жағдайындағы макроэкономикалық жоспарлау жалпы мақсатқа жетудегі барлық шаруашылық субъектілеріне, қоғамның барлық жағынан әлеуметтік-экономикалық дамуына қажетті шаруашылық климатты жасау қажеттігін көруге болады. Сонымен бірге ұлттың экономикасының теңдей өсуін қамтамасыз ету болып табылады. Негізгі мақсаттық қызметі ұзақ мерзімді ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Макроэкономикалық жоспарлау объектісі ұдайы өндірісті кеңейту, ал субъектісі ассоцияланған макроэкономикалық меншік иесі болып табылады.

Макроэкономикалық жоспарлаудың стратегиялық мақсаты – динамикалық экономикалық өсу, ұлттық экономиканың теңестірілген және тұрақты дамуын қамтамасыз ету.

Жоспарлар саяси сипатқа ие және үкіметтің саясатына сәйкес болу керек, яғни әлеуметтік-экономикалық жүйе дамуы негізінде тек экономикалық критерилерді таңдау ғана болмайды.

Макроэкономикалық жоспарлау үдерісінде келесі негізгі мәселелер шешіледі:

- қоғамдық қажеттіліктерді анықтау;

- ол қажеттіліктерді қанағаттандырудағы мүмкін боларлық материалдық, еңбек және қаржылық ресурстарды табу;

- ағымдағы және болашақтағы қажеттіліктерге сәйкес ресурстарды тиімді қолдану бағыттарын негіздеу;

- халық шаруашылығының жекелеген салалары арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ету;

- экономикалық қызметтің мүмкін боларлық максималді нәтижелеріне жету үшін барлық ресурс түрлерінің тиімділігін көтеру.

Рыноктік экономикадағы макроэкономикалық жоспарлау төменгі түрде беріледі:

- мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық бағдарламалар;

- бюджеттік жоспарлау;

- мақсаттық кешенді бағдарламалар;

- мемлекеттік тапсырыстар;

- экономиканың мемлекеттік секторын дамытуды жоспарлау.

Индикативті жоспарлаудың басты мәні мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың әдістері мен бағыттарын, міндеті мен мақсатын негіздеуден және басқару өзара іс-әрекетін ұйымдастыру болып табылады.

Индикативті жоспарлауды қазіргі ақпараттық технологиямен біріктіре қолдану макроэкономика және микроэкономика деңгейін тиімді басқаруға мүмкіндік береді.

Әлемдік тәжірибеде индикативті жоспарлаудың әдістемелік және теориялық жағдайлары талқыға түсіп отырған және толық жетіле жасалмаған күйінде қалып отыр.

Индикативті жоспарлау жүйесінің орталық түсінігі сол немесе басқа үдерістердің сапалық сипаттамасын сандық анықтаушы интегралды көрсеткіші болып табылады.

Көрсеткіш (индикатор) – ұйымдастыру механизмін, технологиялық байланыстарды, материалдық және қаржылық ағымдарды қосатын көрсеткіштер.

Көрсеткіштен индикаторлардың айырмашылығы индикатор векторлық сипатқа бағытталған. Индикатор түсінігін қолдану және анықтау ерекше орын алады, ол басқару объектісінің дағдарыстық жағдайының жақындауы және объектінің даму стратегиясын өзгерту қажеттілігін білдіреді және төменгі реттегіштерді қосады:

- «қауіп-қатер» индикаторы;
- «экстремальді жағдай» индикаторы;
- «тақырға отыру» индикаторы және т.б.

2. Көптеген елде жасалған индикативті жоспар болжамдық жоспарлар болып табылады.

Жоспарлар мен болжамдарды жасауда белгілі ғылыми принциптерді басшылыққа алу қажет.

Рынокті экономика жағдайында жалпы мемлекеттік жоспар кәсіпорынның әрбір қадамын анықтап отыратын әкімшілік құжат болудан қалды. Оның кәсіпорын және еңбек ұжымдарын қабылдау шешімдеріне әсері индикативті сипатты қамтыды. Осыған байланысты бұрынғы директивті жоспарда қолданылатын принциптер индикативті принциптермен орын ауыстырады. Бұл жалпы мемлекеттік жоспар бағыттамалық, сілтемелік сипатқа ие екенін білдіреді. Шаруашылық субъектілері өз қызметтерінің бағыттары мен әдістерін, оның нәтижелерін таңдау құқына ие. Сондықтан реттеуші органдардың дайындаған болжамдар түріндегі, стратегиялық жоспарлар мен бағдарламалар түріндегі шешімдер жобасы біріншіден, шаруашылық субъектілердің ниеттері жөніндегі ақпараттармен толықтырылуы, екіншіден, қоғам бағыттары үшін қажетті әсерлерді қамту керек.

Жоспарлаудың маңызды принципі – жоспар есептері мен тапсырмаларының нақтылығы мен ғылыми дәлелділігі. Олар объективті экономикалық заңдар талаптары, ғылымның жаңа жетістіктерін, алдыңғы қатарлы техника мен технологияларды, өндірісті ұйымдастыру мен басқаруды ескеру негізінде жүзеге асады.



Жоспарлаудың екінші маңызды принципі – жоспар көрсеткіштерінің бір - біріне байланыстылығы, көрсеткіштерінің бір-бірімен теңесуі, пропорционалдылығы. Бұл принциптердің маңызы әлеуметтік-экономикалық үдерістерді реттеуде белгілі арақатынас шегінде жүргізу (яғни, жалпы экономикалық, салалық, территориялық), ауылшаруашылық және өнеркәсіптік өнімдер бағасы арасындағы, сұраным мен ұсыным арасындағы, тұтыну мен қор жинау арасындағы өзара байланыстарын орнату. Жоспардың сандық және сапалық, аналитикалық және синтетикалық сипаттары, табиғи және құндық көрсеткіштері бойынша барлық бөлімдерінің үйлесуі – барлық жоспарлаушы органдар мен экономист – жоспарлаушылардың маңызды қызметтерінің бірі болып табылады.

Жоспарлаудың үшінші принципі шаруашылық субъектілері мен қоғамның, мемлекеттің мүдделерінің бір-біріне сәйкес келуі. Бұл принциптің әрекет етуші құралы ретінде мемлекет пен анықталған мақсаттық және ұлттық бағдарламалар қолданылады.

Жоспарлаудың келесі принципі алға қойған міндеттерді шешуге қажетті жалпы іс-шаралар жүйесінің негізгілерін бөліп көрсету. Бұл бағдарламаларды және т.б. жоспарлық шешімдерді жасауда жүйелік таңдау негізінде маңызды, басым бағыттарды негізге алу қажет.

Жоспарлауда үздіксіздік принципі де өте маңызды деп есептеледі, яғни кезекті кезеңдегі жоспарлардың алдын-ала жасау қажеттігі үшін. Мұнда оперативті және ағымдағы жоспарлардың экономика дамуындағы перспективалық жоспарлармен, стратегиялық міндеттермен сәйкес келуі өте маңызды.

Жоспарларды жасау мен оның орындалуын күнделікті тексеру бірлігі принципі өз уақытында қажетті түзетулер мен нақтылауды жүргізуге, экономиканың көтерілуіндегі сәйкессіздіктерді жоюға мүмкіндік береді.

Жоғарыда аталған жоспарлау мен болжаудың маңызды принциптерінің үлкен теориялық және тәжірибелік мәні бар және басқарудың барлық деңгейіндегі шаруашылықтың даму жоспарларының орындалуын қамтамасыз етуі мен ұйымдастыруының бастамасы болып есептеледі.

Болжау мен жоспарлау тиімділігін, мақсаттылығын, ғылыми дәлелдігін қамтамасыз етуде оларды жасаудағы қолданылатын әдістер жүйесі үлкен роль атқарады.

Қазіргі таңда оқымыстылардың бағалауы бойынша болжау мен жоспарлаудың 150-ден аса әдістері бар. Дегенмен олардың нәтижесінде 15-20 түрі ғана қолданылады.

### Семинар сұрақтары

1. Экономикалық болжау мәні мен ұйымдық-әдіснамалық негіздері
2. Стратегиялық жоспарлаудың ғылыми-тұжырымдамалық негіздері
3. Макроэкономикалық жоспарлауды қалай түсінуге болады? Мемлекеттік жоспарлаудың объектілері мен субъектілерін анықта

4. Макроэкономикалық жоспарлау үдерісінде қандай негізгі мәселелер шешіледі?
5. Шет елдердегі мемлекеттік жоспарлау тәжірибелері
6. Жоспарлаудың салалық және өңірлік объектілері
7. Жоспарлаудың негізгі принциптерінің мәні

### **ТАҚЫРЫП 3. БОЛЖАУ ТАРИХЫНЫҢ ТАРИХИ АСПЕКТІСІ**

#### **1. Болжаудың пайда болуы**

#### **2. КСРО кезіндегі болжау және жоспарлау**

#### **3. Рынокті экономикадағы мемлекет**

1. Қазіргі таңда болжауға деген қажеттіліктің үздіксіз артып отырғандығын көруге болады. Шешім қабылдау мақсатында ғылыми теорияның алдын- ала көре білуі қызметінің құндылығы көріне бастады. Болжамдық зерттеу сапасының өзектілігі көтерілуде. Бұл болжаудағы пайда болған негізгі мәселелерді өңдеу мен тереңірек оқуды талап етеді. Бұл мәселелерді белгілі шарада шешу әлемдік әдістерді оқу мен қолдануды қалыптастыруды қажет етеді. Барлық экономикалық құбылыстар даму барысында айқындалады. Сондықтан, болжау дамуының тарихи аспектісін, оның объективті тамырлары мен нақты жағдайлардағы құрылуының қалыптасуын білу маңызды. Болжау мен жоспарлау социализмнің ерекше атрибуты болып есептеледі. Тарих болжаудың бірнеше жыл бұрын пайда болғандығын растайды. Ерте кезде феодалдар өздерінің тарихын болжап отырған. Болжау жоспарлауды жетілдірудің негізі болды, сол жоспар негізінде капиталист фирманың өндірісін басқарып отырды.

Жоспар ірі немесе ұсақ шаруашылықтағы экономикалық іс-шаралар жүйесі және ол еңбек бөлінісінің пайда болуымен байланысты. Себебі, қоғамдық еңбек бөлінісінде тепе-теңдікті құру, арақатынасты ұстап тұруда жоспарлаудың мәні зор. Жоспарлылық қоғамдық категория ретінде қоғамдық- мемлекеттік, жергілікті меншік шараларында да қажет болады.

2. Макродеңгейдегі жоспарлау Ресейде, содан соң КСРО-да пайда болды. Елдің шаруашылық басқару жоспарын ұйымдастыру мақсатында 1917 жылы Халық шаруашылығының жоғарғы кеңесі (Высший Совет Народного Хозяйства (ВСНХ),) құрылды. 1918 жылы барлық экономикалық жағдайды басқаратын облыстық, губерниялық және уездік кеңестер ұйымдастырылды. 1920 жылы (ақпан) Ресейді электрификациялаудың мемлекеттік комиссиясы құрылды. 1921 жылы соның негізінде жалпы мемлекеттік жоспар (Гос план) ұйымдастырылды. Осыған сәйкес ең бірінші ұзақ мерзімді жоспар- Ресейді электрификациялаудың Мемлекеттік жоспары (Государственный план электрификации России) болды. Бұл жоспарда елдің бүтіндей және аудандар бойынша экономикалық жағдайына талдау жасалып, 10 жылға электрлендіру жайлы стратегиясы ұсынылды. РЭЛМЖ жоспары электростанция құрылысы мен экономиканың негізгі салаларын қамтиды. Бастапқы кезде бұл жоспар аймақтарға бөлінуді ұсынып, ел территориясын 8 экономикалық аудандарға бөлді. Аудан мүмкіндіктеріне байланысты олардың әрі қарай шаруашылық даму жоспары жасалды. Экономикалық аудандардың дамуы өнеркәсіп кәсіпорындарын реконструкциялау жолымен жүргізілді. РЭЛМЖ жоспарының өте көлемді әдістемелік мәні болды, яғни ол алғашқы ғылыми перспективалық жоспарлау әдісі. 1931 жылы әкімшілік-әміршіл жүйеде жылдық жоспарлау қатаң түрде орындалып, директивтік сипат

алды. Оларды жасаудың негізгі әдісі- баланстық түрде болды. Осыдан кейін біртіндеп жоспарлау объектілері кеңейе түсті.

1928 жылдан бастап КСРО ұзақ жылдық жоспарлаудан бес жылдық жоспарларды жасап өңдей бастады.

Ресурстардың шектеулілігі қоғамдағы белгілі бір уақыттағы тиімді варианттарды қолдануды, тиімді технологияны қолдануды қажет етті. Сөйтіп КСРО– тиімді жоспарлау теориясының отанына айналды.

Жоспарлауды жетілдірудің маңызды кезеңі 1968 жылдардағы реформа болып табылады. Бұл кезеңде елде материалдық ынталандыру мен қоғамдық өндіріс тиімділігін көтеру базасын нығайтуда тауар- ақша қатынастарын кеңейту қаралды. Алғашқы орынға табыс табу көзі қойылды. Баға арқылы өндірістің жоғары сапалылығын арттыруға ынталандырулар, төмен сападағы тауарларға бағасын төмендетулер жасалды, нәтижесінде елде маңызды, елеулі табыстарға қол жеткізді.

Жоспарлаудың келесі кезеңі 1979 жылы қабылданған КПСС-тің Орталық Комитеті мен СССР министрлер Кеңесінің «Жоспарлауды жақсарту және шаруашылық механизмін нығайтуға жұмыс сапасын және өндіріс тиімділігін көтеру әсері» туралы қаулысымен байланысты болды. Онда бес жылдық жоспар ролінің нығайтын және оның нормалары мен нормативтерін кеңінен қолданып, қалыптастыру қарастырылған болатын. Бірақ бұл қаулы тәжірибе жүзінде іске асырылған жоқ, себебі 1980 жылдық соңында экономиканы басқаруда түпкілікті қайта құрулар қажеттілігі көріне бастады. Сөйтіп 1987 жылы «Экономиканы басқаруды қайта өзгерту» туралы құжаттар жинағы қабылданды. Бұл құжаттарды жоспарлаудың ғылыми негізін көтеру шаралары, жоспарлау ұйымдарының жұмысын нығайту, әкімшілік әдістен экономикалық әдіске көшу, кәсіпорындардың шаруашылық есеп пен өзін-өзі қаржыландыру жағдайларын қамтамасыз ету шаралары қаралды.

Болжау мен жоспарлауды жетілдірудің келесі кезеңі (90 жылдан бастап) нарыққа өту жағдайы мен КСРО-ның құлауымен байланысты. ТМД елдері рыноктік қатынастар жағдайында әлеуметтік және экономикалық дамуды жоспарлаудың жаңа тәсілдерін іздей бастады.

**3. Қазақстандағы рыноктік қатынастарды қалыптастырудағы экономикалық реформаларды жүргізудің басты мақсаты экономика тиімділігін көтеру, халықтың жоғарғы игіліктерге қол жеткізу болып табылады.**

Бірақ, рыноктік экономикаға өту жолы елде ұзақ экономикалық дағдарыстарды әкелді.

Реформаның сәтсіздіктері оппозициялардың қарсылығымен, халықтың дайын еместігінен, батыстық менеджментті қолданбау және тағы басқа жағдайлардан туындады. Рынокті экономикаға өту жағдайлары экономикалық өсуге жеткіліксіз алғышарттар болды, ол ел экономикасын мемлекеттік реттеу жүйесінде жоспарлау орны мен ролін қайта ойластырып жасауды қажет етті.

Қоғамдық өндіріс экономикалық жүйе шеңберінде қалыптасады, оның негізгі элементтері болып, әлеуметтік-экономикалық қатынастар, қызметтің ұйымдық формалары, шаруашылық субъектілері табылады.

Экономикалық жүйе – қоғамда әрекет ететін шаруашылықтың ұйымдық формасы мен меншік формасы негізінде жүзеге асатын барлық әлеуметтік-экономикалық үдерістерінің жиынтығын білдіреді.

Әлемде өндіріс тәсілі мен қызмет нәтижесі арқылы ажыратылатын көптеген экономикалық жүйе типтері бар. Оның ішінде ең жақсы дамығаны тауарды айырбас және сатуға арналған өндіріспен сипатталатын рыноктік экономика.

Рынок бірнеше мың жылдаған жыл бұрын пайда болып, ол өз дамуында адам өркениеті жетістіктері бола отырып, өте қиын жолдардан өтті. XX ғ-ғы рыноктік жүйе жеке меншікке негізделген, еркін бәсеке, кәсіпорын шеңберіндегі өндірісте ортақтастыру, азаматтардың әлеуметтік қорғалмауы жағдайында қалыптасты.

ҒТР нәтижесінде өндірілген күштер қарқынды даму алды. Әсіресе өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым тез дами бастады. Осыған байланысты экономикалық жүйеде өндірістік қызметтің ұйымдық формасы мен шаруашылық механизмі сияқты элементтері елеулі өзгеріске түсті. Ұлттық экономиканың дамуына мемлекет белсенді әсер ете бастады. Басты белгілері төмендегілер болып табылатын қазіргі рыноктік жүйе бекітілді:

- жеке (ұжымдық және жеке) және мемлекеттік меншік негізіндегі өндіріс;
- шаруашылықтардың маңызды бөлігін ұлттық және халықаралық ауқымда ортақтастыру;
- экономиканы рыноктік реттеуде мемлекеттің белсенді араласуын байланыстыру;
- әлеуметтік сақтандыру мен қамтамасыз етуде мемлекеттік және жеке қорлардың болуы.

Қазіргі экономикалық жүйелердің басты белгісі ұлттық экономиканың дамуына мемлекеттің белсенді әсері болып табылады. Бүгінгі күні мемлекетсіз реттелетін рынок әлемде мүлде жоқ. Мемлекеттік реттеудің басты тетігі әлеуметтік-экономикалық дамуды жоспарлау мен болжау болып табылады.

### Семинар сұрақтары

1. Экономикалық болжау пәні нені оқытады.
2. Рынокті экономикада болжаудың қажеттілігі.
3. Әлеуметтік- экономикалық болжау формалары, қызметтері.
4. Болжау мен жоспарлаудың даму кезеңдері

## ТАҚЫРЫП 4. ЭКОНОМИКАЛЫҚ БОЛЖАУ ӘДІСТЕРІНІҢ ЖҮЙЕСІ

1. Болжау мен жоспарлауды жіктеу
2. Болжау мен жоспарлаудың негізгі әдістері
3. Болжау принциптері
4. Болжамдық және жоспарлық есептеу әдістері

1. Болжау әдістері дегеніміз - өткенді шөла отырып, объектілердің сыртқы және ішкі байланыстарын таңдау негізіндегі ойлау әдістерінің жиынтығы, сонымен қатар, оларды қарастырудағы құбылыстардың белгілі бір келешектегі объектілерінің өзгермелілігін анықтайды.

Қазіргі таңда болжаудың 150- ден аса әдістері мен тәсілдері бар. Жүргізілген зерттеу деңгейлері мен қолдану мақсаттарына байланысты бөлінеді. Болжау әдістерін таңдау ақпарат көздеріне, объект сипаттамасы мен талаптарына сәйкес жүзеге асады.

Болжау мақсатына, мәселесіне, объектісіне, уақытына, ұйымдастыру әдістеріне, ақпараттық көздеріне байланысты бөлінеді. Осындай әр түрлі белгілеріне байланысты болжауды бірыңғай жіктеуде қиындықтар туғызады.

1. Болжау масштабы бойынша: макроэкономикалық (халықшаруашылық) және құрылымдық (салааралық және өңіраралық) болжаулар деп бөлінеді.

Болжау объектісіне байланысты жіктеу: ғылыми-техникалық, экономикалық, әлеуметтік, әскери- саяси, т.б.

Экономикалық болжау *объект масштабына* байланысты:

- Глобальді- әлемдік масштаб төңірегіндегі жалпы тенденциялар мен заңдылықтарды қарастырады;
- Макроэкономикалық- елдің экономикасын бүтіндей алып қарастырады;
- Құрылымдық- (салааралық, аймақаралық), материалдық өндірістер мен өнеркәсіптік салалар бөлігіндегі халық шаруашылығының дамуын қарастырады;
- Аймақтық- жекелеген аймақтардың дамуы;
- Халық шаруашылық кешендерінің дамуы- жалпы бір мақсатқа біріккен шикізат көздерін өңдеу салаларының дамуының заңдылықтарын қарастырады;
- Салалық- салалар дамуын болжайды;
- Микроэкономикалық- жекелеген кәсіпорындар, өндірістердің дамуы.

*Уақыт бойынша болжау*- болжау периодының ұзақтығы болжау объектісінің ерекшелігіне, көрсеткіштеріне, тенденциялар мен заңдылықтардың өзгерістеріне, ұзақтығына байланысты. Уақыт бойынша болжау түрлері: оперативті, қысқа, орта, ұзақ мерзімді, өте ұзақ мерзімді.

Оперативті болжау бір айға дейінгі мерзімге, қысқа мерзімді – 1 жылдан 5 жылға дейін, орта мерзімді – 1 жылдан 5 жылға дейін, ұзақ мерзімді 5 жылдан жоғары мерзім аралығына жасалады. Оперативті болжау - болжау уақытындағы зерттеліп отырған объектінің сандық және сапалық өзгерістері болатыны немесе

болмайтыны туралы ұсыныстарға негізделген. Онда күтілетін оқиғалардың сандық бағалауы егжей-тегжейімен беріледі.

Қысқа мерзімді болжауда тек сандық өзгерістер қамтылады. Қысқа мерзімді болжау мерзімінде әлеуметтік-экономикалық дамудың мынадай бөлімдерін қосады:

- Әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштері;
- Әлеуметтік даму;
- Ғылымның дамуы;
- Мақсатты бюджеттік қорлар және бюджеттен тыс қорларды жұмсау, қалыптастыру;
- Жекешелендіру;
- Төлем балансы;
- Қор рыногінің дамуы;
- Тұтыну және өндіріс динамикасы.

Орта мерзімді болжау- бұл кезеңде мемлекет саясатының әлеуметтік-экономикалық басымдықтары, экономика жағдайы, стратегиялық мақсаты анықталады. Орта және ұзақ мерзімді болжаулар зерттеліп отырған объектідегі сандық және сапалық өзгерістерге сүйене отырып жасалады.

Орта мерзімді болжауда оқиғалар бағалауы сандық – сапалық, ал ұзақ мерзімді де сапалық-сандық түрінде беріледі.

Ұзақ мерзімді болжау- бұл мерзімдегі болжау негізіне ғылым мен техниканың дамуы, өте күрделі қымбат жобалар жасауға арналады.

Өте ұзақ мерзімді болжау- 50 жыл және одан да көп жылдарға жасалады.

Объектілердің зерттелу сипаты бойынша болжаудың бөлінуі әртүрлі ұдайы өндірістік үдерістер жағдайларымен байланысты. Осы белгісі бойынша халықшаруашылықтық болжауды келесі түрде бөліп көрсетуге болады: өндірістік күштер мен өндірістік қатынастар дамуы; әлеуметтік-экономикалық алғышарттар мен ҒТП зардаптары; халықшаруашылығының өсу қарқыны, құрылымы мен факторлары, еңбек ресурстарының ұдайы өндірісі; табиғат ресурстарын экономикалық қолдану, капиталдық салымдар мен негізгі қорлардың ұдайы өндірісі; халықтың өмір сүру деңгейі, қаржылық қатынастар, табыстар мен бағалар, сыртқы экономикалық байланыстар.

Экономикалық болжаулар бүтіндей, сол сияқты болжаудың басқа да түрлерімен бірге жүзеге асады: әлеуметтік, саяси, демографиялық, ғылыми-техникалық, табиғи ресурстарды болжаумен байланысты. Бұл болжаулардың нәтижесі экономикалық болжаудың, халықшаруашылықтық және басқа да типтерінде ескеріледі. Экономикалық болжау – барлық басқа да қоғамдық үдерістерінің дамуын жоспарлаумен болжаудан тұрады. Әр түрлі болжауларға байланысы болжау түрі мен жасалу кезектілігін анықтайды. Сонымен, экономикалық болжау ҒТП-ті болжау, табиғи ресурстарды, демографиялық үдерістерді болжаудан соң жасалады.

Функциональды белгісі бойынша болжаудың екі типі бар: ізденушілік және нормативтік.

Бірінші – ізденушілік болжау оқиғаның дамуын бағалау себептік-салдарлық байланысын құру, олардың өзгерістері мен орындалу кезектілігі негізінен тұрады, яғни осы жақтан болашақ бағыттағы байланыстар мен кезектілікті ескеру, оқу арқылы жасалады, яғни болжау объектісінің мүмкін боларлық болашақ жағдайының дамуы. Мысалы, болжау объектісінің өткені мен қазіргі даму процестері негізінде болашақтағы даму туралы болжау жасалады, яғни қазіргі шақтан болжау горизонтына дейінгі даму процестерінің суреті жасалады.

Екінші тәсіл – нормативті, мұның біріншісінен айырмашылығы бірінші кезекте мақсаты айқындалады. Үдерістер болашақтан қазіргі шаққа қарай: алға қойған мөлшерлі нәтижеге жету үшін қандай қозғалыстар, өзгерістер болуы мүмкін және ол үшін қандай шешім қабылдау қажет екені қаралады, яғни - болжау объектісінің соңғы нәтижесіне жету жолдарын, мерзімдерін көрсетуге бағытталды. Мысалы, жанұяны пәтермен қамтамасыз ету мәселесі бойынша, жанұя мүшелерінің санына байланысты бөлмелер санының сәйкес келуі жағдайларын анықтау.

Ізденушілік болжау зерттелетін объектінің өткені мен болашағының даму бағыттарының шартты ұсыныстарына негізделген және оның бағыттарының өзгеруіне себепкер жоспарлар, бағдарламалар болып табылады.

Оның міндеті – зерттелетін объектінің ағымдағы бағыттарын сақтауда қалай дамытатынын түсіндіру.


Нормативті болжаудың айырмашылығы алдын-ала құрылған мақсаты негізінде жүзеге асырылады. Оның міндеті – мақсаты ретінде қабылданған және объектіні болжаудың мүмкін боларлық жетістікке жету мерзімі мен жолдарын анықтау. Болжаудың екі типі де тәжірибеде бір мезгілде, біріккен түрде болжау тәсілдері, бағыттары ретінде қолданылады.

Болжауды жүзеге асыру жағдайында шешім қабылдаумен байланысты болжаулардың өзара әрекеті де әсер етеді. Шешімдер ереже бойынша болжаудың мәліметтері негізінде қолданылады. Өз кезегінде қабылданған шешімдер болжауды орындау нәтижелеріне әсер етеді.

«Жүйе» термині грек сөзінен енген, бөліктерден немесе құрамалардан құралған бүтіндей деген ұғымды білдіреді. Жоспарлау жүйесі қоғамның экономикалық заңдарының талаптары арқылы жасалатын ұйымдастырылған формалар мен әдістер жиынтығы. Ол өзіне әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің барлық деңгейінің ағымдағы және болашақтағы жоспарларының уақыт бойынша бір-біріне байланысы. Бұл жоспарлардың міндеті оларды жасаудағы көрсеткіштер, әдістерінің өзара келісілгендігінде. Рынокті экономика жағдайында жоспарлау жүйесіне өзара байланысқан бағыттар кіреді. Бірінші – бұл тауар өндірушілердің бейімделуіне бағытталған ғылыми болжамдар, бағдарламалар және т.б. жоспарлық құжаттардан тұратын өңірлік және республикалық деңгейдегі индикативті жоспарлау. Индикативті жоспарлар мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттары мен мақсаттарынан, сол мақсатқа сай көрсеткіштер жүйесінен тұрады. Екінші – тұтынушылар мүддесіне сай тауарлар мен қызметтер өндіретін шаруашылық субъектілерінің қызмет етуін көрсететін, мақсаттық бағытталған қызметін ұйымдастыру қызметін, көрсеткіштерін орындайтын мемлекеттік бағдарламаларды, болжамдарды есепке



ала отырып жасалатын бизнесті шаруашылық (фирмаішілік) жоспарлау. (Сурет - 1).



Сурет – 1. Болжау мен жоспарлау жүйесі

Макродеңгейдегі халықшаруашылық немесе әлеуметтік- экономикалық жоспарлар анықтауы тиіс:

- болашақты 20-25 жас бұрын қол жетерлік шекті ғылыми алдын-ала болжау;
- ҒТП-тің кешенді бағдарламаларын болжамдық бағалауды қамтыған өндірістің мақсаттық бағыты, оларды жасаудағы әлеуметтік-экономикалық салдары, ғылымның негізгі бағыттары мен тұжырымдамаларын, республиканың ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық даму болашағын;
- өндірістің 5, 10, 15 жылдарындағы сыртқы экономикалық және инвестициялық саясатын, технологиялық және құрылымдық қайта құруын жүзеге асырудағы басым бағыттарын таңдау;

- ағымдағы уақытта (1, 3, 5 жылдық) өндірістік, ғылыми-техникалық, инвестициялық және интеллектуальдық әлеуетті тиімді қолдану;

Рынокті экономика жағдайында макродеңгейдегі жоспарлау кепілдемелік сипатқа ие. Мемлекет экономиканы реттеу мақсатында макроэкономикалық көрсеткіштер түріндегі индикаторлар жиынтығын таңдайды. Мұндай экономикалық реттеуіштер (жеңілдіктер, лицензиялау, квота беру, бюджеттік субсидия мен дотациялар т.б.) индикативтік жоспар мақсаты етіп қойылған жетістіктерге бағытталуы және өзара байланысуы тиіс.

Кәсіпорын (микродеңгей) өз қызметін өздігінен жоспарлайды және өндіріп отырған өніміне байланысты даму болашағын өзі анықтайды. Жоспарлар негізінде келісім-шарттар құрылады (мемлекетпен, материалдық-техникалық ресурстарды жеткізіп берушілермен, тұтынушылармен).

Теория мен іс-жүзінде мазмұны, орындалу мерзімі және т.б. белгілері бойынша жоспарлардың бірнеше түрі ажыратылады:

1. Экономикалық саясат және кәсіпкерлік қызмет маңызы бойынша:
  - стратегиялық жоспарлау, ұзақ мерзімді мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатын жасау әдістеріне негізделеді. Ол жаңа мүмкіндіктерді іздеуді ұсынады;
  - тактикалық жоспарлау, рынок конъюктурасы өзгерісін анықтайтын қысқа мерзімді міндеттер шешіледі, онда анықталған мүмкіндіктер үшін алғы шарттар жасайды;
  - оперативті жоспарлау, өте қысқа мерзімдегі мүмкіндіктерді жасайды (жыл, маусым, ай, он күндік бойынша).
2. Қамту деңгейі бойынша:
  - кешенді, халықшаруашылықтық жоспарлау;
  - жартылай жоспарлау (белгілі облыстар мен шамалар, территория өңірлік);
  - кәсіпорын (фирма) деңгейіндегі жоспарлау.
3. Орындалу мерзімі бойынша:
  - қысқа мерзімді (оперативті) жоспарлау (жарты жыл, квартал, маусым, ай, апта);
  - орта мерзімді (тактикалық) жоспарлау (1-5 жылға дейін);
  - ұзақ мерзімді (стратегиялық) жоспарлау (5 жылдан жоғары).
4. Жоспарлау тереңдігі бойынша:
  - ғаламдық;
  - нұсқалы (пішінді);
  - шектелген;
  - талданған.
5. Жоспарлаудың қызмет ету ортасы бойынша:
  - өндірісті;
  - тұлғаларды;
  - қаржыларды;
  - инновациялық;
  - дайындау және өткізу.
6. Берілгендердің өзгеру есебі бойынша:
  - қатаң (жоспарды орындау барысында көрсеткіштердің өзгеріссіз қалуы);

- икемді (өзгеру жағдайларына байланысты көрсеткіштерді кезеңдеп дұрыстап отыру).

7. Уақыт кезектілігінің алмасуы бойынша:

- ретке келтірілген ағымдағы уақыт мерзімінің жаңа жоспарлары;
- құбылмалы (уақыт мерзімінің аяқталуында әрі қарай ұзартылуы);
- кезектен тыс жоспарлау.

8. Бейімделу уақыты бойынша:

- реактивті (тек өткен шаққа бағытталған);
- инактивті (тек осы шаққа бейімделетін);
- преактивті (тек болашақтағыларға бағытталған);
- интерактивті (жоспарлаудың барлық ең жақсы идеяларының өзара әрекеттесуіне бағытталған).

9. Жоспарлау әдісі бойынша:

- «төменнен жоғарыға қарай» (үдемелі әдіс);
- «жоғарыдан төмен қарай» (кертартпа әдісі);
- дөңгелек әдіс (карама-қарсы жоспарлау).

Жоспарлау жүйесі сондай-ақ мақсат міндеттеріне байланысты болжауды ұйымдастыру әдістері мен әр түрлі формалардан тұрады.

**2. Әдістеме-** бұл шындықты жасау және танып білу мақсатындағы зерттеу тәсілдерінің жиынтығы.

Болжау әдістемесінің негізін қоғамдық өнімді ұдайы өндірудің экономикалық заңдылықтарының ерекшеліктері құрайды. Бұл орайда әлеуметтік және шаруашылық процестерді болжау және мақсаттық жоспарлау ең маңызды орын алады.

Мемлекеттік болжау бірнеше этаптардан өтеді:

1. Экономиканы қалыптастыруда сценарий шарттарын жасау;
2. Аймақтық және салалық болжауды жасауда әдістемелік материалдарды жасау;
3. Салалық және аймақтардың негізгі көрсеткіштері бойынша қосымша алдын-ала болжамдар;
4. Мемлекеттік тапсырыс берушілер қажеттілігі үшін қаржыландыру қорларын анықтау:
  - мақсаттық бағдарламалар;
  - мемлекеттік көрсеткіштер үшін өнімдерді жеткізу;
  - аймақтар мен салалар экономикасын қолдау;
5. Дамудың негізгі бағыттары бойынша аймақтық бюджет, төлем балансы болжауы ұсыныстарының болжамы;
6. Болжамдық құжаттарды бекітуге ұсыну;
7. Бекітілгеннен кейін мемлекеттік органдар мен субъектілер болжамын анықтау;
8. Анықталған болжауларды мемлекеттік органдар мен субъектілерге ұсыну.

Бұл айтылғандарға қосымша мына бөлімдер бойынша болжамдар жасалады: өнеркәсіп, агроөнеркәсіп кешені, инвестиция, еңбек, халықтың ақшалай

шығындары, табыстары, әлеуметтік салалардың дамуы, сыртқы экономикалық қызмет.

Өнеркәсіптік өсімнің негізгі факторлары: төлем қабілеті бар сұраныс, өндірістік қуат, шикізаттық және материалдық-техникалық ресурстар, оларды тиімді пайдалану, өнім сапасы, өндіріс тиімділігін көтеру. Өнеркәсіптік өнім көлемі салалар, аймақтар, акционерлік қоғамдар, кәсіпорындар бойынша есептер шығарылады.

Агроөнеркәсіптік кешеннің дамуының болжамдық көрсеткіштері мына факторларға байланысты анықталады;

- Азық-түлік және шикізат, ауыл шаруашылық өнімдеріне деген сұраныстың төлем қабілетінің мүмкін боларлық өзгерістеріне;
- Өңдеуші кәсіпорындар және ауыл шаруашылық өндіріс потенциалының жағдайына байланысты;
- Агроөнеркәсіп кешенінің дамуының экономикалық жетістіктері, оның ішінде салааралық байланыстар, тауар өндірушілер интеграциясының жеделдеуі, ауыл шаруашылығына мемлекеттік қолдау жасау шараларын қоса есептегенде.

Инвестициялық қызметті болжауда қаржыландырудың барлық көздері, жалпы капиталдық салымдар, мемлекеттік инвестициялық қолдаулар есепке алынады.

Сауда және ақылы қызмет дамуының негізгі көрсеткіштерін талдауда халықтың шығындары, табыстары, баға индексі, рынокке ұсынылатын отандық және шетелдік тауар өндірушілердің тауар массалары есепке алынады. Олар:

- Тұтыну бағасының индексі;
- Тұтыну бағасының өсуімен байланысты қосымша шығындар өтемі;
- Еңбек ақының төменгі мөлшері;
- Жұмысшыларға бюджеттік салалардан төленетін еңбек ақысы деңгейі;
- Жұмыссыздық деңгейі және экономиканың құрылымдық өзгерістеріне

байланысты жұмыс істеушілер санының өзгерісі.

Бюджеттік салаларда еңбекақы деңгейін жоғары біліктілікті жұмысшыларды ынталандыру үшін үстеме және қосымша ақы төлеу есебімен бірыңғай тарифтік жүйе негізінде қалыптасады.

Жоспарлаудың негізгі әдістеріне төмендегілер кіреді:

1) Баланстық әдіс қоғамдық қажеттіліктер мен ресурстар, әртүрлі өнімдер, өндіріс, салалар, территориялар мен халық шаруашылығының дамуы, олардың үйлестірілуі және қажетті байланыстылығының қамтамасыз етуді байланыстыруға бағытталған.

2) Нормативтік әдіс экономика дамуының маңызды мақсаттарының және ҒТП жетістіктерін бейнелейтін нормативтер мен үдемелі нормалар жүйесінің қолданылуын анықтауға негізделген.

3) Бағдарламалық – мақсаттық әдіс мақсаттық кешенді бағдарламаларды жасауды ұсынады және маңызды халықшаруашылық міндеттерді негіздеуге және макроэкономикалық мәселелерді жоспарлы шешуге негізделген.

Баланс француз сөзінен аударғанда - «таразы, екі жақтың үнемі өзгеріп отыратын қандай да бір құбылыстарының теңестірілуі немесе тепе-теңдікте болуы» дегенді білдіреді.

Әрбір баланстың мәні – қажеттілік пен ресурстар арасындағы, шаруашылық іс-шаралар мен күтілетін нәтижелер арасындағы сандық сәйкестіктерді қамтамасыз ету болып табылады.

Баланстық әдіс - әрбір өнім, жұмыс немесе қызметтің бір жағынан тұтынудағы ресурстар және халық шаруашылығында құндық арақатынасты және табиғи-заттық арақатынастарды байланыстырып, жоспарлауға мүмкіндік береді. Жоспарлаудағы баланстық әдісте өнімдер өндірісі және оған қажеттіліктер алдынала анықталып, оны қанағаттандыруға қажетті ресурс көздерінің балансы құрылады. Пайда болған ресурстар есептік қажеттіліктермен байланыстырылып, теңестіріледі.

Экономикалық баланстардың жалпы жүйесінде материалдық, еңбектік және қаржылық баланс түрлеріне бөлінеді.

Жүйешілік баланстар жүйесі өте көп және тармақталған, материалдық баланстар ұдайы өндіріс үдерістерінің заттық элементтерін сипаттайды. Материалдық баланстар көмегімен өндіріс пен материалдық ресурстарды тұтынудың жан-жақты байланыстылығы қамтамасыз етіледі. Материалдық баланстың негізгі қызметі – белгілі өнім түріне қоғамдық қажеттілік пен оларды қолданудағы тиімділікті табыстылық негізіндегі байланысты анықтау.

Рынокті экономика жағдайында олар тауар өндірушілер мен өңірлер арасында өнімдерді мақсатқа сай бөлуді қалыптастырады. Материалдық баланстар келесі белгілері бойынша бөлінеді:

- Орындау және оларды жасау стадиясы (сатысы) мен кезеңіне байланысты баланстар ұзақ мерзімді перспективалық, орта мерзімді перспективалы және бір жылдық деп бөлінеді;
- Қолданылатын баланстық үлгі түріне байланысты – бір өнімді, көп өнімді (жиынтық, кешенді, өнімаралық) және салааралық баланстар;
- өлшеу шамасына қарай – табиғи, құндық және табиғи-құндық баланстар.

Жоспарлаудың барлық деңгейі мен стадиясында қолданылатын бір өнімді материалдық баланстық негізгі түрі келесі түрде беріледі:

$$\sum Rm_n = \sum Pm_k$$

мұндағы  $Rm_n$  - n түсім көздері бойынша m материалдық ресурстар көлемі,  $Pm_k$  - K қолдану бағыты бойынша m материалдық ресурстарына қажеттілік.

Бір өнімді баланстар – материалдық ресурстардың нақты түрі бойынша жасалады және бұл ресурстардың түсу көздері мен қолдану бағыттарының қажеттіліктері арасындағы теңдестікті қамтамасыз ету керек.

Ресурстар мен оларға қажеттіліктің үйлесуі өндіріс құрылымы мен көлемін және материалдық ресурстарды дұрыс таңдауға жол ашады.

Жиынтық баланстар – анықталған белгілері бойынша (өнімнің технологиялық бағытталуы, өнімдердің өзара орын ауыстырушылығы т.б.)

біріккен бір өнімді баланстардың жиынтығы. Жиынтық баланстарды жасауда бір өнімді баланстар балансталатын өнімнің бір түріне келтіріледі және сәйкес өлшем бірлігіне келтіріледі.

Кешенді баланстар – бір немесе бірнеше салаларда материалдық ресурстардың орын ауыстыру топтары бойынша жасалады (құрастырма материалдар, отын-энергетика ресурстары т.б.). Мұндай баланстарда өндіріс факторлары мен орын ауыстырушы ресурстарды қолдану ескеріледі: техникалық негізділігі және орын ауыстырудағы экономикалық тиімділік, тұтынудың өңірлік ерекшеліктері, жергілікті ресурстарды қолдану мүмкіндігі, өндіріс қуаттылығының болуы мен қолданылуы, тасымалдау.

Өнімаралық баланс - өнім өндіруге қажетті қолданылатын әртүрлі ресурс саны мен нақты өнім түрлерін өндірудің теңесуін бақылау және олардың байланысы құралы қызметін атқарады. Өнім түрлері бойынша салалар, салалар жиынтығы мен халық шаруашылығы бүтіндей құрылады. Олардың көмегімен өндірістік байланыстар, жекелеген өнім түрлерін өндіретін өндірістер арасындағы арақатынас пен тәуелділік, және олардың материалдық ресурстарымен қамтамасыз етілуі, белгіленген өнім өндірісінің көлеміне байланысты осы ресурстарды тұтыну құрылымы анықталады.

Материалдық баланс жекелеген өнім түрлері әртүрлі нақты өлшем бірлігі бойынша анықталып құрылады, мысалы, ауыр темірлер балансы – тонна, орманның өлшем бірлігі – метр куб өлшем бірлігі т.т. түрінде беріледі.

Бір өнімді баланста тек бір өнім түрі беріледі. Өнім түрлеріне байланысты материалдық баланстар универсалды және локальды байланыстарды сипаттайды. Егер қандай да бір өнім көптеген салаларда тұтынылса, онда берілген өнімге баланс – универсалды. Бұған мысал, электр энергиясы немесе мұнай баланстары. Егер белгілі өнім түрін шектеулі тұтыну орын алса, онда бұл локальды баланс. Бұл баланс түріне мысал ретінде темір рудаларын алуға болады.

Құндық материалдық баланстар – ақшалай салыстырғанда жалпы универсалды сипатқа ие. Олар көбіне көп өнімді баланстар түрінде және барлық салалар немесе өңірлер деңгейінде жасалады. Мысал ретінде құрал-жабдықтар балансын келтіруге болады.

Табиғи-құндық материалдық баланстар бір текті өнімдер тобы бойынша жасалады. Өлшем бірлігі ретінде қандай-да бір белгілі мәндегі шартты бірлік қолданылады.

Мысалы, жылу балансы жылудың шартты бірлігімен есептеледі (1 кг жылудың шартты өлшемі – 7000 калл). Бұл баланс түрі де ережедегідей универсалды сипатқа ие. Одан басқа, көп өнімді баланстарда бірнеше өнім түрлерін біріктіріп, кететін ресурстар біріктіріледі.

Материалдық баланстардың нормативті базасы белгілі өнім түрлерін өндіруге керекті материалдық ресурс шығындарын анықтайтын нормалар жүйесінен тұрады. Бұл нормалар ел экономикасында қалыптасатын бүтіндей арақатынас тәуелділік сипаты.

Материалдық баланстардың негізділігі, дәлділігі оларды жасауда негізгі база болып есептелетін экономикалық ақпараттардың қол жетімділігі, толықтығы және шынайылығына да байланысты. Материалдық баланстарды жасауда

экономикалық ақпараттар ағымының екі негізгі кескіні бар: *орталықтандырылған* және *орталықсыздандырылған*. Орталықтандырылған ақпараттардың жетекші ұйымы (орган) – ҚР-ның статистика бойынша мемлекеттік Комитеті. Бұл ұйым ақпараттарды жинауға, оны қайта жасақтау, өңдеу және ол экономикалық ақпараттарды басқару құрылымы мен баланстар жасаушыларға жеткізіп берумен айналысады. Орталықсыздандырылмаған тәртіпте ақпараттарды жинаумен өз профилі бойынша ғылыми-зерттеу институттары айналысады.

Материалдық баланстар өнім ерекшелігіне байланысты типтік формалар бойынша жасалады. Материалдық баланстардың принципиалдық кескіні екі жақты кестеден тұрады, оның сол жақ бөлігінде ресурстардың түсу көздері, ал оң жақ бөлігінде оларды бөлудің мүмкін боларлық жолдары көрсетіледі. Материалдық баланстарды жасау белгілі бір дәйектілікпен, біржүйелілікпен жүзеге асырылады. Материалдық баланстардың бөліп-тарату бөлігін жасауда бірінші кезекте ресурстарды қолдануға байланысты ресурстарға деген қажеттілік анықталады. Бұл үшін халық саны және өнім өндірісінің көлемінің көрсеткіштері, нормалары мен нормативтерін қолданумен байланысты тікелей есептеу әдісі қолданылады. Содан соң материалдық баланстың ресурстық бөлімін жасау үрдісінде жоспарланған уақыттағы материалдық ресурстардың мүмкін боларлық көлемі анықталады.

Материалдық балансты жасауда қойылатын міндетті талап бөліп-тарату және ресурстық бөлімдерінің теңдестігі. Сондықтан жекелеген статьялары бойынша алдын-ала есептеуде олардың өзара байланысы болады. Материалдық баланстардың аталған бөлімдері арасында сәйкессіздіктер болатын болса, онда сәйкессіздіктерді жою іс-шаралары жасалады. Баланс бөлімдерінің үйлесуі бойынша жұмысты түзету деп аталады. Егер қолдағы ресурстар саны оларды қолдану көлемінен асып кететін болса, онда төмендегідей іс-шаралар жүргізіледі:

1. нақты ресурсты жаңа рыноктерде өткізу қаралады;
2. ресурстардың сапалық көрсеткіштері өзгертіледі;
3. ресурстардың нақты түріне сұарынстар ынталандырылады;
4. ресурс бағасы төмендетіледі.

Егер материалдық баланстың бөліп-тарату бөлімінің қорытындысы ресурстық бөлігінен жоғарылап кетсе, яғни материалдық ресурстар тапшы болатын болса, бұл айырманы жою үшін төмендегідей іс-шаралар жүреді:

1. сол немесе басқа ресурстарды қосымша ұлғайту мүмкіндіктері қарастырылады, мысалы өндірістік мүмкіндіктерді тиімді қолдану немесе өнімдердің материал сыйымдылығын төмендету, барынша ұтымды қолдану есебінен.

2. егер өнім сапасына кері әсерін тигізбейтін болса, материалдық ресурстар шығындары мөлшерін қысқарту.

3. сол немесе басқа ресурстардың тиімді орын ауыстырушы ресурстарын қолдану варианттарын қарау.

4. өндірістің бір қалыпты жүруіне әсерін тигізбейтін болса, өндіріс қалдықтары мен мөлшерлік қорларын қысқарту.

5. өнім өндірісі бойынша өндірістік қуаттылық кеңейтіледі және қосымша капиталдық салымдар бөлінеді.

6. сыртқы сауда есебінен тапшы өнімдерге ресурстар көлемі ұлғайтылады.

Кеңес одағы кезінде баланстық әдіс социалистік экономиканы жоспарлаудың негізгі әдісі деп есептеледі. Материалдық баланс көмегімен халық шаруашылығы дамуының ағымдағы және болашақ даму жоспарында қажетті салааралық және салаішілік пропорциялар құрылды.

Кеңес одағы кезіндегі Бас мемлекеттік жоспар мен мемлекеттік жабдықтауда 15 мыңнан астам өнімдерге материалдық баланстар құрылып, жасалды.

Реттелетін рынокті экономика материалдық баланстық «ресурстар – бөлу» кестесі сұраныспен ұсыныс балансымен ауыстырылуын талап етеді. Мұндай баланстардың әрбір үлгісі тұрақты баға деңгейін ұстауға мүмкіндік жасайды. Сондықтан мұндай баланстар көп үлгілі деңгейде жасалады.

Нормативтік әдіс – жоспарлық шешімдерді негіздеу мен жоспарлық және болжамдық құжаттарды жасаудың негізгі әдістерінің бірі және нормалар мен нормативтер жүйесін қолдану мен анықтауға негізделген. Тәжірибеде бұл басқа әдістермен біріге қолданылады. Мысалы, ресурстардың мүмкін боларлық жағдайы мен қажетті ресурстарды анықтау балансын жасауда нормалар мен нормативтер жүйесі қолданылады. Нормативті әдіс қажетті ресурстарды анықтау, оның сандық көрсеткіштерді, мақсатын негіздеуде бағдарламалық-мақсаттық әдіспен тығыз байланысты.

Нормативтік әдістің маңызды аспектісі – директивті құрылған жоспарлық тапсырмалардың орнына нормативтердің кеңінен қолданылуы. Ол үшін жұмсалатын ресурстар мен олардан күтілетін нәтижелер арасындағы байланыс алдын-ала қарастырылып, негізделеді. Нормативтік әдістің негізгі басымдылығы өндірістің соңғы өнімінің нәтижесімен ресурстар арасындағы байланысты ұстау.

Мөлшер (норма) – жоспарлау кезеңіндегі өнім бірлігін дайындауға кететін қоғамдық қажетті шығындарын ғылыми негіздеу шарасы.

Мөлшерді анықтаудың негізгі принципі – прогрессивтік (үдемелік) принципі – яғни ол ҒТП жетістіктерін жасау, ресурстардың барлық түрлерін тиімді қолдану мен үнемдеу, қоғамдық өндірістің тиімділігін көтеру, еңбек өнімділігі, басқаруды жетілдірудегі есепке алуды білдіреді. Жалпы ережеге сай, болып жатқан құбылыстар мен үдерістердің сандық және сапалық көрсеткіштері арасындағы байланысты орнату талап етіледі. Бұл жағдайда «норматив» түсінігі қолданылады, яғни ол көрсеткіштер мен мөлшерлер есебі негізінде жүргізілетін, есептік шамалар түріндегі ережелер мен заңдылықтарды білдіреді. Егер мөлшерді есептеуде қиындықтар болса немесе мүмкін болмаса, мөлшер түрінде норматив (мөлшерлеме) қолданылады. Мысалы, станокте өнімде өңдеудің машиналық уақытының нормасы кесу бойынша анықталса, ал оның нормативі хронометраж көмекші құралы ретінде анықталады.

Норматив – ресурстарды қолдану деңгейін немесе өлшем бірлігі шығындарын сипаттайтын мөлшерді құраушы элементтер. Экономикалық нормативтер қызмет нәтижесінің қоғамдық талаптарын бейнелейді және соңғы өнімдерге қажетті қолданылатын қажетті ресурстар деңгейін сипаттайды. Жоспарларды жасау, өңдеу, оны орындауын бағалауда қолданылатын нормалар



мен нормативтер кешенін нормативтік база деп атайды. Жоспарлау объектісінің деңгейіне байланысты нормативтік базалар мәні мен құралы өзгеріп отырады.

Норма және нормативтер жүйесі – болжамдық – жоспарлық жұмыстардың барлық деңгейінде ЭЕМ-рын қолданумен байланысты нормалар мен нормативтерді бақылау және оны дайындауды ұйымдастыру, оларды қалыптастыру әдісі мен тәртібі, сол сияқты материалдық еңбектің және қаржылық нормалармен нормативтердің ғылыми негізделген кешені.

Норма және нормативтер жүйесіне сәйкес халықшаруашылығында, бірлестіктерде, кәсіпорындарда нормативтік базалар қалыптасады. Олар қызмет көрсету, өнімдер өндірісі мен ресурстар шығындары арасындағы қатынасты құрайтын нақты нормативтік көрсеткіштерден тұрады. Норма және нормативтер жүйесінде келесі жүйе бөлімдері бөлініп көрсетіледі:

1. әлеуметтік нормалар мен нормативтерге халықтың өмір сүру деңгейі, қоғамдық тамақтану және сауданың дамуы, халықтың тұрғын үймен қамтылуы, халықтың материалдық игіліктер қызметтерді тұтыну нормалары мен нормативтері кіреді.

2. қаржылық-экономикалық нормалар мен нормативтер – бұл айналым қорлары нормативтері, амортизациялық өтемдер, несие төлемдері, табыстан төлемдер, қосымша құнға салық ставкасы, акциздер және т.б.

3. капиталдық салымдар мен инвестициялық цикл ұзақтығының нормалары мен нормативтеріне капиталдық салымдар үлесі нормативтері және олардың тиімділігі, құрылыс ұзақтығының нормалары мен нормативтері, капиталдық салымдардың технологиялық құрылымы, жобалаудың ұзақтығы нормативтері кіреді.

4. энергия, жылу, материалдар, шикізат қорлары мен шығындарының нормалары мен нормативтері негізгі өндіріске материалдық ресурстар шығындары, жөндеу-пайдаға асыру қажеттіліктері, материалдық ресурстар қоры, капиталдық құрылысқа қажетті материалдық ресурстар шығындарының нормативтерін бейнелейді.

5. еңбек және жалақы шығындары нормалары мен нормативтеріне уақыт мөлшері, өндіру, қызмет көрсету, жұмысшылар саны, толық еңбек сиымдылығы көрсеткіштері, жалақы шығындарының мөлшері, еңбек ресурстарының өсімі мен қолдану мөлшері кіреді.

6. құрал-жабдықтарға қажеттілік және оларды қолдану нормалары мен нормативтері бұл капиталдық құрылысқа қажетті құрал-жабдықтар қажеттілігін анықтау үшін, тозған жабдықтарды анықтау және айырбастау қажеттілігінің нормалары мен нормативтері.

7. қоршаған ортаны қорғау нормалары мен нормативтері әуе бассейнін қорғау, су ресурстарын, жерді, табиғат ресурстарының қорын қорғау нормалары мен нормативтерінен тұрады.

Қазіргі кездегі нормалар мен нормативтер жүйесін қалыптастыру мақсаты әлеуметтік даму деңгейінің халықаралық стандартқа сәйкес келуін қамтамасыз ету, өндіріс пен тұтынудың теңесуінің тиімділігіне жету, ресурстарды тиімді қолдану, өндірісті тиімді басқару, еңбектің ғылыми ұйымдастырылуын қолдану, рыноктік қатынастарды дамыту болып табылады.

Нормалар мен нормативтер жүйесін басқарудың әр түрлі деңгейі мен сатысында рынокті экономикаға өту кезеңінде шаруашылықты тиімді жүргізуді ұйымдастыру үшін мақсатқа сай, орынды қолдану керек.

Рынокті экономика жағдайында кәсіпорынның шаруашылық қызметі мен оның нәтижесі оның шығындарының ғылыми дәлдігіне тәуелді. Жоспарлық және болжамдық құжаттарды дайындауда нормативтік базаларды қалыптастырудың қатаң ережелері сақталады. Нормалар мен нормативтер жүйесін дайындау және тәжірибеде қолдануда келесі талаптар ескеріледі.

- Жоспарлау кезеңі мен басқару деңгейінің әр топтары бойынша нормалар мен нормативтерді қалыптастырудың әдістемелік бірлігін сақтау;
- Нормалар мен нормативтердің үдемелілігін қамтамасыз ету;
- Нормалар мен нормативтердің ғылыми-техникалық, экономикалық және әлеуметтік негізділігі, дәлдігі;
- Технология өзгерісі, өнім сапасын көтеру, еңбек және өндірісті ұйымдастыруды жетілдіру, шаруашылықтың рыноктік әдістерін дамыту және әлеуметтік-экономикалық жағдайларды жақсартуға байланысты нормалар мен нормативтерді жүйелі түрде жаңартып отыру.

Жалпы түрде нормалар мен нормативтер – ұдайы өндіріс үдерісінде қоғамдық қатынастарды басқару құралы. Нормалар мен нормативтер көмегімен жүзеге асырылатын басқару объектісі ұдайы өндірістің 4 фазасы: өндіру, бөлу, айырбас, тұтыну болып табылады. Экономиканы реформалауда перспективалық міндеттерінің бірі ғылыми дәлелденген нормалар мен нормативтер көмегімен ұдайы өндіріс үдерісінің барлық төрт фазасын тиімді басқаруды қамтамасыз ету.

Жүйелік тәсілдер негізіндегі барлық нормалар мен нормативтер жиынтығының төрт негізгі блогпен көрсетуге болады. Олардың әрқайсысында нормалар сәйкесінше өндіру, бөлу, айырбас және тұтынудың экономикалық шаралары ретінде көрінеді. Ұдайы өндірісті құраушыларды егжей-тегжейімен қарастыру әрбір нормалар мен нормативтер жүйесі блоктарының мазмұнын құруға мүмкіндік береді. Мазмұндық бөлігінің дамуына қарай ағымдағы жүйе біртіндеп болашақта ұдайы өндіріс нормалары жүйесіне ауыстырылады. Бұл жүйе келесі құрылымдық элементтерді қосады: өндіріс мөлшері, бөлу нормасы, айырбас нормасы және тұтыну нормасы.

Өндіріс нормасы. Бұл жүйе бөлімінің қазіргі түрі басқаларына қарағанда рынокті экономикаға өту жағдайында тәжірибелік қолдануға өте қолайлы. Өндіріс аясын жоспарлық реттеу үдерісінде нормативті әдісті мақсатты тереңдете қолданылады. Бұл саланы дұрыс септеу үшін өндіру нормасы, қызметтер мен өнімдерді өндіру нормасы, өндіріс тиімділігі мен қарқыны нормасын қосады.

Өндіріс нормасының халықаралық тәжірибелеріне сәйкес, жүйе бөлімдерінің объектісі бірінші кезекте рынокті экономикада әртүрлі тауарлар мен қызметтерді өндіру көлемі қаншалықты бақыланғанымен, оның дамуын алдын-ала оқып білу керек.

Бөлу нормасы – экономикалық қызметке қатысушылар арасында жұмыс нәтижелерін бөлуде өзінше әсер ететін жүйенің маңызды бөлігі. Бұған табыстан алынатын алымдар, салықтар әр түрлі қорларды қалыптастыру нормативтері кіреді. Бұл бағыт рынокті реформаларды жүргізуде кеңінен дамиды.

Айырбас нормасы – тауарлық – ақшалық құндылықтар айналымын нормативті басқаруға арналған. Оған әр түрлі баға түрлері, тарифтер және басқа да экономикалық әсер ету құралдары кіреді.

Рынокке өту барысында мемлекеттік және рыноктік реттеудің экономикадағы айырбасталудың бір-біріне сәйкес жүргізілуіне сәйкес екі айырбас нормасын қалыптастырады.

Тұтыну нормасы өндірістік және өндірістік емес тұтыну нормаларынан тұрады.

Өндірістік тұтыну нормалары топтарына материалдық- техникалық, еңбектік, қаржылық және табиғат ресурстарын өндірістік тұтыну кіреді. Бұл нормалар – ресурстарды сақтау міндеттерін шешу үшін құрылатын шығындарды азайтатын механизм элементі.

Өндірістік емес тұтыну нормалары топтарына халықтың материалдық игіліктер мен қызметтерді тұтынуын нормативтік басқаруын қамтамасыз ететін әлеуметтік-экономикалық нормалары кіреді. Бұл нормаларды жасауға басты көңіл бөлінеді.

Нормалар мен нормативтер жүйесі бір реттік немесе мәңгілікке жасалмайды. Шаруашылық механизмдер дамуы барысында ол жүйелер үнемі дамытылып отырады.

### 3. Болжаудың негізгі принциптері:

- Объективтілік;
- Мекенділік;
- ғылыми немесе қолданбалы мәнділік;
- дәлелділік;
- тепе-теңділік;
- альтернативтілік;
- мақсаттылық;
- жүйелілік.

*Объективтілік*- зерттеуші өзінің болашақ туралы қорытындыларында объективті бағалауларды, заңдылықтарды, сипаттамаларды және байланыстарын басшылыққа алады.

*Мекенділік*- болжау жасалынбас бұрын, болжаушы болжау «не үшін, кім үшін» жасалатынын жақсы түсіну керек және қандай ұйымдар үшін /билік, басқару, фирмалар, корпорациялар үшін /, сонымен бірге қандай мақсаттарда, яғни әлеуметтік – экономикалық апаттарды ескерту, жоспар алдындағы дайындықтар т.б. жүретінін білу қажет.

*Ғылыми немесе қолданбалы мәнділік* принциптерінде- болжау барысында отандық және шетелдік тәжірибеге негізделеді, және жасалынатын болжаулар тек қана жеке адамдардың қызығушылығын қанағаттандыру үшін ғана емес, қандайда бір экономиканың немесе әлеуметтік сфералардың басқару органдары, сол сияқты ғылымның алдында тұрған маңызды мәселелерді шешу үшін жасалады.

*Дәлелділік*- болжаушы болжау негіздерін бекітуде көз жеткізерлік дәлелдер келтіру қажет. Бұл дәлелдер болжауды қолданушылардың әрі қарай талқылауларына түседі.

*Тене-теңділік* принципі- нақты процестерге ықтималдықтар, стохастикалық сипаттама береді.

*Алтернативтілік* принципі- екі мүмкүндіктің бірін таңдау.

*Мақсаттылық* принципі- басқаруда және мемлекеттік биліктерде, экономикада алға қойған мақсаттарға жетуде алдын- ала көре білудің, болжаудың белсенді сипаты.

*Жүйелік* принципі- экономикалық жүйеде сандық және сапалық заңдылықтарды зерттеу болжамына негізделген. Болжаудың ең маңызды принциптерінің бірі- жүйелілік, экономика дамуының күрделенуіне байланысты көптеген жеке болжауларды бірыңғай жүйеге біріктіруде шаруашылық пен басқарудың барлық деңгейінде болжау келісімділігі мен өзара байланыстылықты қамтамасыз ететін, болжаудың барлық мерзімдері бойынша, маңызды көрсеткіштері мен әдістемелік тәсілдерінің бірігуі бойынша мәселелер туындайды. Тек қана экономикалық болжау жүйесі осы күрделі мәселелерді шешудегі жүйелі тәсілге толық масштабты әсер ете алады. Экономикалық дамудың соңғы нәтижесі көптеген себептер мен факторларға байланысты:

- сыртқы және ішкі;
- объективті және субъективті;
- басқарылатын және басқарылмайтын;
- өлшенетін және өлшенбейтін болып бөлінеді.

Белгілі бір объектідегі сыртқы фактор келесі біреулері үшін ішкі фактор болып есептелуі мүмкін. Мысалы, нанның бағасы дәнді сатып алу бағасы, оны өндіру, сақтау, өңдеу шығындарына байланысты анықталатын ұнның бағасына байланысты. Өнімділік, өз кезегінде шаруалардың ресурстарымен қамтамасыз етілуімен ғана анықталмайды, сонымен бірге ауа райына да байланысты. Азық-түлік рыногіндегі жағдайларға адамдардың бет алысы да өз әсерін тигізді, яғни өнімділік төмен болады деген сөз тараған жағдайда, көптеген тұтынушылар бірден ұндарды көптеп сатып ала бастайды да, ұн мен нанға деген баға көтеріледі. Бұл келтірілген мысалдан экономикалық және әлеуметтік процестердің дамуына әсерін тигізетін барлық факторларды есепке ала отырып болжау жасау керектігін көруге болады.

Болжау мәселесінің екі аспектісін бөліп көрсетуге болады:

1. *Танымдық-теориялық*. Болашақ мәселесін шешуде мүмкін боларлық перспективасын, жағдайын сипаттау.

2. *Басқарушылық*. Болашақ туралы шешім қабылдауда ұйғарылған ақпараттарды қолдану.

Болжау жүйесі концептуалдық жүйеге негізделген, болжауды өңдеу процесінде кадрлық қамтамасыз етілген және техникалық, ақпараттық, ұйымдастыру, әдістемелік өрістерді қамтитын ғылыми-тәжірибелік қызмет түрі.

1. Зерттеу объектісінің сипатына байланысты болжауды мынадай түрге бөлуге болады:

- *Экономикалық болжау*- өндірістік қатынастар және өндіргіш күштердің жекелеген элементтерінің даму перспективаларын зерттейді. Мысалы, өндіргіш күштер, инвестиция құрамы, көлемі, тиімділігі, экономикалық өсу типі, өнімнің сапасы, құрамы және динамикасы, т.б.;
- *Табиғат ресурстарын болжау*- қоршаған ортаны қорғау, жылу және минералды ресурстар, өсімдіктер, жануарлар әлемі, т.б.
- *Демографиялық болжау*- еңбек ресурстарының ұдайы өндірісі, халықтың еңбекке қабілетті деңгейі, оның кәсіптік және біліктілік жағдайы т.б. сол сияқты туу, өлу, жастық, жыныстық арақатынастар кіреді;
- *Әлеуметтік дамуды болжау*- өндірістік емес салалардың дамуы, тауарларды және тамақ өнімдерін халықтың тұтынуы, жалпы және кәсіптік білім беру, мәдениет, өнер, денсаулық сақтау, халықты тұрмыстық қамтамасыз ету және т.б.;
- *Ғылыми-техникалық болжау*- ҒТП-тің жетістіктері, ҒТП-тің зардаптарын анықтау, ҒТП-тің халық шаруашылығындағы даму жетістіктерін қолдану, оны дамытуды болжау;
- *Оперативті болжау*- болашақтағы қандай да бір құбылыстардың мүмкін боларлық жағдайын ғылыми түрде зерттеу. Оперативті болжауда ағымдағы жоспарларды өңдеу барысында болашақ жоспарды құруда алғашқы, негізгі ақпараттар береді. Тәжірибеде оперативті болжау экономиканы басқару салалары органдарында кеңірек қолданылады.

#### Болжаудың *негізгі қызметтері*:

- шаруашылықтың дамуындағы ғылыми-әлеуметтік талдау;
- Экономикалық және ғылыми- техникалық үдерістерінің, даму бағыттарының мәселелері төңірегінде пайда болған жағдайларын бағалау;
- Болжау объектісін бағалау;
- Экономикалық жағдайлар мен мәселелерді алдын алу, болашақтағы тенденциялардың іс- әрекетіне баға беру;
- Белгілі бір уақытта нақты жағдайларда халық шаруашылығының дамуы мен әлеуметтік- экономикалық байланыстарды объективті зерттеу;
- Экономикалық және әлеуметтік дамудың объективті мүмкүндігін табу;
- Экономиканың әрі қарай дамуына ғылым мен техника, шаруашылықты басқару жүйесі, әлеуметтік дамуға негізделген тиімді жоспарлы шешімді таңдай отырып, ғылыми материалдарды жанжақты пайдалана отырып, перспективті дамуды айқындау.

#### Басқару шешімдері негізіндегі *болжау типтері*:

1. *Мақсаттық болжау*- алға қойған мақсаттарға жету шарттары, жолдары туралы болжамдар өңделіп, ұйғарылады.
2. *Бағдарламалық болжау*- алға қойған мақсатқа жету жолдарында мүмкін болатын әр түрлі әсер етуші факторлар туралы гипотезасын қалыптастыру және жорамалдау кезектілігін, мерзімін, жолдарын көрсетеді.

3. *проектілік болжау*- болашақ үлгісін немесе болашақ бейнесін жобалау, перспективалы жобалау варианттарының тиімділігін таңдау.
4. *Уақыт бойынша болжау*- яғни оперативті, қысқа, орта, ұзақ және өте ұзақ мерзімді болжау.

**4.** Болжау әдісі- болжамды жасау тәсілдерінде және олардың белгіленуі, әр түрлілігіне байланысты көрсеткіштерінде көрінеді. Өте күрделі мәселелерді шешу үшін жүйелік анализ және синтез қолданылады.

Жүйелік анализдің келесі сатылары былай бөлінеді: мақсатты анықтау және баға белгілеу; факторлар, тенденциялар және олардың өзара әсерін құрылымдық талдау; жүйелердің даму варианттары мен тұжырымдамаларын жасау;

Бұл факторлар былай жіктеледі:

- Елдегі жалпы экономикалық жағдайлармен байланысты;
- Тікелей тауар өндірушілер қызметіне тәуелділігі;
- Қалыптасқан мемлекеттік реттеу және нарықтық қатынастар әсеріне.

Әрбір аталған фактор тенденцияларды тұрақтандырушы, жоғарылатушы немесе төмендетуге себепші болады. Анализ- морфологиялық, аналогиялық, регрессивті, корреляциялық, топтық және зерттеу тәсілдерінен тұрады.

**Морфологиялық анализ** арқылы- объект туралы толық және жалпы мәліметтер белгілі болады, барлық мүмкін боларлық мәселелерді шешу туралы жүйелендірілген ақпараттар алынады. Нәтижесінде жетістіктерге жету үшін әр түрлі әдістер мен ақпараттар алынады.

**Аналогиялық болжау**- ойша пайымдау, логикалық жобалау бойынша жасалады. Бұл өте ескі әдістердің бірі б.т.

**Регрессивтік анализ (шегініс)**- анықталған шамалардың басқа шамаларға байланысын зерттеу қаралады. Көп факторлы күрделі объектілерді (сату, инвестиция, табыс) орта, ұзақ мерзімді перспективалық көрсеткіштерді болжауда қолданылады.

**Корреляция**- (өзара байланыстылық), әр түрлі көрсеткіштер, тенденциялар арасындағы байланыспен, олардың бір- біріне әсерімен құрылады. Мысалы, маңызды макроэкономикалық көрсеткіштерді қамтитын көрсеткіштер (ЖҰӨ, инфляция деңгейі, жұмысбастылық т.б.). топтық анализ жасауда әрбір салалардың жалпы әлеуметтік- экономикалық жағдайымен байланысты мүмкіншілігі анықталды. Қазіргі рынок жағдайында ұйғарымдар анық және біржақты болмайды.

Мысалы, директивалық жоспарлау кезінде баға өзгеріссіз күйде болатын, ал рынок жағдайында бағаның өсу болжамын ұйғарымдар бойынша ала аламыз (біріншісінде, мемлекет саясатына байланысты, екіншісінде, баға тұрақтылығы мемлекет саясатына байланыссыз). Болжаудың болашағын бағалау және мүмкін боларлық варианттарын анықтау үшін әр түрлі әдістер қолданылады:

**1.Экстраполяция әдісі**- факторлардың өзгермеуіне негізделі отырып ұйғарылатын, қарастырып отырған объектінің даму деңгейін анықтайды және де объектінің өткені мен келешегінің даму заңдылықтарына негізделген (болжау өткен шақтан болашаққа жасалады). Мысалы, глобалды макроэкономикалық

экстраполяциялық болжау циклдік дамудың толқын тәріздес түрінде түсіріледі. Н. Кондратьев іскерлік белсенділіктің 4 циклін бөліп көрсетті:

1. Өте қысқа маусымдық тербеліс;
9. Қысқа (ұзақтығы -3-3.5ж);
10. Орта (сауда- өнеркәсіптік- 7-11ж);
11. Ұзақ (үлкен циклдік конъюнктура-50-60ж).

Әрбір цикл 2 толқыннан тұрады: өспелі, төмендеуші.

2. *Эксперттік бағалау әдісінде*- болжау объектісі туралы ақпараттарды өңдеуде жоғары квалификациялы мамандардың тиімді сезулері мен дәлелдері негізделді. Бұл әдіс табиғат ресурстарын, техникалық жетістіктер, ғылымның дамуын болжауда кеңінен қолданылады.

Экспертшілер саясатында эксперттік комиссиялар және билік органдарының кеңесі, институттардың ғылыми кеңесін кіргізуге болады. Эксперттік бағалау баяндамалық жазба, сценарий, интервью формасында болады және оның 2 түрі бар:

1. Жеке бағалау
2. Топтық бағалау

Жеке бағалауда- қандай да бір сарапшы басқаларға тәуелсіз пікір ұсынады, одан әрі қандай да бір тәсілдер көмегімен жалпы қорытындыға келеді. Жеке эксперттік бағалау интервью немесе аналитикалық жазбалар түрінде болады.

Топтық немесе коллективтік бағалау әдісі- сарапшылардың біріккен жұмысына және маман топтардың бүтіндей қосынды пікірін алуға негізделген.

*Коллективтік бағалау әдісінің әр түрлі тәсілдері бар:*

- Комиссиялық әдіс немесе дөңгелек стол ақыл- ой әдісі, яғни бірнеше жаңа идеялар негізінде басты идея алынады. Мысалы, анкеталық сұраулар (бірнеше турларда талқыланады бұл Дельфин әдісі деп аталады).
- Нормативтік (мөлшерлік) әдіс- жоспарлық және болжамдық көрсеткіштерді есептеу үшін қолданылады. Норматив және норма алдын- ала заңдық негізде жасалады. Норма- бұл максималды мүмкін боларлық шама, норматив- өндірістік процестер элементтерінің байланысы (норманы құраушы). Норма және норматив ресурстық, экономикалық, әлеуметтік болып бөлінеді. Норма және норматив негізінде болжамдық және жоспарлық көрсеткіштер анықталады. Норматив көмегімен рыноктік, рыноктік емес, өндірістік емес салалар реттеліп отырады. Мысалы, рыноктік салада салық және басқа да міндетті төлемдер, резервтік қорлар, жұмыс күнінің ұзақтығы, апта, демалыс ұзақтығы, т.б. нормативтері қолданылады.

Өндірістік емес салада жергілікті және мемлекеттік бюджет есебінен қамтамасыз етілетін білім беру, коммуналдық, денсаулық сақтау және т.б. қызмет көрсету нормативтері. Нормативтің басқа түрлеріне стандарттар мен шектеулерді жатқызуға болады. Мысалы, мемлекеттік стандарттар тұрғын-үй және коммуналдық қызметтердің шектеулі төлемдері. Лимиттер, бюджеттік салалардағы ұйымдар мен кәсіпорындардың отын- энергетика ресурстарын тұтынуда құрылады.

3. *Үлгілеу әдісі*- мәселелерді электронды– есептеу машиналарының көмегімен шешу және экономика- математикалық үлгілерді өңдеу негізіндегі болжауда қолданылатын әлеуметтік- экономикалық процестер.

Үлгілеу әдісі қысқа мерзімді болжауда қолданылады. Үлгілеу негізін қолданбалы математика, әсіресе оның бөлімдері: сызықты және тиімді бағдарламалау, математикалық статистика, ойын теорияларының бағдарламалары құрайды. Экономика- математикалық үлгі компьютерлік бағдарлама түрінде болады.

### ***Жоспарлаудың математикалық үлгісі***

Жоспарлық құжаттарды жасау арысында оны бақылау және өңдеу, негіздеу үдерісінде математикалық әдістер кеңінен қолданылады, ол экономикалық-математикалық және есептеуіш техникаларды жоспарлауда тиімді қолданылуын және ғылыми дәлдігін көтеруге мүмкіндік береді.

Қазіргі микро, мезо, макро деңгейдегі экономикалық теория математикалық үлгілер мен әдістердің қажетті элементтерін қосады және олар төмендегіше мүмкіндіктерге жағдай жасайды:

- Экономикалық объектілер байланысының маңызды байланыстарын сипаттайды және бөліп көрсетеді;
- Атқарылған жұмыстар бойынша дедукция әдісі арқылы дұрыс қорытындылар алынады;
- Индукция әдісі арқылы объект туралы жаңа білімдер алынады;
- Экономикалық теория ережелерін дәл және жинақы беруге, оның тұжырымдары мен түсініктерін қалыптастыруға.

Макроэкономикалық жоспарлаудың дамуы қазіргі кезде оның біртіндеп өсу, қалыптасу деңгейімен байланысты.

Экономикада қолданылатын математикалық үлгілерді белгілері бойынша, объектінің ерекшеліктері бойынша, үлгілеу мақсаты мен қолданылатын құралдары бойынша топтарға бөлуге болады. Бұл үлгілер: макро және микроэкономикалық, теориялық және қолданбалы, тепе-теңдік және қолайлылық, статистикалық, динамикалық, анықталған және ықтималдық.

Макроэкономикалық үлгілер материалдық және қаржылық көрсеткіштер арасындағы байланыстарды көрсете отырып экономиканы бүтіндей сипаттайды. Мысалы, ЖҰӨ, инвестиция және мемлекеттік шығындар, тұтыну, жұмысбастылық және жұмыссыздық нормасы, пайыз ставкасы және айналымдағы ақша саны.

Микроэкономикалық үлгі рыноктік ортаны құраушы әртүрлі жекелеген құрылымдық іс-әрекеттерді сипаттайды.

Теориялық үлгі экономиканың жалпы қасиеттерін оқуға мүмкіндік береді.

Қолданбалылық үлгі тәжірибелік шешімдер қабылдау үшін нақты экономикалық объектінің қалыптасу көрсеткіштерін бағалауға және дұрыс сілтемелер беруге мүмкіндік береді.

Тепе-теңдік үлгісі – рынокті экономиканы үлгілеуде маңызды орын алады және зерттелетін объектінің жағдайын сипаттайды.



Үлгілеудегі нормативтік әдіс қолайлылық принципіне негізделеді. Рынокті экономика теориясының микродеңгейдегі қолайлылық – бұл тұтынушылардың пайдалылығын көтеру немесе фирманың табысын көтеру, ал макро деңгейде – экономикалық субъектілердің бет алысының тиімді нәтижелерін таңдау болып табылады.

Статистикалық үлгіде нақты уақыттағы экономикалық объектілердің жағдайы, шамалары тіркеліп сипатталады.

Динамикалық үлгіде экономикадағы нақты үдерістердің жүру барысындағы әр түрлі күштер мен өзара әрекеттерді сипаттайды.

Анықталған үлгі үлгілердің ауыспалы шамалары арасындағы қатаң нақты байланысты береді.

Ықтималдық үлгі – зерттелетін көрсеткіштердің кездейсоқ әсерлерінің болуын және олардың сипатын теория құралдары ретінде қолданады.

### Семинар сұрақтары

1. Болжаулар мен жоспарлаудың жіктелуі.
2. Жоспарлау мен болжаудың әдістемелік негіздері
3. Болжау принциптері
4. Болжау этаптары
5. Болжамдық және жоспарлық есептер әдістері
6. Даму көрсеткіштерін бағалаудың эксперттік және экстраполяциялық әдістері
7. Экономикалық болжау классификациясы.
8. Болжау әдістерінің формализациясы.
9. Болжамдық есептер

## **ТАҚЫРЫП 5. ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ БАЗАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН БОЛЖАУ**

- 1. Қоғам мен табиғаттың өзара әрекетін болжау.**
- 2. Ұлттық қауіпсіздік болжау.**
- 3. Демографиялық дамуды болжау.**

1. Экономика мен әлеуметтік сфераларының қоршаған табиғат ортасымен өзара әрекетсіз елдің әлеуметтік- экономикалық дамуы жүзеге аспайды. Экономика және әлеуметтік сфера табиғат ресурстарының тұтынушылары болып табылады. XXғ. табиғат ресурстарын пайдаланудың көлемді масштабтың процестері мен ерекшеленеді. Қазіргі кезде мұнай, газ өндіру, энергетика салалары, су энергетикасы, жылу энергетикасы, қара және түсті металлургия дамуға және транспорттың жаңа түрлері пайда болуда.

Табиғат ресурстарын жанама тұтыну жағдайында, яғни табиғат өнімдері тұтыну объектісі болмаған кезде де, бірақ экономикалық және әлеуметтік қызмет нәтижесінде қоршаған табиғат ортасының сандық және сапалық төмендеу сипаттары орын алады.

XXғ. әлемнің көптеген елдерінде табиғат ресурстарын әлеуметтік және экономикалық тұтырудың өсуі нәтижесінде табиғатты пайдаланудың екі өзекті мәселесі пайда болды:

1. көптеген табиғат ресурстары түрлерінің жоғалуы
2. қоршаған табиғат орта сапасының төмендеуі.

Осыған байланысты қоршаған табиғат ортаны қорғау және табиғатты тиімді пайдалану шараларын жүргізу маңызды. Ол іс- шаралар экономика және әлеуметтік салалардың даму қажеттіліктерімен қамтамасыз етілген табиғат ресурстарының болуы негізінде жасалуы тиіс.

Табиғат ресурстарына әсер етуші (негізгі) факторлар:

1. Экономикалық(өндірістік- шаруашылық);
2. Әлеуметтік тұтыну бойынша;

Табиғи (тұздану, табиғи апат салдары, су тасқыны, дауыл, жер қыртысының ластануының ұлғаюы т.б.).

Бұл аталғандардан басқа келесі факторларда әсер етеді:

- Пайдалы қазбаларды іздеу, әр түрлі жануарларды қолдан ұрықтандыру (селекция), ормандар отырғызу тағы басқа сияқты табиғат ресурстарының ұдайы өндірісіне бағытталған- шаруашылық қызмет.

- Микроорганизмдердің өміршендігі, ластанудан тазартылған су ресурстары, өсімдік әлемінің зиянды заттармен улануы.

Ауа массаларының орын ауыстыруына байланысты, атмосфера ауасындағы зиянды қалдықтар құралының төмендеуі және т.б. Аталған факторлардың ішінде нақты дәлдікпен есептеуге келмейтіндер де бар, мысалы: пайдалы қазбаларды іздеу, барлау, табиғатты пайдалану салаларындағы ғылыми- техникалық прогресс, табиғи факторлар т.б.

Ресурстардың мына түрлеріне болжау жасалады: жер, су, орман, өсімдік және жануарлар әлемі ресурстары, жер асты қойнаулары.

**Пайдаланылатын жерлер** - табиғат ресурстарының көп тұтынылатын түрі. Оның тұтынушылары- ауыл және орман шаруашылығы, капиталдық құрылыс, әлеуметтік сфера салалары. Жерді тұтыну сипатына байланысты болжау көрсеткіштеріне:

- А) ауыл шаруашылығына арналған;
- Б) ауыл шаруашылығына емес арналған;
- В) жарамсыз жерлерді бөліп кіргізуге болады.

Болжауда осы жер ресурстары арасындағы өзгерістер арақатынасы қаралады.

Ауыл шаруашылық жерлері құрамын болжауға жыртылған жерлер алаңы, жайылымдық, бақша, саябақ т.б. кіреді.

Ауыл шаруашылық емес жерлері құрамын болжауға капиталдық құрылысқа, әлеуметтік салаларға, өнеркәсіпке қолданылатын жерлер алаңы кіреді.

Жарамсыз жерлер құрамына лайсаң-батпақ жерлер, құмдар, тау-тасты жерлер, қолайсыз рельефтегі жерлер кіреді.

**Су-** басқа табиғат ресурстарымен салаларында суды тиімді қолдану соңғы жылдардағы өткір мәселе болып отыр. Су ресурстарын болжау көрсеткіштеріне төмендегілер кіреді:

- өңір және ел масштабында нақты зиянды ресурстар көлемі;
- суды тұтыну көлемі;
- зиянды, қалдық сулар көлемі;
- тазартылған су көлемі;
- су көздерінің сапалық көрсеткіштер динамикасы.

Халық шаруашылығындағы суды тұтынудың болжамдық көлемі мына формуламен есептеледі:

$$Q_n = \sum H_1, \dots, n \cdot Q_1, \dots, n$$

$Q_n$ - әлеуметтік және экономикалық салаларда суды тұтынудың болжамдық көлемі;

$H_1 \dots n$ -қызмет, өнім бірлігін өндірудегі суды тұтынудың технологиялық нормасы;

$Q_1 \dots n$ -халық шаруашылығы салаларындағы қызметтер мен өнімдерді өндірудің болжамдық көлемі;

$n$ - есепке алынған салалар саны.

Халықтың суға деген қажеттілігінің болжамы жан басының суды тұтыну мөлшері мен болжанған халық санына байланысты есептеледі. Су ресурстары көлемі мен тұтынушының болжамдық есебінен кейін өңір және ел масштабында су ресурстарының болжамдық баланстары жасалады. Онда су ресурстарының сандық және сапалық динамикасы, суды тұтыну, сол сияқты өңір және елдегі су тапшылықтары және т.б. бейнеленеді. Сол ақпараттар арқылы халықтың миграциялық процестері, әлеуметтік және экономикалық салалардың дамуы және т.б. мақсаттағы болжамдар анықталады.

Табиғат ресурстарының келесі түрі- **орман**.

Орман қорларын болжаудың негізгі көрсеткіштеріне орманның сапалық құрамы, орман қорларының территориялық орналасуы кіреді. Бұл жағдайда

болжамдық есептер орман кесінділері, жаңадан оларды отырғызу алаңдары және ағаштардың табиғи өсуі бойынша жасалады. Орман ресурстарының ұдайы өндіріс коэффициенті мына формула арқылы анықталады:

$$K_y = \frac{S_{отыр}}{S_{кес} - S_{таб}}$$

$K_y$ -болжамдық ұдайы өндіріс коэффициенті

$S_{отыр}$ - болжамдық отырғызылатын ағаштар алаңы

$S_{кес}$ - орманның кесінді ағаштарының болуы

$S_{таб}$ - орманның табиғи қалыптасу алаңы.

Болжамдық ұдайы өндіріс коэффициенті ( $K_y$ ) 1-ден жоғары болуы керек.

Ел үшін ең маңызды, экономика және оның салаларының дамуының фундаменти болып есептелетін –жер қойнауындағы байлықтар. Тұтыну сипаты бойынша мұны 3 топқа бөлуге болады:

А) энергетикалық ресурстар (мұнай, табиғи газ, көмір, торф т.б.);

Б) минералды ресурстар (қара және түсті металдар рудасы);

В) рудалық емес шикізаттар.

Жер қойнауындағы байлықтар ресурстары жағдайдың негізгі болжамдық көрсеткіштеріне: әр түрлі пайдалы қазбалар қорларының көлемі, жер байлықтарына қажеттілік, жер байлықтары ресурстарының сапасы, оларды қолдану және т.б. кіреді.

Әр түрлі пайдалы қазбалар қорларының болжамдық көлемі геологиялық барлау салаларының қызметтерінің нәтижесі туралы ақпараттар негізінде анықталды. Жер байлықтарына қажеттілік- пайдалы қазбалар тұтынушылары мен бір өнім бірлігіне қажетті шығындар, салалардың өндірістік бағдарламаларына сәйкес анықталады.

**2.** Елдің әлеуметтік- экономикалық дамуының маңызды шарттарының бірі- ұлттық қауіпсіздік жағдайы.

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде елдің мүддесін қорғау мақсаты кіреді. Мүдденің 3 түрі бар:

1. Жеке;

2. Қоғамдық;

3. Мемлекеттік.

**Жеке мүдде:** біріншіден, Конституцияда анықталған елдің әрбір азаматының құқығы мен еркіндігін мемлекеттің толық көлемде қамтамасыз ету мүмкіндіктері мен міндеттерінде; екіншіден, мемлекет өз азаматының жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеті; үшіншіден, мемлекет және тұлғаның интеллектуалды, физикалық, рухани дамуына қалыпты жағдайлар жасау; төртіншіден, мемлекет халықтың қалыпты өмір деңгейі мен оның үнемі өсу жағдайын қамтамасыз ету жағдайында айқындалады.

**Қоғамдық мүдде құрамына:** демократияны нығайту, қоғамдық келісімдерге жету, елдің даму мәселелерін шешуде азаматтардың белсенділігін көтеру, рухани туындаулар кіреді.

**Мемлекет мүддесі:** елдің территориялық бүтіндігін қорғау, оның егемендігін қорғау, саяси, әлеуметтік, экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, заңдардың жоғарғы деңгейде орындалуына бағытталған. Мүдделердің әр үрлілігі елдің ұлттық мемлекеттік жүйесін құрайды.

**Ұлттық қауіпсіздік** - бұл мемлекеттің ұлттық мүддесіне төнетін қауіп-қатерлер жағдайы. Ұлттық қауіпсіздіктің ішіндегі ең маңыздысы ұлттық экономиканың тұрақтылығын құрайтын-**экономикалық қауіпсіздік**.

Экономикалық қауіпсіздіктің негізгі қауіптеріне:

- а) Өндірістің қысқаруы;
- б) Құрылымдық арақатынастардың күшеюі;
- в) Елдің азықтық деңгейінің төмендеуі;
- г) Ғылыми-техникалық әлеуеттің төмендеуі;
- д) Елдің әлеуметтік- экономикалық дамуының біркелкі болмауы;
- ж) Барлық деңгейде экономиканы басқарудың нашарлауы;
- з) Халықтың өсіп-өнуінің кері кетуі;
- к) Экономиканың криминалдық жағдайларға айналуы;

*Экономикалық қауіпсіздіктің* ең маңыздысы- өндірістің қысқаруы, себебі, ол өндірістің деиндустриализациялануына әкеледі, яғни ондаған жылға артта қалуға әкелуі мүмкін.

*Құрылымдық* арақатынастардың экономикалық қауіпсіздігі табиғат ресурстарының таусылуы, соның салдарынан әлемдік рынокке тәуелділігі.

*Елдің азықтық деңгейінің* төмендеуінен елдің ішкі рыногында импорттық өнімдер үлесінің жоғарылауына әкелуі мүмкін. Бұл қауіпсіздіктің қатерлілігі ауыл шаруашылық өндірістерінің тұрып қалуына байланысты.

*Ғылыми-техникалық әлеуеттің* қысқаруы ғылыми зерттеу мекемелері санының қысқаруына, ғылыми қызметкерлер санының төмендеуіне, техникалық деңгейдің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

*Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының* біркелкі болмауы ұлттық қауіпсіздіктің көпшілік үлесін алады. Себебі, елдің нақты табысы, тұрғын үймен қамтамасыз етілуі, жұмыссыздық деңгейдің өңірдегі дағдарыстық жағдайлардың бір- біріне әсері бар.

*Елдегі салалардағы көптеген мәселелердің шешілмеуі, заңдарда жіберілген қатерліктер,* экономика дамуындағы пайда болған көптеген мәселелер, атқарушы ұйымдардың көптеген қатерліктері басқарудың нашарлығының себептері бола алады. Мыс.: жалақы, зейнетақы, жәрдемақы төлеулердегі кешіктірулері, шаруашылық субъектілерінің инвестициялық белсенділігін көтеру, салықтық жүйені жетілдіру тағы басқалары төңірегінде.

*Халықтың өсіп- өнуінің,* халықтың ұдайы өндірісі механизмінің кері кетуі, яғни ол елдің табиғи ресурстық әлеуеті, өндірістік, ғылыми- техникалық қолданулар, оларды жасау мүмкіндіктерінде кері жағдайда айқындалады.

*Экономика криминализациясы* экспорттық- импорттық операцияларда, қаржылық рынок сферасында, сот, басқару жүйесінде көрініс табуда. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде мониторинг жүзеге асады.

*Мемлекеттік мониторинг*- бұл елдің ұлттық қауіпсіздігін сипаттайтын көрсеткіштер динамикасының ақпараттық- аналитикалық жүйесі.

**3.** Базалық жағдайда мемлекеттің әлеуметтік- экономикалық даму құрамына демографиялық жағдайлар көрсеткіштері ерекше әсер етеді. Ол әрбір мемлекеттің өзіндік әлеуметтік- экономикалық және демографиялық қоғамдағы дамуымен анықталады.

Тұрғындардың өсіп- өнуіне де демографиялық болжаулар жасалады және ол көп сатылы, күрделі процесс.

Алғашқы сатысы- **аналитикалық**. Оның құрамына ел ішіндегі демографиялық жағдайларды болжаудың бастапқы кезеңіндегі талдаулар, демография нәтижелеріне, өткен кезеңдегі қоғамның даму нәтижелеріне баға беру, демографиялық болжаулардың көрсеткіштерімен салыстыру; көрсеткіштердің фактілік есебі мен болжаулар арасындағы ауытқушылықтарын, себептерін анықтаулар енеді.

Екінші сатысы- **мақсатты**. Бұл сатыда демографиялық болжау мақсаты анықталады.

Мақсаттарының сипатына қарай 2 топқа айырамыз:

1-топта. Бұл мақсатта өткен кезеңдегі елдегі демографиялық дамуда пайда болған мәселелерді шешу немесе соған қол жеткізу анықталады.

2-топта. Болжау кезеңінде демографиялық жағдайларға өзгертулер енгізе отырып алдын- ала анықталған мақсаттарға қол жеткізу, мұнда елдегі демографиялық жағдай экономика мен әлеуметтік ортаның дамуын болжау кезеңіне қарасты болғандықтан, соның мақсатын қажет ететіндігін көрсетеді.

Үшінші саты- **есептік**. Оның болжамдық көрсеткіштеріне: халықтар саны, санының өсуі, халықтар құрылымы (жас ерекшеліктері, территориялық, білім деңгейі) кіреді. Демографиялық дамуға әсер етуші факторларды 2 топқа бөлеміз:

*1-ші объективті факторлар*: салт- дәстүр, әдет- ғұрып, діни- сенімдері, халықаралық жағдайлар, соғыс- жанжалдар нәтижесі және де түрлі әлеуметтік сілкіністер т.б.

*2-ші басқаруға боларлық әсер ететін факторлар* құрайды. Мыс: медицина ғылымындағы прогресс, медициналық қызмет сапасы, тұрғындардың мәдени ағарту деңгейі, тұрғын үй мәселесі, тұрмыс жағдайы, табыс мөлшері және т.б.

Әрбір фактордың әсер етуі бөлек есептеледі, соңынан барып барлық факторлардың жалпы әсері анықталады.

Болжаулар көрсеткіші құрамындағы айрықша мәнділері төмендегідей: елдегі тұрғындардың болжаулы саны; тұрғындардың еңбек потенциалы; тұрғындардың экономикалық потенциалы; тұтынушы потенциалы; тұрғындардың өмірлік қоры және т.б.

Тұрғындардың болжау саны- туылу, қаза болу, оның құрылымы, масштабы, үдемелі миграциялық процестеріне байланысты.

Демографиялық болжаулар түрлі кезеңдерге жасалады: қысқа мерзімді 1-10 жж. дейінгі аралықты, орта мерзімді 10-25жж, ұзақ мерзімді 25-50жж, өте ұзақ мерзімді 50 жастан жоғары.

Болжау мерзімін ұзартқан сайын болжау дәлдігі төмендейді. Маман-демографтардың ойларынша 20 жас төңірегінде жасалған болжаулар тәжірибеде жоғары баға береді.

Демографиялық болжаулар варианттары мүмкіндігінше экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, сыртқы экономикалық, ішкі саясат және басқа да факторлары ел ішіндегі демографиялық жағдайларға әсер етіп отырады.

Демографиялық факторлар құрамы, олардың әсер ету сипатына қарай әрбір аймақ үшін әртүрлі. Бір аймақта миграциялық фактор өте зор мәнді болса, екінші біріне- табиғи климаттық, ал үшіншісіне- өткен жылдардағы соғыс жағдайы нәтижесі, төртінші бірінде- ұлттық ерекшеліктері.

Аймақты демографиялық болжаулар ірі, орташа және кішігірім аймақтар деңгейінде жасалады.

Болжамдар тізбегі осы үш деңгейде өзара байланыстыра жасалады, мыс: республикада, ірі экономикалық ауданда, онан кейін орташа деңгейде (өлке,облыс),соңынан кіші өңірлерде (қала, аймақ). Осындай тізбекті болжаулар көрсеткіші жоғары деңгейлерден төменгі деңгейлеріне беріліп отырады. Төменгі деңгейдегі көрсеткішті негіз ете отырып жоғары деңгейдегі көрсеткіштердің жасалуы да мүмкін. Мұны керісінше тізбектелу деп аталады.

## Семинар сұрақтары

- 1.Демографиялық дамуды болжау.
- 2.Қоғам мен табиғаттың өзара әрекетін болжау.
- 3.Ұлттық қауіпсіздікті болжау.

## ТАҚЫРЫП 6. ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУДЫ БОЛЖАУ

1. Халықтың өмір сүру деңгейін болжау
2. Әлеуметтік салалар дамуын болжау
3. Халықтың жұмысбастылығын болжау

1. Мемлекеттің әлеуметтік саясатының мақсаттары:

- халықтың іскерлік өмірі мен материалдық жағдайын нығайту;
- халықтың тиімді жұмысбастылығын қамтамасыз ету;
- азаматтардың әлеуметтік қорғау, білім, денсаулық қорғау, мәдениет төңірегіндегі конституционалдық құқықтарын қамтамасыз ету;
- экономикалық белсенді халыққа іскерлік бастамаларды және іскерлігін дамыту үшін жағдайлар жасау;
- тұтыну бағаларының өсуіне байланысты зейнетақыны индексстеу, әлеуметтік қорғалу деңгейін көтеру.

Әлеуметтік дамудың жалпылама көрсеткіші адамның материалдық және рухани қажеттіліктерінің деңгейін бейнелейтін халықтың өмір сүру деңгейі болып табылады. Халықтың өмір сүру деңгейін көтеру экономикалық дамуының және әлеуметтік болжау жүйесін жасаудың негізі болып есептеледі.

Халықтың өмір сүру деңгейін көтеру факторларының 3 тобы бөлінеді:

Бірінші топ, адамдардың өмір сүруін қамтамасыз ететін тамақтану, киім, тұрғын үй, күнделікті тұрмыстық заттармен қамтылудан тұрады. Бұл жердегі негізгі мәселе – тамақтануды құндылығы жоғары тамақ өнімдері есебінен нығайту, яғни мыс, ет, сүт өнімдері, жұмыртқа және көкөніс т.б. сол сияқты тұрғын үй қажеттілігін, ұзақ мерзімді қолданылатын тауарлар қажеттілігін қанағаттандыру.

Факторлардың екінші тобы денсаулықты сақтау, медициналық қамтамасыз етілу қажеттіліктерімен байланысты. Бұл денсаулық сақтауды дамыту, белсенді демалыс жағдайларын жасау, қоршаған ортаны қорғауды дамытуды ұсынады.

Факторлардың үшінші тобы адамның әлеуметтік, мәдени және рухани әлемін жан-жақты дамыту мен жетілдіруді қосады.

Халықтың өмір сүру деңгейін жоспарлауда табиғи және құндық көрсеткіштер кешені есептеледі:

- халықтың бүтіндей немесе жекелеген әлеуметтік топтарының туылу, өну, табиғи өсу коэффициенті;
- халықтың бүтіндей немесе жекелеген әлеуметтік топтарының денсаулық жағдайы және оның өмір сүру ұзақтығы, аурушаңдығы;
- жұмысбастылығы (жұмыссыздардың деңгейі, біліктілігі, жұмыс апталарының ұзақтығы т.б.);
- жеке тұлға дамуы қажеттілігін қанағаттандыру (халықты білім деңгейі бойынша бөлу, білім алу және мәдениетке жұмсалатын тұтыну қоры мен мемлекеттік бюджеттегі қаржы үлесі);
- қоршаған орта жағдайы;
- тұтыну қоры;
- халықтың игіліктер мен қызметтерді тұтынудың жалпы көлемі;



- халықтың жинаған қорлары.

Сол сияқты салыстырмалы немесе үлестік көрсеткіштер де қолданылады:

- қызметкерлер мен жұмысшылардың орташа жалақысы;
- зейнетақы мен шәкіртақының орташа шамасы;
- жан басына шаққандағы жиынтық ақша табысы;
- жанұяның бір мүшесіне келетін тұрғын үй алаңы;
- жан басына шаққандағы денсаулық сақтауға кеткен шығындар;
- бір білім алушыға кеткен шығындар.

Қажеттілікті қанағаттандырудың сапалық жағын бейнелейтін көрсеткіштер де есептеледі:

- жан басына шаққандағы өте қажетті тамақ өнімдерін тұтыну;
- тамақтану калориялылығы;
- жақсы жабдықталған пәтерлерден үлесі және т.б.

Маңызды жалпылама көрсеткіштер: халық табысы. Оның шамасы ұлттық табыс көлемімен және оның өте қажетті және үстеме өнімдерге бөлінуімен анықталады. Халықтың табысы номинальды және реалды деп бөлінеді. Номинальды табиғи және жанама табыстардың ақшалай қосындысы түрінде анықталады. Номинальды табыстарының негізгі бөлігі ақшалай табыстар болып табылады.

Ақшалай табыстың 3 көзі бөлініп көрсетіледі:

- жалақы;
- меншіктен түсетін табыс (пайыз, рента, дивидендтер);
- әлеуметтік төлемдер (зейнетақы, шәкіртақы, жәрдем ақы).

Халықтың реалды табысы номинальды табыстан салық және басқа да міндетті төлемдерді алып тастау арқылы анықталады.

Реалды табыс өндірістің дамуына, тұтыну бағаларына, бөлу қатынастарының сипатына (әлеуметтік қорлар арқылы еңбек бойынша, жеке қызмет нәтижелері бойынша) байланысты, тәуелді.

Болжамдық және жоспарлық есептеуде халықтың ақшалай табыстары мен шығындарының балансы қолданылады. (Кесте - 1).

Ақшалай табыстары тең шығындардың балансы жекелеген әлеуметтік топтар бойынша да жасалады және ол халықтың әр топтарын анықтайды. Халықтың ақшалай табыстары мен шығындарының балансы ақша айналымын реттеу үшін, бөлшек сауда көлемін болжау үшін, халықтың сатып алу қорын есептеу үшін қолданылады.

Өмір деңгейі - бұл халықтың қажетті материалдық игіліктермен қызметтермен қамтамасыз етілуі, оларды тұтынуға қол жеткізу мүсміңдігі мен қажеттіліктерді тиімді қанағаттандыру деңгейі.

Белгілі бір уақыт аралығында үй шаруашылығының орташа тұтынған қызметтер мен игіліктерін ақшалай бағалау өмір құнын білдіреді.

«Халықтың өмір сүру деңгейі» түсінігінің кең мағынасын ашу үшін өзіне өмір сүру жағдайлары, еңбек, жұмысбастылық, денсаулық, білім алуы, қоршаған орта жағдайы, тұрмысы мен бос уақытының болуы сияқты көрсеткіштерді қосады.

Кесте – 1. Халық табысы мен шығыстарының балансы

| Көрсеткіштер                                     | ЖЫЛ        |   |
|--|------------|---|
|  | млн. теңге | % |
| Табыстар:  |            |   |
| 1. Еңбек ақы                                     |            |   |
| 2. Әлеуметтік трансферттер                       |            |   |
| 3. меншіктен түсетін табыс                       |            |   |
| 4. Кәсіпкерліктен түсетін табыс                  |            |   |
| 5. басқа да табыстар                             |            |   |
| Барлық табыстар                                  |            |   |
| Шығыстар мен қор жинау                           |            |   |
| 1. тауарлар мен қызметтерді сатып алу            |            |   |
| 2. міндетті төлемдер мен взностар төлемі         |            |   |
| 3. қор жинау, бағалы қағаздар                    |            |   |
| 4. шет ел валюталарын ұстау, жинау               |            |   |
| Барлық шығыстар мен қор жинау                    |            |   |
| Шығындардан табыстардың жоғарылауы:<br>өсімі (+) |            |   |
| қолдағы ақшаның азаюы (-)                        |            |   |
| Автордың құрастыруымен                           |            |   |

Бұл түсініктерді көбіне өмір сапасы деп аталады. Халықтың өмір сүру деңгейін 4-ке бөлуге болады:

- ауқаттылық, молшылықтағылар (адам дамуының жан-жақты қамтамасыз ететін игіліктерді қолдану);
- қалыпты деңгей (адамның физиологиялық және интеллектуалдық күшін қалпына келтіруді қамтитын тиімді тұтынудың ғылыми нормалары бойынша қамтамасыз етілуі);
- кедейшілік (жұмысқа қабілеттілік деңгейін сақтауда игіліктерді тұтыну, жұмысшы күшінің ұдайы өндірісінің төменгі шекарасы);
- жоқшылық (адамның тек өмір сүру қабілетін ұстап тұруға мүмкіндік беретін игіліктер мен қызметтерді тұтынуы).

***Әлеуметтік нормативтер мен минималды тұтыну бюджеті***

Халықтың өмір сүру деңгейін жоспарлауда маңызды орынды қоғамдағы әлеуметтік үдерістердің бағыттарын ғылыми негіздейтін әлеуметтік нормативтер алады.

Әлеуметтік нормативтерді әлеуметтік салалардың материалдық базасының кеңеюі, халықтың табыстары мен шығыстары, әлеуметтік қамтылуы мен қамтамасыз етілуі, материалдық игіліктер мен қызметтерді тұтыну, қоршаған ортаның жағдайы, тұтыну бюджетіне байланысты бөлінеді.

Бұдан басқа, негізгі әлеуметтік нормативтерге кіреді: төменгі жалақы және уақытша жұмыссыз отырғандарға төлейтін жәрдем ақы, қарт кісілер үшін және еңбекке қабілетсіз азаматтар мен мүгедектер үшін төлейтін төменгі еңбек және әлеуметтік зейнетақылар және т.б.

Бұлардың барлығының жиынтығы мемлекеттің азаматтарды төменгі еңбек ақы, зейнетақы көлемін және тегін білім алу, тегін денсаулық сақтау қызметтерін тұтыну сияқты минимальды әлеуметтік кепілдемелер жүйесін құруы.

Өмір сүру деңгейіне халықтың материалдық игіліктер мен қызметтерді тұтынушының қосынды нормативті тұтыну бюджетінің тікелей қатысы бар. Тұтыну бюджетінің минимальді және рациональды түрлері бар. Одан басқа, кедейшілік деңгейін анықтайтын күн көру шегі көрсеткіші қарастырылады. Ол 2 түрде бейнеледі:

1. Әлеуметтік
2. Физиологиялық.

Әлеуметтік күн көру шегін әлеуметтік, рухани және физиологиялық қажеттіліктерді қанағаттандырудың минимальді нормасын қамтамасыз етеді. Бұлар қалыпты өмір сүру деңгейін сақтау үшін қажетті деп есептелетін қоғамның құндық тұрғыдағы тауарлар мен қызметтер жиынтығы.

Физиологиялық күн көру шегін тек басты физиологиялық қажеттіліктер мен қызметтерге төлемді ғана қанағаттандыруға есептелген. (киім, аяқ киім және басқа да азық-түліктік емес тауарларсыз).

Күн көру шегін анықтау үшін тұтыну қоржыны әдісі қолданылады. Тұтыну қоржынына тамақ өнімдерінің 25 түрі кіреді. (нан өнімдері, кейбір сүт және ет өнімдері, кант, картоп, капуста, пияз, алма).

Адам дамуы индексі - жоспарлаудың басты мақсаты халықтың өмір сүру деңгейін сипаттау үшін өмір сүру өзгерісінің динамикасының анықтайтын және бұл көрсеткішті халықаралық салыстыруға мүмкіндік беретін интегралды көрсеткіш құжат.

Бұл үшін ұзақ уақыт бойы демографиялық көрсеткіш қолданылып келді, ол көрсеткіштерге халықтың өмір сүру ұзақтығы, балалар өнімдерінің деңгейі және экономикалық көрсеткіштер: жан басына шаққандағы ЖІӨ, тұтыну бағаларының индексі кірді.

Дегенмен, әлемдік бірлестік көрсеткендей, экономикалық өсу позитивті әлеуметтік зардаптармен үнемі бірге ілесе алмайды.

Сондықтан демографиялық және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерден тұратын халықтың өмір сүру деңгейінің көрсеткішер жүйесі біртіндеп қалыптасып, дамып келеді.

Соңғы жылдары халықаралық және аймақтық салыстыруда қолданылатын жалпылама даму деңгейінің интегралды көрсеткіші адам әлеуеті дамуының индексі болып табылады, ол негізгі көрсеткіш ретінде елдің әлемдік бірлестіктегі орны және елдің рейтингі анықталады.

Адам Әлеуеті дамуының индексі өмірдің 3 негізгі факторын бейнелейді:

- ұзақ өмір сүру;
- білімділік;
- табыс.

Бұл факторлардың әрқайсысына белгілі көрсеткіштер жиыны тән.

Ұзақ өмір сүру ұзақтығы, көрсеткішімен өлшенетін тұлғаның ұзақ та, жақсы өмір сүруді білдіреді.

Білімділік деңгейі келесі көрсеткіштермен сипатталады: ересек тұрғынның сауаттылығы және оқу орындарына түсетін оқушылардың жиынтық индексі.

Табыс валюталарды сатып алу паритетіндегі жан басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткішімен бағаланады.

Әрбір компонент бойынша жекелеген индекстер анықталады (күтілетін өмір индексі, алынған білім индексі, жан басына шаққандағы ЖІӨ индексі).

Фактілік өмір деңгейінің көрсеткіштерінің мәнінің жекелеген индекстерін құруда тұрақты минимальді және максимальді мәндер қолданылады.

Жекелеген индекс мына түрде анықталады: 
$$I = \frac{\text{факт} - \text{min}}{\text{max} - \text{min}}$$

Мұндағы, факт, min және max – фактілік минимальді және максимальді мәндер көрсеткіштері.

Өмір ұзақтығы индексін есептеуде max мән ретінде – 85 жыл, ал min мән ретінде – 25 жыл есепке алынады, ал халықтың білімділік деңгейінің индексі 100% және 0-ге сәйкес, реальды ЖІӨ-нің орташа жан басына шаққандағы индексі – 40000 АҚШ доллары және 100 доллар.

Мысалы: 
$$I_{\text{өмір сүру ұзақтығы}} = \frac{75 - 25}{85 - 25} = \frac{50}{60} = 0,83$$

Осы тұрғыда, АӘДИ үш компоненті қосады және үш индексте орташа арифметика түрінде анықталады.

Индекс шамасы 0-ден 1-ге дейін өзгереді, неғұрлым бірге жақын болса, соғұрлым адам әлеуетінің дамуы жоғары болады.

АӘДИ мәні 0,8-ден төмен болмайтын елдер жоғарғы даму деңгейіне жататын елдер тобына кіреді. Орташа - 0,5-ден 0,8-ге дейін, ол 0,5-тен төмен болса, төменгі даму деңгейіне жататын елдер. БҰҰ даму бағдарламасының бағалауы бойынша 1997 жылы 1 және 3-ші орынды Канада, Норвегия және АҚШ елдері алды.

Білімділік деңгейінің индексі бойынша біздің ел дамыған елдер қатарына жақын елміз, ал қалған позициялар бойынша дамушы елдер деңгейіндеміз. АӘДИ-ін өңірлерді бөлек немесе бүтіндей және жекелеген компоненттер бойынша есептеуге болады. Осы түрде АӘДИ көмегімен елдің, ел ішінің және аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша ретке келтіруге болады. АӘДИ адам әлеуетінің ұлттық және аймақтық деңгейдегі даму бағдарламаларын қаржыландыру масштабын анықтау үшін қажет.

АӘДИ-ке кіретін жекелеген компоненттерді салыстыру әлеуметтік даму бағдарламаларында сәйкес басым бағыттарының пайда болуына мүмкіндік береді.

2. Әлеуметтік саладағы реформалардың түпкі мақсаты - әлеуметтік сала субъектілеріне теңдей құқықтар мен теңдей мүмкіндіктер беру арқылы әлеуметтік бастамашылдық пен белсенділікті орнықтыру, яғни әлеуметтік жүйені нарықтық қатынастардың толыққанды субъектісіне айналдырмай тұрып, қандай да бір қоғамдық және әлеуметтік ілгерілеу туралы сөз қозғаудың өзі орынсыз. Ендеше әлеуметтік саясат ұстану барысында мемлекет тұрғындардың қалған топтарының инновациялық белсенділігіне арқа сүйемей тұра алмайды.

Әлеуметтік саясат дегеніміз - адамдар мен қоғамның жан-жақты дамуы үшін жағдайлар жасау және алуан түрлі әлеуметтік топтардың белгілі бір құқықтық қалпын (статусын) сақтау мен қолдауға, адамдардың әлеуметтік жағынан қорғалуын қамтамасыз етуге байланысты мемлекеттің іс жүзіне асыратын кешенді шаралары болып табылады. Бұл саясат экономиканы мемлекеттік реттеудің маңызды бағыттарының бірі қатарында қоғамның тұрмыс халінің жоғары деңгейде болуына және оның одан әрі дами түсуі үшін жағдай жасайтын құрал болып табылады.

Әлеуметтік саясатты қалыптастырудың қажеттілігі рыноктік механизмнің қызметі өзінен-өзі барлық қоғам мәшелерінің тұрмыс халінің ең қажетті төмендігі деңгейінің өзін қамтамасыз ете алмайтындықтан болып отыр.

Қазақстанның әлеуметтік саясатын жетілдірудің төмендегідей үлгісін ұсынамыз (сурет 2).

Әлеуметтік саясаттың негізгі міндеттерін қалыптастыруға болады.

Олар мыналар:

- адамдарды әлеуметтік қорғауды іс жүзіне асыру, олардың негізгі әлеуметтік-экономикалық құқықтарын іске асыру;
- әрбір адамның және тұтастай алғанда қоғамның тұрмыстық ахуалын көтеру үшін жағдайларды жасау;
- алуан түрлі әлеуметтік топтардың белгілі бір құқықтық қалпын қолдау және олардың арасындағы қатынастарды қорғау, қоғамның оңтайлы әлеуметтік құрылымын қалыптастыру мен ұдайы өндіру;
- әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамыту (тұрмыстық-коммуналдық қызметті, көліктік қатынас пен байланысты, білімдендіру саласын, денсаулық сақтау және ақпараттандыру және т.б). Бұл саланың өнімдерінің көлемі, сапасы және сипаты халықтың өмір сүріп тіршілік етуін қамтамасыз ететіндей болу керек. Бұған қалалық және территориялық жоспарлау жалғастырылады да, қоршаған ортаны да қорғау ендіріледі;
- қоғамдық өндіріске қатысу үшін экономикалық ынталылықты қалыптастыру;
- адамдардың жан-жақты дамуы үшін олардың қажетсіну жүйелерін жасау және ерікті түрдегі еңбекке араласу мүмкіндігін қарастыру;

Әлеуметтік саясаттың негізгі міндеті - әлеуметтік қорғаудың тиімді жүйесін қалыптастыру болып табылады.



Сурет 2 - Қазақстан Республикасының әлеуметтік саясатын жетілдіру үлгісі

3. Тұрғындардың еңбек потенциялы- оның экономикалық мүмкіндіктерін бейнелейтін көрсеткіш. Еңбек потенциалын анықтау үшін тұрғындардың жекелеген жас аралығындағы топтар ішіндегі орташа еңбекке жарамдылығы жөніндегі ақпараттарға ие болуымыз керек.

Тұрғындардың еңбек потенциялы негізінде экономикалық потенциалды есептеуімізге мүмкіндік аламыз.

Формула түрінде:  $O_{\text{пр(бол)}} = \sum V_{1, \dots, n} \bullet Ч_{1, \dots, n}$ ,

$O_{\text{пр(бол)}}$ -тұрғындардың болжау кезінде қалыптасқан ЖҰӨ көлемі;

$V_{1, \dots, n}$ -ЖҰӨ-нің бір адамға шаққандағы болжаулы мөлшері;

$Ч_{1, \dots, n}$ -тұрғындардың болжаулы саны;

$n$ - жас аралығы топтар саны.

Тұрғындардың тұтыну потенциялы көрсеткіші- азық- түлік және одан басқа тауарлар көлемін бейнелей отырып болжау кезеңі барысындағы тұрғындардың көлемін көрсетеді.

Формула бойынша:  $ПП = \sum H_{1, \dots, n} \bullet Ч_{1, \dots, n}$ ,

ПП- тұрғындардың тұтыну потенциялы;

$H_{1, \dots, n}$ -түрлі топтағы тұрғындардың тұтыну мөлшері;

$Ч_{1, \dots, n}$ - түрлі топтағы тұрғындардың болжаулы саны;

$n$ -топтар саны.

Экономикалық және тұтынушылық потенциалдар мөлшері арасындағы айырмашылық тұрғындардың экономикалық тиімді өмірін көрсетеді.

$$\Delta_{\text{ж}} = O_{\text{бол}} - ПП$$

Тұрғындардың *өмірлік қор көрсеткішін* болжаулар кезеңдерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайлар төңірегінде түрлі жас аралығында өмір сүрген тұрғындарының өміршеңдік жылдармен анықталады.

$$ЖФ = \sum T_{1, \dots, n}^{\text{орт}} \bullet Ч_{1, \dots, n}$$

$T_{1, \dots, n}^{\text{орт}}$ -әр топтағы бір ғана адамның орташа өміршеңдік;

$Ч_{1, \dots, n}$ -әр топтағы тұрғындардың болжаулы саны;

$n$ -топтар саны.

### Семинар сұрақтары

1. Халықтың өмір сүруін болжау
2. Халықтың өмір сүру деңгейін көтеру факторлары
3. Халықтың өмір деңгейінің жалпылама көрсеткіштері
4. Халықтың ақшалай табыстары мен шығындарының балансы
5. Адам дамуы индексі

## **ТАҚЫРЫП 7. ҒЫЛЫМИ- ТЕХНИКАЛЫҚ ПРОГРЕСТІ БОЛЖАУ**

### **1. ҒТП-ті болжау**

### **2 Әлемдік ғылымның даму үрдістерін талдау**

### **3 Қазақстан ғылымының бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселелері**

1. Елдің басты мақсаты орнықты әлеуметтік-экономикалық даму үшін талап етілетін білімді алуды, жинақтауды және беруді қамтамасыз ететін ғылым жүйесінің бәсекеге қабілеттілігі мен теңгерімділігіне қол жеткізу болып табылады.

Бұл ретте ғылымды жүйелі дамытудың негізгі басымдықтары мыналар болып табылады:

1. Ғылымды дамытуды мемлекеттік және жеке сектордың құрамдас функциясы және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қол жеткізуінің негізгі стратегиялық басымдықтарының бірі ретінде айқындау;

2. Экономика мен қоғамның тың жаңалықтарды қабылдаушылығын жан-жақты ынталандыру (сұранысты ынталандыру) және оларды отандық ғылыми-техникалық әлеуеттің орындауы үшін жағдайлар жасау (ұсыныстарды ынталандыру);

3. Ғылымды дамыту үшін қолайлы жағдайлар және оны қолдаудың тетіктерін жасау.

Қойылған мақсатты іске асырудың негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- ғылыми-техникалық саланы басқаруды жетілдіру;
- ғылыми инфрақұрылымды жаңғырту;
- жоғары білікті ғылыми және инженерлік кадрларды даярлау және оларды ғылыми қызметке ынталандыру;
- ҒЗТКЖ-ны қаржыландыру көлемін ұлғайту, оның ішінде жеке инвестициялар тарту тетіктері арқылы ұлғайту.
- ғылыми-техникалық қызметтің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру;
- ғылымды дамыту үшін қолайлы ақпараттық орта қалыптастыру.

Ғылыми-техникалық саланы дамытудың басты принциптері: ашықтық; бәсекелестік; жүйелілік; коммерцияландыруға бағдарланушылық; серпінділік сипаты және әлемдік ғылыми кеңістікке ену, ғылымның, білім мен өндірістің кірігуі болуға тиіс.

Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың 2007-2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Мемлекет басшысының 2007 жылғы 28 ақпандағы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауын, Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 6 сәуірдегі № 310 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2005-2007 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын,



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 4 шілдедегі отырысының № 10 хаттамасын іске асыру мақсатында әзірленді.

Ғылым саласындағы мемлекеттік саясат білімдерді алуды, жинақтауды және оны технологияға ауыстыру мен экономиканың нақты секторына беруді жан-жақты ынталандыруға бағытталуға тиіс. Бұл мемлекеттік және жеке секторлардың адами ресурстар мен инфрақұрылымды дамыту саласында қаржыландыру үшін ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердегі басымдықтарды таңдап алуға, оларды іздеуге, іріктеп алуға және сараптауға, инвестициялар тартуға, сондай-ақ процеске қатысушы барлық тараптар арасында зияткерлік меншікке құқықтарды бөлу мен заңдық тұрғыдан бекітуге өзара тиімді қатысуын көздейді.

Осыған байланысты, бәсекелі ғылыми-техникалық жүйені дамыту мен оны қаржылық, кадрлық, материалдық әрі ақпараттық ресурстармен қолдау үшін ғылыми-техникалық саланың мемлекеттік және жеке секторларына қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі ұзақ мерзімді бағдарлама әзірлеу және оны іске асыру қажет.

Мемлекеттік бағдарлама отандық ғылыми әлеуетті дамытуға және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін Қазақстан Республикасы азаматтарының әлауқатын арттыру мен елді әлеуметтік-экономикалық дамыту үшін жан-жақты пайдалануға бағытталған.

**2.** Қазіргі заманғы әлемдік экономикада материалдық құндылықтардан гөрі зияткерлік әлеуетке көбірек назар аударылады. Ұлттың қазіргі заманғы және тиімді білім беру жүйесін қолдауға, оқыту арқылы жұмыс күшінің зияткерлік әлеуетін арттыруға қабілеттілігі бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету үшін аса маңызды факторға айналуда.

Қазақстан қазіргі кезде экономиканы дамытудың индустриялық-инновациялық сатысына аяқ басты. Бұл кезең нарықтық шарттар талаптарына ғылым жүйесін қазіргі заманғы экономикалық талаптарға қайта бағдарлануымен сипатталады, сөйтіп, тиісті нормативтік құқықтық базамен реттелетін ғылымды дамытуды құрылымдық, ұйымдастырушылық, кадрлық, инфрақұрылымдық және қаржылық қамтамасыз етуде түбегейлі өзгерістерге алып келуге тиіс.

Ғылыми-техникалық әлеуетті дамыту экономиканың дәстүрлі секторларына тән болып табылмайтын ілеспелі фактор ретінде қарастырылмауға тиіс. Ғылым саласы – бұл да басқа секторлар үшін ортақ барлық ерекшеліктерге, ережелер мен реттеу тетіктеріне ие экономиканың бір секторы.

Қазақстан экономикасының 80%-тен астамы жеке сектордың қолында болып отырған жағдайда нарықтық талаптарға әлсіз бағдарланды мұраланған ғылым жүйесін реттеу принциптері ескірген әрі барабар болып табылмайды.

Жаңа технологиялар мен ғылымды қажетсінетін өнімді әзірлеу мен өндіріске енгізу ішкі және сыртқы нарықтарда бәсекелестік басымдыққа қол жеткізу мен оны сақтаудың маңызды факторы болып отырған кезде ғылыми-техникалық әлеуетті дамытуға жеке секторды тартудың тиімсіз тетігі, ҒЗТҚЖ саласына қатысушылардың салыстырмалы түрде төмен белсенділігі Қазақстандағы барлық ғылыми-техникалық жүйенің әлсіз буыны болып қалуда.

Сонымен, мысалға алатын болсақ, экономикасы дамыған елдерде (АҚШ, Жапония, Финляндия) өнеркәсіп кәсіпорындары ҒЗТКЖ-ні өзін-өзі өтеу және өзін-өзі қаржыландыру шартында жүзеге асырады және мемлекеттік шығыстардың үлесіне орта есеппен 30% келсе, өнеркәсіп кәсіпорындары ҒЗТКЖ-ға арналған барлық ұлттық шығыстың 70%-іне дейін игереді.

Ғылымды қажетсінетін өнімдер үлесі мен ғылымға арналған шығыстар ІЖӨ-нің жалпы көлемінде экономиканың білімдерге негізделген негізгі көрсеткіштері болып табылады.

Өткен онжылдықтың соңында экономикасы дамыған елдердің көбінде зерттеулер мен әзірлемелерге арналған ішкі шығындар үлесі орта есеппен алғанда ІЖӨ-нің жалпы көлемінде 3,0 %-ті құрады (Швецияда – 3,8%; Финляндияда – 3,5%; Жапонияда – 3,04%; Швейцарияда – 2,73%; АҚШ-та – 2,84%; Германияда – 2,44, бұл ретте бұл шығыстардағы мемлекеттің үлесі орта есеппен 25-34%-ті құрады).

Экономикасы дамыған елдерде адам басына шаққанда ҒЗТКЖ-ға арналған шығындар: АҚШ-та – 892, Швецияда – 875, Финляндияда – 726, Швейцарияда – 688, Исландияда – 613, Германияда – 580, Данияда – 541, Норвегияда – 479, Францияда – 478, Ресейде – 420 АҚШ долларын құрайды. ҒЗТКЖ-мен айналысатын бір адамға жұмсалатын шығыс: АҚШ-та – 123 299, Жапонияда – 113 886, Германияда – 154 234, Ұлыбританияда – 146 422 АҚШ долларын құрайды.

Ғылымды қажетсінетін өнімдердің әлемдік нарығындағы көшбасшы елдерде ІЖӨ-нің жалпы көлеміндегі ғылымға арналған шығыстар үлесі, оның ішінде салық салу жеңілдігі, кедендік төмен баж салығы, бюджеттік қолдау көрсету, инвестицияларды ынталандыру, ғылыми жабдықтар лизингі сияқты экономикалық тетіктер қолдану жолымен қатаң бақыланады.

Әлемдік нарықтағы Ресейдің ғылымды қажетсінетін өнімдер үлесі 0,3-0,5, Еуропалық Одақ елдері – 35, АҚШ – 25, Жапония – 11, Сингапур – 7, Оңтүстік Корея – 4, Қытай - 2 %-ті құрайды.

Дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей, жаңа білімдері немесе шешімдері бар жаңа немесе жетілдірілген технологиялар, өнімдер, жабдықтар үлесіне ІЖӨ өсімінің 70-тен 85%-іне дейін келеді.

3.Қазақстандағы ғылыми-техникалық дамуға жүргізілген макроэкономикалық талдау ІЖӨ-дегі жаңа ғылыми өнім үлесінің соңғы жылдары 1,1%-тен, кәсіпорындардың ғылыми өнімдер өндіру жөніндегі белсенділігі – 2,3%-тен артпайтынын көрсетті. Бұл ғылыми-техникалық қызметтің елдің экономикалық дамуына әлі де негіз бола қоймағанын көрсетеді. Бұл ретте мемлекеттік кәсіпорындардың төмен белсенділігі кезінде (0,6%), неғұрлым жоғары белсенділік шетел қатысатын (5%) және меншіктің жекеше (3,7%) нысанындағы кәсіпорындарға тән екенін атаған жөн.

Ғылым экономиканы реформалау процесінен тыс қалды. Ол экономикалық және әлеуметтік прогресстің факторларын жандандыру және Қазақстанның дамыған елдерден артта қалуын еңсеру үшін аса қажетті ғылыми «негіздің» дәйекті жасалуын қамтамасыз етпеді.

Проблемаларды неғұрлым егжей-тегжейлі талдау Қазақстандағы ғылымның дамуын тежейтін негізгі факторларды айқындауға мүмкіндік береді.

Ғылым саласының ұйымдастырушылық құрылымында шешімдер қабылдауда, жеке сектор ресурстары мен әлеуетін пайдалануда жүйе жоқ. Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен орындалатын ғылыми зерттеулер бағдарламалары әкімшілері санының көп болуы елде жүргізілетін зерттеулерге бірыңғай әкімшілік ету мен үйлестірудің заңдық тұрғыдан бекітілген нормасын іске асыруды қиындатады.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудағы құрылымдық сәйкессіздік ҒЗТКЖ нәтижелеріне сұраныстың іс жүзінде болмауына әкеп соқтырды. Мысалы, қазақстандық ғылымның өзіндік сипаттарының бірі қаржыландырудың негізінен (71%) қолданбалы зерттеулерге жұмсалатыны, ал тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (бұдан әрі – ТКЖ) 8%-і ғана бөліну фактісі болып табылады. Іргелі ғылымға жұмсалатын шығыстар шамамен 21%, бұл тұтастай алғанда жалпы әлемдік орта деңгейге сәйкес келеді.

Жобалық-конструкторлық ұйымдар үлесі өте төмен: орташа алғанда 9 ғылыми ұйымға 1 ғана жобалық ұйымнан келеді. Бұл ұйымдардағы мамандар саны ҒЗТКЖ орындайтын қызметкерлердің жалпы санының шамамен 5%-ін немесе өнеркәсіптік-өндірістік кешен қызметкерлері санының 0,1%-ін құрайды.

2005 жылғы деректер бойынша ғылымның мемлекеттік сектордағы ұйымдар үлесі зерттеулер мен әзірлемелерді жүзеге асыратын ұйымдардың жалпы санының 38,2%-ін (390-ның 149-ын) құрады. Ғылымдағы мемлекеттік ұйымдар үлесінің өсу үрдісі 2001 жылдан бері байқалуда.

2005 жылы ғылымның мемлекеттік секторында зерттеулермен және әзірлемелермен айналысатын 18,9 мың адамның 10,7 мыңы жұмыс істеді, бұл олардың жалпы санының 56,6%-ін құрады. Қазақстандағы ғылыми қызметкерлердің жалпы саны 2005 жылы шамамен 54%-ке қысқарды, бұл ретте жеке секторда жұмыс істейтіндер үлесі 1,6%-ті құрайды. Шетел қатысатын кәсіпорындарда жұмыс істейтін ғалымдар саны соңғы сегіз жыл ішінде шамамен 2 есеге дейін ұлғайды.

Соңғы онжылдықта отандық ғылыми әлеуетте кадрлық құрам неғұрлым күрделі өзгерістерге ұшырады. Жоғары білікті кадрлардың ғылым саласынан кетуіне байланысты кадрлық әлеуетті қалпына келтіру жағдайы қиындады.

Мысалы, Қазақстанда зерттеулермен және әзірлемелермен айналысатын қызметкерлер саны 1991 жылмен салыстырғанда 57,6%-ке кеміді (яғни 2 еседен астам) және 2006 жылы 18,9 мың адамды құрады (қысқарудың өзіндік «шыңы» 1991-2000 жылдар аралығына келеді – 26,1 мың адам). Маман-зерттеушілер саны 60,2%-ке қысқарды және 2006 жылы 11,0 мың адамды құрады. Егер 1991-2000 жылдары Қазақстанда зерттеулермен және әзірлемелермен айналысатын қызметкерлердің барлық саны 2,8 есеге қысқарса, ғылымның мемлекеттік секторындағы қысқартулар қарқыны едәуір төмен болды.

Ел экономикасындағы өтпелі кезеңнің қорытындысы ғылыммен қамтылу құрылымының біршама өзгеруі болды. Ең көп қысқартуларға ғылыми процестерге тікелей қатысушылар – зерттеушілер (1991-2006 жылдары 56,9%-

ке) мен техниктер (1997-2006 жылдары 14,1%-ке) ұшырады. Қосалқы персонал саны 68,4%-ке, шаруашылық персонал саны - 22%-ке қысқарды.

Ғылым докторларының орта жасы орташа алғанда 55-59 жасты құрайды. Оның үстіне ғалым мамандығы беделінің тұрақты түрде төмендеуі байқалуда. Қазақстанда, BISAM Central Asia 2005 жылы өткізген сауалнаманың мәліметтері бойынша, ғалым мамандығын ел тұрғындарының 4,3%-і ғана беделді деп санайды. Ал осы мезгілде АҚШ-та мамандықтарды бір ғана беделділік дәрежесі бойынша жіктеуге бағытталған зерттеудің (2004 жыл) нәтижелері бойынша ел тұрғындарының көзқарасы тұрғысынан ең тартымдысы ғалым мамандығы болды – сауал алынғандардың 51%-і бұл мамандықты жоғары дәрежеде беделді, 25%-і – мейлінше тартымды және 20%-і – беделді деп атады.

Жалпы алғанда, 2005 жылы 50 жастан және одан жоғары жастағы ғылыми қызметкерлердің үлесі 32,9%-ке жетті, ал 1997 жылы олардың үлесі, бағалау бойынша, 29,1%-тен аспаған (60 жастан және одан жоғары жастағылар тиісінше 10,9 және 8,8 процент) еді.

Отандық жоғары оқу орындарындағы ғылыми дәрежесі бар профессорлық-оқытушылық құрамның саны 2005 жылы 15642 адамды, оның ішінде 2869-ы ғылым докторы және 12773-і ғылым кандидатын құрады.

Бұл ретте жоғары білім секторының ғылыми зерттеулерге қатысуының төмен болуының негізгі себебі оның негізінен білім беру функциясына қайта бағдарлануы болып табылады. Бұл жоғары білім саласын мемлекеттік қаржыландырудың қысқаруына, ақылы білім берудің басым дамуына, жеке оқу орындарының пайда болуына, осы сектордағы тұрақты өсіп отырған бәсекелестік аясында мемлекеттік жоғары оқу орындарының акционерленуіне байланысты болды.

Қазақстандағы ғылыми дәрежесі бар зерттеушілердің жалпы саны (профессорлық-оқытушылық құрамды есептегенде) 2006 жылы 4124 адамды, ҒЗТКЖ орындайтын ғылыми қызметкерлердің саны - 18,9 мың адамды, оның ішінде 1106 ғылым докторы мен 3018 ғылым кандидатын құрады.

Сонымен қатар, ғылыми кадрларды даярлауда келеңсіз үрдістер: ғылыми салада жұмыс істемейтін ізденушілердің диссертация қорғау үлесінің көбеюі; кадрлар даярлау жүйесінің икемділігінің жеткіліксіздігі; ғылыми-білім беру саласы қызметкерлерінің ғалым дәрежесін алғаннан кейін соған лайық материалдық қамтамасыз етілмеуінен одан әрі кәсіптік өсуге ықыласының болмауы орын алып отырғанын атаған жөн.

Осының бәрі:

- отандық ғалымдардың жарияланымдары мен патенттері ауқымының тарылуына әкеліп соқты. Мысалы, республикада орта есеппен 100 ғалымға шетелде жарияланған бір ғылыми мақаладан келеді, 15000 ғалымға бір-екі халықаралық патент алынады;
- ғылыми зерттеулерге сараптама жасау сапасының төмендеуінің нәтижесі ретінде ғылыми дәрежелерге ие болушылар санының қарқынды өсуі;
- ғылым мен өндіріс арасындағы байланыстың үзілуіне әкеп соққан қолда бар ғылыми және инновациялық әлеует пен өндірістік қажеттіліктердің перспективалық технологияларды пайдалануда сәйкес келмеуіне;

- ғылыми мектептер мен жекелеген ғалымдардың арасында бәсекелестіктің болмауына;
- жоғары білікті кадрлардың коммерциялық салаға және шетел мемлекеттерінің ғылыми ұйымдарына кетуіне;
- жаңа ғылыми-педагог кадрлар ағымының төмендеуі мен ғылыми-техникалық салада жас мамандардың жетіспеуіне;
- ғалымның әлеуметтік мәртебесінің және ғылым беделінің төмендеуіне;
- ғылыми зерттеулер нәтижелілігінің төмен болуына;
- сабақтастықтың үзілуіне әкеп соқты.

Жыл басында ғылыми-зерттеу жұмыстарын мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстар жүргізу нәтижесінде қаржыландыруды бірінші тоқсанның соңында ашуға әкеледі, бұл ағымдағы жылдың аяғына дейін жоспарланған ҒЗТҚЖ нәтижелерін алуға келеңсіз әсер етеді.

Зерттеулерді, ең алдымен іргелі сипаттағы зерттеулерді, сметалық қаржыландырудың басымдығы ғылыми ұйымдардың нәтижеге емес, ресурстарға бағдарлануын тудырады.

Зерттеулер мен әзірлемелерді орындайтын мемлекеттік сектор ұйымдары орта есеппен алғанда меншіктің жекеше нысанындағы кәсіпорындардан 3 еседей ірі. Соңғы бес жыл ішінде жекеше секторда ұйымдарды ірілендірудің аз да болса үрдісі байқалуына қарамастан, зерттеулермен және әзірлемелермен айналысатын қызметкерлердің орташа саны 100 адамнан аспайды, ал бұл цифр мемлекеттік секторда 150 адамды құрайды.

Соңғы онжылдықта отандық ғылым құрылымындағы мемлекеттік сектордың жағдайы іс жүзінде өзгере қойған жоқ: ғылыми ұйымдар, оларда жұмыс істейтін персонал және мемлекет меншігіндегі материалдық-техникалық база Қазақстанның ғылыми-техникалық кешенінің негізі болып табылады.

Тұтастай алғанда ескірген материалдық-техникалық база және бөлек алғанда зертханалық жабдықтар тұтынушының сұранысына жауап беретін ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелер жүргізуге мүмкіндік бермейді. Жобалық және конструкторлық бюролардың (институттардың) болмауы технологияларды өндіріске беру процесін тежейді, бұл ғылымның өндіріспен байланысының бұзылуына әкеп соғады.

Ғылымның мемлекеттік секторын басқару сапасы мен ғылымның жекеше секторының қоғамдық пайдалылығы төмен күйінде қалып отыр, Қазақстанның әлемдік нарықта бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында ғылыми әлеуетті іске асыру тиімділігінің жеткіліксіздігі орын алып отыр.

Сөйтіп, Қазақстанның экономикалық дамуды басқарудың дамытылған жүйесіне ие, бәсекеге барынша қабілетті әлем елдерінің қатарына кіру жөніндегі стратегиялық міндеттерін іске асыру ұзақ мерзімді бағдарлама әзірлеу мен оны орындауды, оның ішінде тиімді ғылыми-техникалық жүйені дамыту жөніндегі нақты жолдар мен шараларды көздейтін бағдарламаны талап етеді.

## Семинар сұрақтары

1. ҒТІ-ті болжау әдістері
2. Өндіріс орындары, салааралық халық шаруашылық кешенін болжау әдістері
3. Экономикалық өсуді болжау
4. Экономикалық өсу типтері

## **ТАҚЫРЫП 8. ЭКОНОМИКАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ БОЛЖАУ**

- 1. Мемлекеттік немесе ұлттық болжау жүйесі туралы түсінік**
- 2. Болжау процесінің негізгі элементтері**
- 3. Жоспарлау, жобалау**

1. Ұлттық (макроэкономикалық немесе мемлекеттік) болжау ұлттық экономиканың даму бағыттары туралы ғылыми негізделген көріністердің қалыптасу жүйесі секілді болжамды зерттеудің жиынтығына негізделеді.

Ұлттық болжау маңызы ұлттық экономиканың дамуында тиімді шешімдерді қабылдауда көрінеді. Ұлттық экономиканың даму болжамы (ұлттық болжам) сапалық және сандық формада көрсетілген және ұлттық экономиканың дамуының алдағы уақыттағы көрсеткіштері туралы көрініс беретін дәлелденген жорамалдардың кешенін білдіреді.

Ұлттық болжау негізінде ұлттық экономиканың өткені мен қазіргі жағдайына байланысты оның болашақ жағдайы анықталады. Ұлттық экономиканың өткен, қазіргі және болашақ жағдайы өз маңызында объективті заңдар мен заңдардың тұрақтылығына, процестер мен құбылыстардың үдемелілігі мен қайталанушылығына байланысты, заңдардың сандық және сапалық сипаттамасына сай, ақпараттардың толықтығы мен сенімділігі негізінде ұлттық экономиканың болашақ жағдайлары анықталып көрсетіледі. Ұлттық болжауда үш кезең қолданылады:

- Қысқа мерзімді (2-3 жыл);
- Орта мерзімді (5-7 жыл);
- Ұзақ мерзімді (15-20 жыл).

Ұлттық болжауды өңдеу үдерісін жіктеу:

1. Объектілердің немесе үдерістердің өзгеру бағатын сипаттау тәсілі бойынша;
2. Объектілердің немесе үдерістердің сипаттамаларын беретін көрсеткіштерді қалыптастыру тәсілі бойынша.

Сипаттау тәсілі бойынша болжамды екіге бөлуге болады:

- Тренділік- бір сандарды өсумен немесе кемумен сипатталатын көрсеткіштерді болжауға қолданылады;
- Факторлық- болжанатын объектіге әсер ететін факторларды және өзара байланысты үлгілер шеңберінде анықтауға болады.

Көрсеткіштерді қалыптастыру тәсілі бойынша:

- Генетикалық (ізденістік, ресурстық)- ұлттық болжауда экономикалық дамудың инерциялық сипатын бейнелейді және ұлттық экономиканың дамуындағы тұрақты бағыттарды болжауға негізделеді;
- Нормативтік (мақсатты) тәсілдер- экономикалық реттеушілікпен байланысты, даму мақсаттарына сай болжау кезеңі анықталады. Бұл тәсілдің құрылымы экономикалық өсудің мақсаттарына жету үшін қажетті ұдайы өндіріс көрсеткіштерін анықтауда қолданылады.

Генетикалық және нормативтік әдістерді бірге қолдану негізінде болжамдық есеп айырысу жүргізу кезінде ұлттық экономиканың дамуының келесі варианттары дайындалатын болады:

1. генетикалық тәсіл→ пессимистік (түңілу) вариант;

2. генетикалық және нормативтік әдістердің ұштастырылуы→ ықтимал балама болжамдар жүйесі;

3. нормативтік тәсіл негізінде→ оптимистік (дүниеге сеніммен қарау) вариант;

Мемлекеттік реттеу құрамы бойынша болжаудың негізгі мақсаты:

- ұлттық экономиканың болашақ жағдайының тұтас суретін анықтау;

- ел дамуының сандық және сапалық көрсеткіштерін анықтау;

- ұлттық экономика дамуына қажетті ресурстар бағасы;

- жекелеген шаруашылық субъектілерінің өзінің дамуының стратегиясын таңдауда ақпараттық қамтамасыз ету.

Мемлекеттік болжаудың маңызды объектілері:

- бүтіндей ұлттық экономика, экономика салалары, қызмет салаларының қоғамдық маңызды аймақтары;

- ҒТП және соның әсерінен болатын өндіріс құрылымында, инновацияда және инвестициядағы әлеуметтік- экономикалық өзгерістер;

- Жиынтық сұраныс және жиынтық ұсыныс, материалдық және қаржы ресурстарының ағымымен анықталатын рыноктік орта динамикасы, макроэкономикалық жағдай;

- әртүрлі факторлар әсерінен ұлттық экономиканың дамуының экономикалық көрсеткіштерінің өзгерісі (оның ішінде әлеуметтік, сыртқы экономикалық, экологиялық және әскери- стратегиялық сипаттама)

2. Мемлекеттік болжау процесі мына элементтерді қарастырады:

- жинақталған заңдылықтар және дамудың айқындалған бағыттарын талдау;

- дамудың ықтимал варианттарын анықтау;

- ұлттық экономика дамуының басымдықтарын және негізгі мақсатын негіздеу;

- алға қойған мақсаттарға жету үшін әдістер мен ресурстарды таңдау;

- өзіне төмендегілерді қосатын әлеуметтік- экономикалық концепцияларының дайындалуы:

• мемлекеттің әлеуметтік- экономикалық саясатының стратегиялық мақсаттары мен басымдықтары;

• басты мақсаттарды жасаудың маңызды бағыттары мен құрамдарының реттеленуі.

Ұлттық экономиканың дамуы осындай қызметтерге бағытталған стратегиялық мәнге ие болады.

Ұлттық болжау (мемлекеттік)- ұйғайтылған ұдайы өндірістің барлық деңгейлері мен аспектілерін қамтитын кешендік сипатқа ие. Ұлттық экономиканың жұмыс істеуі мен дамуының әр түрлі кезеңдері мен шеңберін сипаттайтын жеке ұлттық болжаулар бір- бірімен тығыз байланысты тұтас жүйені құрайды.



3. Ғылыми алдын- ала көре білуде: гипотеза, болжау, жоспар, бағдарлама және жоспарлау формалары маңызды. Болжау процесінен соң жалпы мемлекеттік бағдарламалар мен жобалау іс- әрекеттері орын алады.

Жоспар- алдын- ала белгілі нәтижелер алуға бағытталады және онда дамудың тиімді варианттары бейнеленеді. Басты ерекшелігі- тапсырмалардың анықтылығы мен директивтілігі. Жоспардың стратегиялық, перспективалық, ағымдағы, оперативті түрлері бар.

*Стратегиялық жоспар*- ресурстарды тиімді бөлу, сыртқы ортаға қалыптасу мүмкіндіктері мен мақсаттары арасындағы сәйкестікті сақтау, болашақты көре білуге бағытталған.

*Перспективалық жоспар*- ресурстарды тиімді қолдану, жаңа технологияны ендіруге байланысты даму бағыты, техника- экономикалық есептер мүмкіндіктерін қосады.

*Ағымдағы жоспар*- бір жыл төңірегіндегі күтілетін нәтижелер, қаржыландыру көздері, қызметтің нақты бағытын негіздеуді және анықтауды қарастырады.

*Оперативті жоспар*- өте қысқа, шұғыл түрде орындалатын іс- шараларды қамтиды.

Бағдарлама- бұл белгілі бір мақсаттағы жетістіктерге жетуде оның мерзімі көрсетілген, ұйымдастырылған іс- шаралар және қаржылық, құқықтық, ақпараттық, материалдық және еңбек ресурстарымен өзара байланысты мақсаттар мен міндеттер жүйесі.

Бағдарламаның жоспардан айырмашылығы әр түрлі деңгейдегі берілген бір ғана маңызды мәселені шешуге бағытталған және өте аз мақсатты қамтиды.

Жоспардың бағдарламадан айырмашылығы нақты объекті қызметінің барлық бағыттарын қамтиды.

Жобалау- глобальды, ұлттық, локальды болып бөлінеді. Экономикалық өсудің ұлттық және локальды формасына инвестициялық жобаларды кіргізуге болады.

### Семинар сұрақтары

1. Ұлттық болжауды жіктеу белгілері.
2. Болжауды ұйымдастыруда қойылатын талаптар.
3. Жоспарлау формалары, тапсырыстар, мақсатты бағдарламалар.

## ТАҚЫРЫП 9. БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТТЫҚ ЖОСПАРЛАУ

1. Мақсаттық кешенді бағдарламалар түсінігі және оны жасау тәртібі
2. Негізгі жасалатын мақсаттық бағдарламалар


1. Бағдарламалық мақсаттық әдіс – бұл басқару объектісінің ғылыми-техникалық, экономикалық және әлеуметтік дамуының негізгі мақсаттарын іріктеуде, белгіленген уақытта бір-бірімен байланысты іс-шараларды жүргізуде, объектінің тиімді дамуын ресурстармен қамтамасыз етуде негізгі болып есептелетін, жоспарлық шешімдер жүйесін қалыптастыру әдісі.

Жоспарлауда бағдарламалық-мақсаттық әдістерді қолданудың төмендегідей деңгейлерін бөліп көрсетуге болады:


- макроэкономикалық (жалпы мемлекеттік) – ұлттық экономикаға әсер ететін мәселелерді шешуге бағытталған бағдарламалар;
- салааралық – салалардың өзара технологиялық байланысқан, біртекті топтарды қамтитын бағдарламалар;
- жалпы салалық – халық шаруашылығының нақты салаларының техникалық дамуы үшін принципалды мәнге ие бағдарламалар;
- аймақтық (муниципальды) – жекелеген аймақтар шеңберінде шектелетін ресурстар мен мақсаттар бағдарламасы;
- кәсіпорын және ұйымдар деңгейіндегі бағдарламалар.

Бағдарламалық мақсаттық әдістерді макроэкономикалық деңгейде қолдану соңғы қоғамдық қажеттіліктерді алдын-ала бағалаудың жоспарлық құжаттарын жасауды ұсынады. Алға қойған мақсаттарға жету үшін уақыттары жоспарлы түрде бөлініп бағдарламалар жасалады. Бағдарламалар анықталған белгілері бойынша жіктеледі. (сурет 3 а,ә,б,в),(сурет 4 а,ә,б,в)


А)




Ә)



Б)




В)




Сурет-3. Бағдарламалардың анықталған белгілері бойынша жіктелуі.

Мақсаттық кешенді бағдарламалар – халық шаруашылық мәселелерінің тиімді жолдарын және орындаушылар мен жүзеге асырылу уақытын жасауға бағытталған, өндірістік, ғылыми-зерттеулік, ұйымдық-шаруашылық, әлеуметтік және басқа да тапсырмалар мен іс-шаралар кешені мен мақсатын бейнелейтін құжат.

А)



Ә)



Б)



Федералдық мақсаттық бағдарламалардың көмегімен ұлттық экономиканың келесі мәселелері шешіледі:

- экономиканың даму мәселелері бойынша стратегиялық шешімдерді негіздеу;
- перспективалық даму міндеттерін шешу үшін қажетті ресурстарды шоғырлау, топтау;
- алға қойылған міндеттерді шешу бойынша іс-шаралардың баланстылық деңгейін көтеру.


2. Мақсаттық кешенді бағдарламалар мазмұны бойынша келесі түрлерге бөлінеді:

1. Әлеуметтік-экономикалық бағдарламалар – халықтың әлеуметтік қорғалуы, халық өмірінің материалдық және мәдени деңгейінің тұрақтылығы, еңбек сипатын өзгерту, өмір сүру шарттарын жетілдіру т.б. сияқты мәселелерді шешуге бағытталған.

2. Ғылыми-техникалық бағдарламалар – ғылыми және техникалық мәселелерді шешу, халық шаруашылығында ғылыми және техника жетістіктерін қолдану сияқты мәселелерді қарастырады.

3. Өндірістік – экономикалық бағдарламалар - өндіріс шеңберіндегі мәселелерді, өндірістің тиімділігін көтеру, жаңа өндіріс түрлерінің дамуы, өнім (қызмет) және технологиялық үдерістердің жаңа түрлерінің дамуы, сапалық сипаттарын көтеру сияқты ірі салааралық мәселелерді шешуге бағытталған.

В)



Сурет-4. Бағдарламалық - мақсаттық әдістер арқылы жасалған бағдарламаларды жіктеу

4. Территориялық бағдарламалар – территориялық өндірістік кешендердің дамуы және қалыптасуы, жаңа немесе бұрын құрылған ел өңірлерінің кешенді шаруашылық игерулерін қарастырады.

5. Экологиялық бағдарламалар – табиғатты қорғау және табиғатты қайта өзгерту сипатындағы іс-шаралар кешенінен тұрады.

6. Ұйымдық-шаруашылықтық бағдарламалар – шаруашылық жүйені басқаруды ұйымдасруды жетілдіруге бағытталған. Уақыт ұзақтығы бойынша бағдарламалар ұзақ мерзімді (5 жылдан жоғары), ортамерзімді (5 жылға дейін) деп бөлінеді.

Мақсаттық кешенді бағдарламалар әр түрлі деңгейдегі бағдарлама бөлімдерінен тұрады. Олардың әрқайсысы өзіндік бөлімдерден тұрады және олар бір немесе бірнеше міндеттерді жасауға бағытталған іс-шаралар мен тапсырмалардан тұрады.

Бағдарламалық мақсаттық әдістерді қолданумен жасалатын бағдарламалар келесі ретпен іске асырылады:

1. Маңызды мәселелер тізімі құрылады. Нақты мәселелер бөлініп алынады және бағдарламалардың мақсатын анықтайтын ресурс шегі, бағдарламаны жасауға қатысушылар және басқа да қажетті ақпараттар жасалып анықталады.

2. Сандық көрсеткіштері нақтыланады, жекелеген уақыттар бойынша жүзеге асырылу міндеттері нақтыланып, бағдарлама мақсатын сипаттайтын көрсеткіштер нақтыланады. Бағдарламаның негізгі мақсаты нақтыланады және шешілетін мәселелердің ішкі реттелген құрылымын бейнелейтін иерархия қалыптасып, бөлінеді.

3. Бағдарламаларды жасау үшін іс-шаралар кешені мен міндеттер құрамы қалыптасады. Негізгі тапсырмалар құрамы мақсаттар иерархиясын құру арқылы жасалады. Әрбір тапсырмалар бойынша оларды орындау этаптарының реті жасалады.

4. Бағдарламалардың ресурстық қамтамасыз етілуі мен негізгі көрсеткіштері есептеледі. Бағдарламаларды жасауда ресурстар (материалдық, еңбектік және қаржылық) шығынын кешенді бағалау жүзеге асырылады. Жеткізушілерімен оны қабылдаушылары көрсетілген материалдық ресурстар тізімі қалыптасады және оларды қолданудағы экономикалық әсері анықталады. Бағдарламалар уақыт бойынша, әдетте өте маңызды міндеттерді қамтамасыз ететін аймақтар, салалар қамтылады.

5. Бағдарламалық құжаттарды дайындау, бағдарламаларды бекіту және келісу жүргізіледі. Бағдарламаларды орындау бойынша тапсырмалар орындаушыларға дейін ұсынылады.

### Семинар сұрақтары

1. Мақсаттық кешенді бағдарламаларды жасау тәртібі және түсінігі
2. Бағдарламалық-мақсаттық әдістер арқылы жасалған бағдарламаларды жіктеу
3. Мақсаттық кешенді бағдарламаларды қаржыландыру
4. Мақсаттық бағдарламалардың жасалуы

## **ТАҚЫРЫП 10. АЙМАҚТЫҚ ЭКОНОМИКА ДАМУЫН РЕТТЕУ МЕН БОЛЖАУ**

- 1. Қазіргі аймақтық құрылым және реттеу тәсілдері**
- 2. Аймақтық саясат басымдықтары мен бағыттары. Аймақтардың даму топтары мен оның экономикалық тәуелсіздігі.**
- 3. Аймақтарды мемлекеттік реттеу әдістері**

1. Қазіргі кезде территориялық шаруашылығы қайта құру үдерісінің мазмұны өзінше күрделі жүруде. Ғылым мен тәжірибе аймақтық басқару жүйесін жетілдірудің тиімді жолдарын, сол сияқты аймақтардың экономикалық және әлеуметтік дамуын мемлекеттік реттеуді ұйымдастырудың тәсілдерін қалыптастыруда белсенді іздеу жұмыстарын жүргізуде.

Рыноктік экономикаға өтуде аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіндегі айырмашылық шаруашылықтың территориялық-ұйымдарының бір-бірімен терең үйлеспеуінен, сол сияқты шаруашылық байланыстардың үзіліп қалуына байланысты күрделеніп отыр. Мемлекеттік және аймақтық құрылымдарды горизонталь бойынша да, вертикаль бойынша да басқарудың рыноктік реформалармен сәйкес келмеуі мен келісілмегендігі мемлекеттік саясат реформаларын біртұтас жүзеге асыруына мүмкіндіктер бермей отыр. Сонымен бірге экономиканы басқарудың аймақтық деңгейі рыноктік қатынастарға өте нашар дайындықта болды. Әкімшілік-әміршілдік жүйеде экономиканы басқаруда кез-келген территорияны одақ, республика, салаалық органдармен басқарылды, ал аймақты бүтіндей басқару болмады.

Шаруашылықтың жаңа жағдайларына көшу үдерістерінде рыноктік қатынастардың қалыптасуда территориялық ерекшеліктерге байланысты қосымша мәселелер пайда болды.

Бұл мемлекеттің жаңа даму этабында негізгі аймақтық саясатты өңдеу мен жасаудың қажеттілігін тудырды.

Мұндай аймақтық саясатты қалыптастыру төмендегі талаптардан туындауы керек:

1. Қазақстанның аймақтық рыноктер жүйесін біртұтас жалпы республикалық рынок түрінде қалыптастыруды қамтамасыз ету;
2. Мемлекеттің макроэкономикалық—саясатының стратегиялық ережелеріне сай өндіргіш күштерді орналастыруды тиімді жасау, маңызды территориялық басымдықтарды негіздеу;
3. Аймақаралық және мемлекетаралық жүйені қалыптастыруда жалпы республиканың мүдделер басымдықтарын қамтамасыз ету;
4. Аймақтардың көпжақты экономикалық мүмкіндіктерін тиімді қолдану, территориялық еңбек бөлінісі мен аймақтардың экономикалық кооперациясын объективті қолдану;
5. Аймақтық дамудың қорлары мен өз меншігіндегі ресурстарына бағытталу, басым, артта қалған және қолайсыз аймақтарға мемлекеттік қолдау жүйесін толықтыру;



6. Тұрғылықты жеріне байланыссыз барлық азаматтар үшін бірдей теңдей мүмкіндіктер жасау, әрбір аймақтарды қолайлы, тұрақтылықпен қамтамасыз ету;

7. Республикалық мәнге ие маңызды аймақтық мәселелерді мемлекеттік шешу қажеттілігі: Семей полигондық аймағы, Арал т.б.;

8. Өз көрсеткіштері бойынша ерекшеленетін аймақтарда рыноктік қайта құруларды жүргізуде мемлекеттік әсер ету шараларымен қамтамасыз етуде әлеуметтік шыншылдық принципінде жүргізу.

Аймақтық саясат елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне жету үшін, территориялық факторларды тиімді қолдануға бағытталған мемлекеттің жалпы саясатының құрамдас бөлігі.

ҚР-ның аймақтық саясатының мақсаты территориялық өзін-өзі басқаруды дамыту принциптерін қалыптастыруда және тиімді территориялық еңбек бөлінісі негізінде әрбір аймақтың ресурстық-өндірістік әлеуетін тиімді қолдану және халықтың өмірлік қызметі үшін салыстырмалы теңдей мүмкіндіктер жасаудан тұрады.

Аймақтық саясат мақсатына жетуде этапты түрде келесі міндеттерді шешуді талап етеді:

- аймақтардың еркін шаруашылығын қамтамасыз ететін құқықтық, экологиялық, экономикалық, саяси сипаттағы кешенді іс-шараларды жасау;
- мемлекеттің макроэкономикалық саясатының жалпы стратегиялық ережелеріне сай территориялық басымдылықтарды анықтау;
- мемлекеттік экономикалық белсенділікті ынталандырумен жекелеген аймақтарды мемлекеттік қолдаудың үйлесуі;
- институциональды және рыноктік инфрақұрылымдар, еңбек және капитал, аймақтың және жалпы республикалық рыноктердің дамуы мен қалыптасуы;
- әлеуметтік-экономикалық дамуды жылдамдату және экономиканы дағдарыстан шығару мақсатында орта және кіші шаруашылықтарды қайта құру және қолдау;
- артта қалған ауыл және селоларды жандандыру үшін материалдық негіздерді құру;
- өндірісті территориялық ұйымдастыруды жетілдіру, экономиканың кең тиімді құрылымын қалыптастыру;
- территорияның табиғи-ресурстық, ғылыми-техникалық, экологиялық-экономикалық жағдайын қалпына келтіру, өндірістік кешеннің ресурстық-мақсаттық теңділігін қамтамасыз ету;
- аймақтар бойынша халық өмір сүру сапасы мен деңгейінің әртүрлілігін теңестіру, аймақтардағы, әсіресе нашар дамыған аймақтардағы әлеуметтік салалар мен экономиканың депрессиялық жағдайын жеңу.

Аймақтық саясатты жасауда төменгі принциптерге сүйенеді:

- жекелеген аймақтар мен бүтіндей мемлекеттің мүдделерінің тиімді түрде бір-біріне сәйкес келуі;
- мемлекеттің сыртқы экономикалық қызметі мен сыртқы саясатының негізгі принциптеріне аймақтар іс-әрекетінің келісілгендігі;

- тиімді аймақаралық еңбек бөлінісі мен өндіріс интеграциясының негізінде шаруашылық субъектілерінің өзара әрекеті;
- территориялардың әлеуметтік-экономикалық даму міндеттерін шешуде аймақтардың экономикалық тәуелсіздігі, экономикалық реформалардың әлеуметтік зардаптарын жеңілдету және осы мақсаттар үшін қажетті өндірістік ресурстармен қаржылық ресурстарды шоғырландыру;
- аймақтардың халықтарын әлеуметтік нормативтермен кепілдемелермен қамтамасыз ету;
- халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейіне аймақтық органдардың жауапкершілігі, материалды-шикізаттық, жер, су және т.б. ресурстарды тиімді қолдану.

2. Аймақтық саясаттың мақсат, міндеттеріне сәйкес, оның төменгі бағыттары бөлінеді:

- аймақтардың экспорттық әлеуетін арттыру, ішкі және сыртқы рыноктерде сұранысқа сай өнім түрлерін ұлғайту және өндірісті ұстап тұру;
- экологиялық бақылауды күшейтіп, экономикалық болашағы жоқ өндірістерді біртіндеп қысқарту;
- аймақаралық жаңа ұйымдық құрылымдарды қалыптастыру;
- жергілікті рыноктерде тауарлар мен қызметтер ұсынысын ұлғайту мақсатында, жаңа жұмыс орындарын жасау және халықтың жұмысбастылығын сақтау мақсатында жергілікті кәсіпкерліктің, әсіресе орта және шағын бизнестің дамуын қолдау;
- аймақтық инфрақұрылым және материалдық өндіріс саласына тікелей шетел инвестицияларын тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау;
- аймақтардың қаржылық ресурстарын қалыптастыру, қор жиналымын аккумуляциялауға (шоғырландыруға) қабілетті және оларды инвестицияландыруға қабілетті инвесторлардың институциональды жүйесін қалыптастыру.

Республикалық аймақтық басымдықтарды анықтау үшін жалпы қабылданған технология қолданылады және соған сай жаңа салықтық және бюджеттік саясатты қалыптастыру позициясы бойынша үш аймақты бөліп көрсетуге болады:

Бірінші топ, орташа республикалық табыс деңгейінен жоғары табысты иеленетін аймақтар (Ақмола, Ақтөбе, Қарағанды, Маңғыстау, Павлодар, Шығыс Қазақстан).

Екінші топ, орташа республикалық табыс деңгейіне жақын табысты иеленетін аймақтар (Аытрау, Солтүстік Қазақстан).

Үшінші топ – жан басына шаққандағы орташа табыстан өте төмен деңгейдегі табысты иеленетін аймақтар (Алматы, Тараз, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан).

Жүргізілген типологияға сәйкес, республиканың территориялық дамыған басым аймақтарының қатарына 1-ші және 2-ші топтар кіреді. Бұл аймақтар «лидер» деп аталатын даму аймағы болып есептеледі, бұл территорияларда негізгі өндірістік және өнеркәсіптік әлеует шоғырланған.

3 топтағы аймақтар «аутсайдерлер» деп аталатын әлеуметтік-экономикалық дамудың төменгі деңгейіндегі артта қалған облыстар, оларға мемлекеттік қолдау көрсету қажеттілігі басты назарда.

Жоғарыда аталған маңызды мәселелерді шешу үшін және экономиканы мемлекеттік реттеуде мемлекет әлеуметтік-экономикалық үдерістерге әсер етудің әртүрлі механизмдері мен әдістерін қолданады.

Аймақтың экономикасын мемлекеттік реттеуде маңызды механизмдер төмендегілер болып табылады:

- аймақтық және жалпы мемлекеттік мүдделердің өзара байланысы мен келісімін қамтамасыз ететін, ҚР-ның ұзақ мерзімді перспективасында өндіргіш күштерді орналастыру мен аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді болжамы;
- елдің әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтары және кешенді болжау этаптарын жасауға мақсатталған салалық, аймақтық және жалпы мемлекеттік стратегиялық жоспарлар жүйесі;
- ірі масштабты аймақаралық мәселелерді шешу бойынша жалпы мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асру және оны жасау;
- нақты аймақтардың дамуында өте өткір мәселелерді шешу бойынша мақсатты бағдарламаларды жасау, оның ішінде экономикалық жағдайларға ұшыраған аудандарға, депрессиялық қалалар (кіші және орта қалаларға), артты, алыста қалған ауылдық аудандар дамуының арнайы мемлекеттік бағдарламасын жасау;
- аймақтар дамуын жылдамдату мақсатында арнайы экономикалық зоналар құру;
- қаржы-несиелік және салықтық тетіктер.

3. Аймақтарды мемлекеттік реттеу әдістері екі топқа бөлінеді: тікелей (әкімшілік) және жанама (экономикалық).

Экономиканы реттеудің тікелей әдісі белгілі реттеу объектісінің экономикалық қызметіне араласуына бағытталған. Оған жататындар: нақты тауарлардың белгілі көлемін өндіруге мемлекеттік тапсырыстар құру; бағалардың, тарифтердің жоғарғы және төменгі шегін құру, орталықтанған капиталдық салымдарды бөліп көрсету т.б.

Жанама реттеу әдістері рыноктегі шаруашылық субъектілерінің барлығы үшін міндетті емес және оларға тікелей бағытталмайды. Бұл әдістерге салықтық реттеу, қаржы-несиелік, ақшалай, амортизациялық саясат және т.б. жатқызуға болады.

Аймақтық экономиканы реттеуде мемлекет әдістер жүйесін қолданады. Олар аймақтардың ерекшеліктерін ескере отырып, иілгіш, дифференциалды және кешенді болып бөлінеді.

Ішкі аймақаралық басымдықтарды бөліп көрсету және рыноктік үдерістердің механизмдерін нақтылау мақсатында аймақтарды мамандандыру принципі бойынша типология қолданылады және соған аймақтар 4 топқа бөлінеді:

Бірінші топтағы аймақтар стратегиялық сипаттағы артық минералды қорларды игеретін және ғылыми-өндірістік әлеуеті жоғары үдемелі дамыған

аймақтар б.т. бұл оптағы аймақтар үшін басымдылық болып есептелетін келесілер: жаңа технологиялар енгізу негізінде:

- стратегиялық шикізат түрлерінің кенішін үдемелі игеру;
- әлемдік стандартқа сай және қолайлы инвестициялық климатты анықтайтын жоғары дамыған өндірістік, әлеуметтік және рыноктік инфрақұрылымдарды құру.

Екінші топтағы аймақтар маманданған ауыр өндіріс индустриясымен сипатталатын жоғарғы ғылыми-өндірістік әлеуетке ие болатын аймақтар.

Бұл аймақтардың экономикасын реформалаудағы басым бағыттары:

- экспорттық әлеуетті қалыптастыру, ірі өндірістік әлеуетті иелену үшін әрі қарай қайта құрулар жүргізу;
- жаңа ғылыми сиымды өнімдер шығаруды ұйымдастыру (кұрал-жабдықтар, машиналар, құрылғылар шығару);
- өндірістің көтерілуі мен жандануын қамтамасыз ететін ірі жетекші өнеркәсіп салаларын басқарудың жаңа ұйымдастыру формаларын құру;

Үшінші топтағы аймақтар елдің, азық-түлікті қорын қалыптастыруда жетекші алдыңғы болып есептелетін агроөнеркәсіптік кешен аймақтары.

Олардың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы басым бағыттар:

- ауылшаруашылық өнімдерінің тиімді мамандандырылған өндірісін іске асыру;
- алдыңғы қатарлы ауыл шаруашылықтың техникаларының лизингтік жүйесін жасау;
- аймақтық АӨК қызметінің әр түрлі салалары дамуындағы сәйкессіздікті жою;
- республиканың тұрақты азық-түліктік кешенін қалыптастыру мақсатында, азық-түліктерді сақтау үшін соңғы кездегі индустриямен ауыл шаруашылықтың шикізаттарды өңдеу кәсіпорындарының кеңейген желісін ұйымдастыру;
- ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасын нығайту, қажетті өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымды құру.

Төртінші топтағы аймақтарға экологиялық дағдарыс аудандары, әлеуметтік-экономикалық жағдайлары мен экстремалдық топырақтық-климаттық жағдайларға, шаруашылықтың тиімсіз салалық құрылымына кіретін депрессиялық аймақтар кіреді. Бұл аймақтағы мәселелерді шешу үшін әдістердің 2 түрі қолданылады:

1. Салық ставкалары мен салық жүйесіндегі өзгеріс;
2. Физикалық тұлғаларға және кәсіпкерлерге тікелей және жанама жеңілдіктер ұсыну.

## Семинар сұрақтары

1. Аймақтық саясатты қалыптастыру талаптары
2. Аймақтық саясатты жасау принциптері
3. Аймақтардың мамандандарылуы бойынша топтасуы

## ТАҚЫРЫП 11. ДАМЫҒАН ШЕТЕЛДЕРДЕГІ БОЛЖАУ

### 1. АҚШ пен Жапониядағы болжау ерекшеліктері

### 2. Өтпелі кезең экономикасындағы болжау

1. Шет елдерде экономикалық болжау жасау ХІХ ғасырдың аяғында пайда болды. Бұл кезеңдегі болжаудың маңызды әдісі эксперттік бағалау (сапалық талдау) және қарапайым экстраполяция әдісі (өткен шақтан болашаққа) болды.

1929-1933 жылдары шет елдерде болжау мен жоспарлауда өте күшті дағдарыстар орын алып, одан шығу жолдарын іздестіре бастады.

1930 жылдары шет елдерде алғашқы рет микродеңгейдегі жоспарлау пайда болды. Бұл кезеңдегі болжау мен жоспарлау экономиканы реттеудің негізгі элементі болды. Болжау «шығындар- өнім өндіру» үлгісінің көмегімен жасалады.

Алғашқы микродеңгейдегі жоспарлар қаржы- бюджеттік және ақша-несиелік саясатын қамтыды және ол ұлттық бюджеттің құрылуын бейнеледі.

1970 жылдарға дейін болжау ұлттық деңгейде ғана жүзеге асырылды. 1970 жылдардың ортасынан бастап, макроэкономикалық үлгідегі елдер, аймақтар және бүкіл әлем экономикасының дамуына болжаулар жасалды. Көптеген шет елдердің болжауы қаралып, оның ішінде ең жақсы жасалған болжау АҚШ- та байқалды.

АҚШ- ғы болжау экономиканы реттеудің маңызды формасы болып табылады. Болжаудың маңыздылығын ескере келе, американ экономисі О. Моргенштерн экономикалық теорияның барлық түрі болжау жасауға арналғанын айтып көрсетті. Қазіргі кезеңде болжаудың нақты жасалуына көп көңіл бөлініп отыр, себебі, ол негізгі шешім қабылдаумен ертеңгі күнді ашық көруге мүмкіндік береді.

Макроэкономикалық болжау 5 маңызды әдістер көмегімен жасалады:

- Эксперттік бағалау;
- Экономикалық көрсеткіштер (индикаторлар, несие, акция, экономикалық белсенділік);
- Динамикалық қатар үлгісі;
- Эконометриялық үлгілеу;
- «шығын- өнім өндіру» үлгісі.

АҚШ- та болжауды зерттеуді ұйымдастырудың 3 деңгейі ажыратылады:

1. мемлекеттік реттеу жүйесіндегі болжау;
2. фирманың ішіндегі болжау;
3. коммерциялық болжау.

Мемлекеттік зерттеу деңгейінде 2 негізгі мемлекеттік бөлім ажыратылады:

- федералдық штаттар;
- жергілікті билік органдары.

Федералдық үкіметтің макродеңгейдегі болжамдары 3 ұйымда жасалады:

1. экономикалық кеңес берушілер кеңесі;
2. федералдық резервті жүйені басқару кеңесі;
3. әкімшілік- бюджеттік басқару.

АҚШ- та болжау коммерциялық қызмет саласы ретінде қалыптасады. АҚШ үшін ұлттық экономиканың басымдық бағыттарын таңдауда стратегиялық жоспарлау тән. Стратегиялық жоспарлау арқылы қоғамның маңызды сұрақтары шешіледі.

Жапониядағы жалпы мемлекеттік болжау мен жоспарлаудың ерекшелігі рынокті экономиканы реттеу құралдарында. Әлеуметтік- экономикалық процестерді болжау мен жоспарлау басқармасы, өнеркәсіп және сыртқы сауда министрлігі, Ғылым және технология бойынша басқарма айналысады. Жапонияда индикативтік сипаттағы бес жылдық жоспар- бағдарламалар жасалады. Олар стратегиялық мақсаттағы үкіметтің маңызды тапсырмалары бойынша жасалады.

Жапонияда жеңілдетілген несие түрлері- технологияны жаңғырту үшін негізгі қаржы көзі болып табылады. Соңғы жылдары салықтық жеңілдіктердің ролі де артып отыр.

2. Өтпелі кезеңдегі елдерге: ТМД елдерін, Орталық Еуропа (Румыния, Венгрия...), Қытайды жатқызуға болады. Рыноктік қатынастарға өту жағдайында бұл елдерде көп вариантты альтернативті болжамдар, индикативті жоспарлар және стратегияны жасауға үлкен көңіл бөлінуде. Бұл елдерде қаржылық бағдарламалар мен қаржылық саясатқа, сұранысты болжауға, инвестицияға, құрылымдық өзгерістерге аса зор мән берілуде. Мысалы, Ресей. Кеңес Одағының кезінде экономиканы реттеудің құралы ретінде халық шаруашылығы дамуының жоспары орын алды.

Украинада экономикалық болжаудың ролі артып отыр. Болжаулар макродеңгейде, аймақтық және салалық деңгейлерде жасалады. Экономикалық болжау мен жоспарлау мемлекеттік бюджетті қалыптастыру мен ақша- несие саясатын іске асыруда шешуші база болып есептеледі.

Қытай- экономикалық өмірінің өзгерісі, оның ашық экономикалық саясаты, сыртқы елдермен байланысы Қытайдың болжамдық жұмыстарының нығайтуына әкелді. Қытай экономикалық дамуының болжамы 2015 жылға дейін жасалып қойған.

#### Семинар сұрақтары

1. АҚШ- тағы болжауды ұйымдастыру деңгейлері.
2. Жапониядағы әлеуметтік- экономикалық болжау.
3. Ресей, Қытай, Украина елдеріндегі болжау түрлері

## ТАҚЫРЫП 12. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚТАНДЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

**1. Макроэкономикалық тұрақтандырудың ерекшеліктері. Республика экономикасының циклдік даму сатысы.**

**2. Экономика тиімділігін және құрылымын, өсу қарқынын қалыптастыру.**

1. Қазақстандағы әкімшілдік- әміршілдік экономикадан нарықтық экономикаға қозғалыс ерікті экономикаға қарай қозғалысының даму процестерінің классикалық қағидаларына сай жүргізілді. Олар:

- Бағаны ырықтандыру, бағаларды сұраныс пен ұсыныс механизіміне сәйкес қалыптастыру;
- Мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру;
- Жеке меншіктің басымдылығына ұмтылу, оның ішінде ауыл шаруашылығында;
- Экономиканы тікелей мемлекеттік реттеуді шектеу;
- Монетарлық сипаттағы макроэкономикалық тұрақтандыруға қол жеткізу;
- әлеуметтік бағдарланған ашық типті нарықтық шаруашылықты қалыптастыру, еркін сауда қатынастары, шетелдік инвестицияларды тиісінше қорғау.

Кесте 2 - Республика экономикасының циклдік даму сатысы

| Фаза атауы | Кезеңдер   | Қысқаша сипаттамасы  |
|------------|------------|--|
| Дағдарыс   | 1989-1993  | Ұлттық экономиканың барлық көрсеткіштерінің күрт төмендеуі. «Тітіркендіру терапиясын» қолданғаннан кейінгі бағаны ырықтандыру мен шағын жекешелендірудің (1992-1993) жүргізілу салдарынан кейінгі халық әл- ауқатының барынша нашарлауы. Инфляцияның асқынуы, қайтарымсыз несиелердің етек алуы. Макроэкономикалық саясаттың Ресейге тәуелділігі |
|            | 1994-1998  | Дербес макроэкономикалық саясат жүргізу. Орын алған гиперинфляцияны ауыздықтау үшін қатаң қаржы- несие саясатына көшу және нарықтық институттардың қалыптаса бастауы. Оңтүстік- Шығыс Азия елдеріндегі дағдарыстың кері әсері.   |
| Тоқырау    | 1999-2000  | Классикалық тоқырауға сай нарықтық экономика субъектілерінің жаңы ойын ережелеріне бейімделуі. Шикізат өндірісінің қарқын ала бастауына байланысты ЖҰӨ өсуінің байқалуы. Банк секторының реформасы.  |
| Жандану    | 2000-2004  | Шикізат өндірісі мен экспорттың тиімділігіне байланысты басым түрде сол бағытта инвестициялық белсенділіктің артуы.  |
|            | 2005-2010  | Шикізаттық қана бағдар ұстанудан аластанудың негізін қалау, экономиканы диверсификациялау. Сыртқы сауданы ырықтандыру, Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болу.   |
| Өрлеу      | 2010 кейін | Экономиканың дамуы, жалпы экономикалық өсу байқалады.  |

Қазақстан экономикасының өтпелі кезеңге басқан алғашқы қадамдарының әлеуметтік салдарлары ауыр болғаны белгілі. Әлеуметтік- экономикалық жүйесі озық дамыған мемлекеттерде (Германия, Жапония, Швеция) нарықтық шаруашылық эволюциялық жолмен, біртіндеп спецификалық ерекшеліктерін ескере отырып, сатылы түрде қалыптастырылса, біздің елімізде қысқа мерзімде шапшаң жүргізілді. Экономиканы қайта құруды радикалды, тітіркендіру терапиясы таңдалды. Экономикалық өсу резервтерінің жоқтығында мұндай саясатты ұстану дағдарысты асқындырып, тұрақсыздықты орнатты. (кесте-2)

Экономиканы тұрақтандыру кезеңінің мәнін түсіндіруде қазақстандық белді ғалымдардың іскерлік белсенділіктің циклдік толқуын мойындауы үлкен ықпал етті. Кезінде экономикалық заңдылық ретінде циклділікті атақты әлемдік дәрежедегі П.Самуэльсон, В. Леонтьев сынды экономистермен қатар отандық мамандарымызда мойындады.

2. Экономиканың дамуы өндіріс тиімділігін көтеру деңгейіне байланысты жүреді.

Рынокті экономикада макродеңгейдегі нәтижелерді немесе әсерді анықтау үшін Жалпы Ұлттық Өнім (Ж.Ұ.Ө) интегралді көрсеткіші қолданылады:

$$\Theta = \Delta \text{Ж.Ұ.Ө} / \text{К.С}$$

Мұндағы  $\Delta \text{Ж.Ұ.Ө}$  - Ж.Ұ.Ө-нің өсімі

К.С- капиталдық салымдар көлемі.

Бұл көрсеткіш ақшалай түрдегі барлық ресурс түрлерін қолданудың интегралді тиімділігін көрсетеді.

Жекелеген ресурс түрлерін тиімді қолдануда материал сиымдылығы ( $M_{\text{ш}} / \text{Ж.Ұ.Ө}$ ); қор сиымдылығы ( $H.Қ / \text{Ж.Ұ.Ө}$ ); еңбек сиымдылығы ( $E / \text{Ж.Ұ.Ө}$ ) және кері көрсеткіштер: материал қайтарымы ( $\text{Ж.Ұ.Ө} / M_{\text{ш}}$ ); қор қайтарымы ( $\text{Ж.Ұ.Ө} / H.Қ$ ); өнімділігі ( $\text{Ж.Ұ.Ө} / E$ ) өлшенеді.

Болжау мен жоспарлау үдерісі тиімділігінің деңгейі шығындар және нәтижелік көрсеткіштер динамикасына әсер ететін барлық көрсеткіштерден тұрады. Егер Ж:Ұ.Ө-нің өсу қарқыны ресурстардың (шығындардың) өсу қарқынынан жоғары болса, өндіріс тиімділігі жоғарылайды.

Барлық шығындар деңгейіне әсер ететін басты фактор ғылыми-техникалық прогресс (ҒТП). Материалсиымдылықтың шамамен 90%-ға қысқаруы өңдеуші және өндіруші салаларда жаңа техниканы жаңа технологиямен қамтамасыз етеді. Жаңа техника, технология ендіру нәтижесінде еңбек өнімділігі ұлғаяды. Қосымша жұмыс күшіне қажеттілік төмендейді. Өндіріс тиімділігіне әсер ететін келесі фактор-еңбекті басқарудың және өндірісті ұйымдастыру деңгейі.

Болжау және жоспарлау кезеңіндегі макроэкономикалық көрсеткіш Ж.Ұ.Ө-нің өсу қарқыны төменгі формуламен анықталады:

$$\text{Ж.Ұ.Ө}_{\text{өсу қарқыны}} = (\text{Ж.Ұ.Ө}_{\text{бол}} / \text{Ж.Ұ.Ө}_{\text{б}}) \times 100$$



Ж.Ұ.Ө-нің болжамдық шамасын есептеу үшін барлық факторлардың қосындысының әсерімен анықталады.

Өсу қарқынын негіздеуде факторлар тобы қолданылады. Олар белгілері бойынша (сипаты, қолданылатын ресурс түрлері бойынша) жіктеледі. Ол факторлар:

-елдің табиғи-ресурстық әлеуеті, сапасы, көлемі, құрамы;

-ғылыми-техникалық әлеуеттің сапасы, құрамы, көлемі;

-өндірістік әлеует сапасы, құрамы, көлемі;

-еңбек әлеуетінің сапасы, құрамы, көлемі;

-қаржылық әлеует көлемі;

-Сыртқы экономикалық байланыстардың даму деңгейі.

Өндірістің өсу қарқынына әсер етуші факторлар екіге бөлінеді:

1.Экстенсивті;

2.Интенсивті.

Экстенсивті факторлар-бұл шаруашылық қызметтегі барлық ресурстарды ұлғайту факторы. Бұл фактор өндіріс ауқымының өсуін қосымша табиғат ресурстарын (көмір, рудалар, орман, қосымша инвестиция, жұмысшылар т.б.) игеруді ұлғайту есебінен қамтамасыз етеді.

Интенсивті факторлар-бұл өндіріс өсімін қолданылатын ресурстар тиімділігін көтеру арқылы (қор қайтарымдылығының еңбек өнімділігін көтеру, табиғат ресурстарын кешенді, тиімді пайдалану есебінен) жүргізіледі.

Шаруашылық тәжірибеде басқа да факторлар қолданылады. Егер интенсивті факторлар үлесі өндіріс көлемі өсімінде 50%-дан жоғары қамтамасыз тілсе, онда мұндай экономикалық өсу типін интенсивті немесе сапалық өсу деп, егер 50%-дан төмен болса, дамудың мұндай типін экстенсивті немесе сандық өсу деп атайды.

Ж.Ұ.Ө-нің өсу қарқынына өндірістік және еңбек әлеуеті ықпалын тигізеді. Есептеу төмендегішерде жүргізіледі.

$$Ж.Ұ.Ө_{бол.} = НК_1 \times K_1 - \Delta Н.Кд \times K_2$$

Мұндағы, НК<sub>1</sub>-базистік кезеңдегінегізгі қор көлемі;

K<sub>1</sub>- базистік негізгі қордағы қор қайтарымының болжамдық деңгейі

$\Delta Н.Кд$ -жоспарлы кезеңдегі болжаудың негізгі қорының өсімі

K<sub>2</sub> –жаңа негізгі қордағы қор қайтарымының болжамдық деңгіні

НК<sub>1</sub> x K<sub>1</sub>- бұл экстенсивті өсім;

$\Delta Н.Кд \times K_2$ - бұл интенсивті өсім;

## Семинар сұрақтары

1. Макродеңгейдегі нәтижелерді немесе әсерді сипаттауда қандай көрсеткіш қолданылады?
2. Экономикалық өсуді болжау.
3. Ұлттық болжауды жіктеу белгілері
4. Болжауды ұйымдастыруда қойылатын мақсаттар
5. Мемлекеттік немесе ұлттық болжау жүйесі туралы түсінік
6. Болжау процесінің негізгі элементтері
7. Жоспарлау, жобалау

## Студенттердің өзіндік жұмыстарының тақырыптары:

1. Болжауды классификациялау
2. Болжауды ұйымдастыру
3. Әлеуметтік- экономикалық даму шарттарын болжау
4. Ұлттық қауіпсіздікті болжау
5. Қоғам мен табиғат арақатынасын болжау
6. Демографиялық дамуды болжау
7. Рыноктік экономикада болжаудың қажеттігі
8. Қоғам мен табиғаттың өзара әрекетін болжау
9. Салааралық кешендердің дамуы, өндіріс интеграциясын болжау
10. Өндіріс тиімділігі мен құрылымын, өсу қарқынын болжау
11. Ғылыми- техникалық прогресті болдау әдістері.
12. Экономикалық өсуді болжау
13. Құрылыс кешенінің дамуын болжау
14. Агроөнеркәсіптік кешенінің дамуын болжау
15. Әлеуметтік сфералардың түрлері, олардың даму бағыттары
16. Экономикалық даму концепциясының құрылымы
17. Индустриалды- инновациялық стратегия («30 корпоративтік көшбасшы»).
18. Республика аймақтарының инвестициялық потенциалы және олардың инвестиция тарту рейтингі
19. Республикамыздың аудандарында әлеуметтік саясаттың қалыптасу негіздері мен жүзеге асыру механизмдері
20. Біздің еліміздегі ұзақ мерзімді болжау түрлері
21. Халық жұмысбастылығын көтеру фактілері
22. Экономиканы мемлекеттік реттеудің ғылыми мектептері
23. Кәсіпорын қызметін жоспарлау мен болжау
24. Елдің экономикалық әлеуеті, оның құрамы мен сипаттамасы
25. Қоғамдық өндіріс құрылымының дамуын болжау

## Глоссарий

*Аймақтық саясат*- елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне жету үшін, территориялық факторларды тиімді қолдануға бағытталған мемлекеттің жалпы саясатының құрамдас бөлігі.

*Адам дамуы индексі* - жоспарлаудың басты мақсаты халықтың өмір сүру деңгейін сипаттау үшін өмір сүру өзгерісінің динамикасының анықтайтын және бұл көрсеткішті халықаралық салыстыруға мүмкіндік беретін интегралды көрсеткіш құжат.

*Ағымдағы жоспар*- бір жыл төңірегіндегі күтілетін нәтижелер, қаржыландыру көздері, қызметтің нақты бағытын негіздеуді және анықтауды қарастырады.

*Аналогиялық болжау*- ойша пайымдау, логикалық жобалау бойынша жасалады.

*Әлеуметтік саясат* - адамдар мен қоғамның жан-жақты дамуы үшін жағдайлар жасау және алуан түрлі әлеуметтік топтардың белгілі бір құқықтық қалпын (статусын) сақтау мен қолдауға, адамдардың әлеуметтік жағынан қорғалуын қамтамасыз етуге байланысты мемлекеттің іс жүзіне асыратын кешенді шаралары болып табылады

*Әлеуметтік-экономикалық бағдарламалар* – халықтың әлеуметтік қорғалуы, халық өмірінің материалдық және мәдени деңгейінің тұрақтылығы, еңбек сипатын өзгерту, өмір сүру шарттарын жетілдіру т.б. сияқты мәселелерді шешуге бағытталған.

*Болжау* – белгілі бір объектінің әрі қарай дамуы және болашақ жағдайын, өткені мен қазіргі уақытқа сай белгілі заңдылықтар негізінде күні- бұрын, алдын-ала көре білу процестерін өңдеу болып табылады.

*Болжау мақсаты*- ғылыми алғышарттарды жасау, экономиканың даму тенденцияларын ғылыми талдау.

*Болжау міндеті*- осы немесе басқа жағдайларда не болатыны туралы анық, дұрыс ұйғарымдар беру.

*Бағдарлама*- бұл белгілі бір мақсаттағы жетістіктерге жетуде оның мерзімі көрсетілген, ұйымдастырылған іс- шаралар және қаржылық, құқықтық, ақпараттық, материалдық және еңбек ресурстарымен өзара байланысты мақсаттар мен міндеттер жүйесі.

*Бағдарламалық мақсаттық әдіс* – бұл басқару объектісінің ғылыми-техникалық, экономикалық және әлеуметтік дамуының негізгі мақсаттарын іріктеуде, белгіленген уақытта бір-бірімен байланысты іс-шараларды жүргізуде, объектінің тиімді дамуын ресурстармен қамтамасыз етуде негізгі болып есептелетін, жоспарлық шешімдер жүйесін қалыптастыру әдісі.

*Ғылыми-техникалық бағдарламалар* – ғылыми және техникалық мәселелерді шешу, халық шаруашылығында ғылыми және техника жетістіктерін қолдану сияқты мәселелерді қарастырады.

*Директивті жоспарлау* оны орындаушыларға жоспарлардың орындалуын бөлуде күштеп міндеттейді.

*Жоспарлау* – бұл елдің, өңірдің, салалардың, барлық меншік формасындағы кәсіпорындардың әлеуметтік-экономикалық даму болашағын анықтаудағы шаруашылық субъектілері мен мемлекеттің мақсатты бағытталған қызметі.

*Индикативті жоспарлау* – елдің заңдылығымен бекітілген ел территориялары және салалық бөлімшелері дамуы, елдің бүтіндей дамуы мен оның жағдайын сипаттайтын көрсеткіштер жүйесін қалыптастыру үдерісін білдіреді.

*Корреляция-* (өзара байланыстылық), әр түрлі көрсеткіштер, тенденциялар арасындағы байланыспен, олардың бір- біріне әсерімен құрылады.

*Макроэкономикалық жоспарлау* – заңдылықтарын құруға негізделген қоғамдық ұдайы өндірісті қалыптастыру нәтижелері және оның дамуын ғылыми негіздеу мен ғылыми алдын-ала көре білу болып табылады.

*Мақсаттық кешенді бағдарламалар* – халық шаруашылық мәселелерінің тиімді жолдарын және орындаушылар мен жүзеге асырылу уақытын жасауға бағытталған, өндірістік, ғылыми-зерттеулік, ұйымдық-шаруашылық, әлеуметтік және басқа да тапсырмалар мен іс-шаралар кешені мен мақсатын бейнелейтін құжат.

*Мемлекеттік мониторинг-* бұл елдің ұлттық қауіпсіздігін сипаттайтын көрсеткіштер динамикасының ақпараттық- аналитикалық жүйесі.

*Оперативті жоспар-* өте қысқа, шұғыл түрде орындалатын іс- шараларды қамтиды.

*Өмір деңгейі* - бұл халықтың қажетті материалдық игіліктермен қызметтермен қамтамасыз етілуі, оларды тұтынуға қол жеткізу мүмкіндігі мен қажеттіліктерді тиімді қанағаттандыру деңгейі.

*Өндірістік- экономикалық бағдарламалар* - өндіріс шеңберіндегі мәселелерді, өндірістің тиімділігін көтеру, жаңа өндіріс түрлерінің дамуы, өнім (қызмет) және технологиялық үдерістердің жаңа түрлерінің дамуы, сапалық сипаттарын көтеру сияқты ірі салааралық мәселелерді шешуге бағытталған.

*Перспективалық жоспар-* ресурстарды тиімді қолдану, жаңа технологияны ендіруге байланысты даму бағыты, техника- экономикалық есептер мүмкіндіктерін қосады.

*Регрессивтік анализ (шегініс)-* анықталған шамалардың басқа шамаларға байланысын зерттеу қаралады.

*Стратегиялық жоспар-* ресурстарды тиімді бөлу, сыртқы ортаға қалыптасу мүмкіндіктері мен мақсаттары арасындағы сәйкестікті сақтау, болашақты көре білуге бағытталған.

*Территориялық бағдарламалар* – территориялық өндірістік кешендердің дамуы және қалыптасуы, жаңа немесе бұрын құрылған ел өңірлерінің кешенді шаруашылық игерулерін қарастырады.

*Үлгілеу әдісі-* мәселелерді электронды– есептеу машиналарының көмегімен шешу және экономика- математикалық үлгілерді өңдеу негізіндегі болжауда қолданылатын әлеуметтік- экономикалық процестер.

*Ұйымдық-шаруашылықтық бағдарламалар* – шаруашылық жүйені басқаруды ұйымдасу руды жетілдіруге бағытталған. Уақыт ұзақтығы бойынша

бағдарламалар ұзақ мерзімді (5 жылдан жоғары), ортамерзімді (5 жылға дейін) деп бөлінеді.

*Ұлттық қауіпсіздік*- бұл мемлекеттің ұлттық мүддесіне төнетін қауіп-қатерлер жағдайы.

*Экономикалық болжау*- экономиканың өзгеруі туралы белгіленген себептік салдарлық байланыстар мен заңдылықтар жүйесіне негізделіп, ғылыми тұрғыдағы топшылауларды әзірлеу процесі.

*Эксперттік бағалау әдісі*- болжау объектісі туралы ақпараттарды өндеуде жоғары квалификациялы мамандардың тиімді сезулері мен дәлелдеріне негізделеді.

*Экстраполяция әдісі*- факторлардың өзгермеуіне негізделе отырып ұйғарылатын, қарастырып отырған объектінің даму деңгейін анықтайды және де объектінің өткені мен келешегінің даму заңдылықтарына негізделген

*Экологиялық бағдарламалар* – табиғатты қорғау және табиғатты қайта өзгерту сипатындағы іс-шаралар кешенінен тұрады.

*Экономикалық жүйе* – қоғамда әрекет ететін шаруашылықтың ұйымдық формасы мен меншік формасы негізінде жүзеге асатын барлық әлеуметтік-экономикалық үдерістерінің жиынтығын білдіреді.

## Студенттердің өздігінен дайындалуға арналған тест сұрақтары

1. Болжау периодының ұзақтығы неге байланысты?

Ә. Болжау объектісінің ерекшелігіне, заңдылықтар өзгерісіне

А. Кәсіпорындар типтеріне

Б. Ауа-райының қолайлылығына

В. Өндірістің дамуына

Г. Процестердің орындалуына

2. Болжау мақсатына байланысты классификациялау түрі:

Ә. Макроболжау

А. Микроболжау

Б. Нормативті болжау

В. Аймақтық болжау

Г. Салалық болжау

3. Гипотеза арқылы не көрсетеді?

Ә. Объектінің болашақ жағдайы

А. белгілі бір іс-шаралардың іске асырылуының мерзімі

Б. объектілердің жалпы сапалық сипаттамасы

В. әлеуметтік дамуды болжау

Г. экономикалық өсуді талдау

4. Болжауда не сипатталады?

Ә. объектінің болашақ жағдайы

А. белгілі бір іс-шаралардың іске асырылуының мерзімі

Б. объектілердің жалпы сапалық сипаттамасы

В. әлеуметтік дамуды болжау

Г. экономикалық өсуді талдау

5. Прогнозтика нені зерттейді?

Ә. Жоспарлау түрлерін

А. болжау процесінің заңдылығын

Б. сыртқы экономикалық қызметті

В. ұлттық игілікті

Г. ғылыми-техникалық әлеуметін

6. Сарапшыларды белгілеу, эксперттік бағалау нәтижесін талдауға негізделген әдіс:

Ә. Комиссия талдаулар

А. қоғамның әлеуметтік құрылымы

Б. объектілер дамуы

В. демографиялық потенциал

Г. болашақтағы экономикалық даму бағыттары жағдайының ғылыми көрсеткіші

7. Басқару шешімдеріне негізделген болжау типтері:

Ә. Нормативті

А. зерттеушілік

Б. оперативті

В. бағдарламалық

Г. экономикалық

8. Эксперттік бағалау түрлері нешеге бөлінеді:

- Ә. 4
- А. 3
- Б. 2
- В. 5
- Г. 10

9. Жеке эксперттік бағалау қандай түрде болады?

- Ә. Комиссиялық әдіс
- А. топтық қараулар
- Б. аналитикалық жазбалар және интервью
- В. идеяны жасаушылар
- Г. сценарилік жазу түрінде

10. Болашақ үлгісін, бейнесін жобалау?

- Ә. проектілік
- А. уақыттық
- Б. мақсаттық
- В. бағдарламалық
- Г. мерзімдік

11. Қысқа мерзімді болжау мерзімі:

- Ә. 3 жылға дейін
- А. 4 жылға дейін
- Б. 5 жылға дейін
- В. 8 жылға дейін
- Г. 10 жылға дейін

12. Болжаудың негізі принципі:

- Ә. Ғылыми- дәлелдік
- А. сапалық
- Б. ғылыми- техникалық
- В. оперативті
- Г. уақытылық

13. Объект масштабына байланысты, салалар дамуын болжау түрі:

- Ә. глобальды
- А. құрылымдық
- Б. аймақтық
- В. салалық
- Г. кешендік

14. Даму процестерінің суреті жасалатын болжау түрі:

- Ә. зерттеушілік
- А. нормативтік
- Б. мақсаттық
- В. бағдарламалық
- Г. уақыт бойынша болжау

15. Үлгілеу әдісі қандай уақытта жасалады?

- Ә. Орта мерзімді
- А. ұзақ мерзімді



Б. өте ұзақ мерзімді

В. қысқы мерзімді

Г. оперативті

16. Ұзақ мерзімді болжау мерзімі:

Ә. 1-5

А. 3-10

Б. 5-10

В. 10-15

Г. 1-3

17. Орта мерзімді болжау мерзімі:

Ә. 1-5

А. 3-10

Б. 5-10

В. 10-15

Г. 1-3

18. Болжауды өңдеу түрлері:

Ә. нормативті

А. статистикалық

Б. экономикалық

В. оперативті

Г. ақпараттық

19. Агроөнеркәсіп кешенінің материалдық- техникалық базасының дамуына болжамдық есептер жасау неше бағытта жүреді?

Ә. 2

А. 3

Б. 5

В. 7

Г. 4

20. Тұтыну сипаты бойынша жер қойнауындағы байлықтар неше топқа бөлінеді?

Ә. 3

А. 4

Б. 5

В. 6

Г. 2

21. Жеке мүдде құрамына не кіреді?

Ә. Демократияны нығайту

А. әрбір азамат құқығы мен еркіндігін мемлекеттің толық көлемде қамтамасыз етуі

Б. елдің даму мәселесі

В. саяси, әлеуметтік, экономикалық тұрақтылықты нығайту

Г. азаматтардың белсенділігін көтеру

22. Қоғамдық мүдде құрамына не кіреді?

Ә. Демократияны нығайту



Ә. ʼiáíðíñòíê æ, íá á»ááê ñðáíòèyèúíà

А. Ìàðàðèàèäü-çàðòòü°

Б. ²¼íáü°

В. Òáððèòíðèyèú°

Г. Әèáóíáðòíê

30. °èáóíáðòíê òèìäíèíèêâ íá æàðàäü

Ә. Á»ááê ¼íííäíèíáíí» ¼ñóí

А. Òàèü°òü» á»ááê °úçìáðòðáðí æà¹ääéúíü» æü°ñàðóü

Б. °ðáíð ááàíáàðäü» , áè æ, íá ííü» æáèèèèèèè ¼»íðèáðíí» èíðáèèèèèèèèè èóáðííí» æà°ñàðóü

В. ²íðøà¹áí íððà¹à òèáíçáðíí , ñáðí

Г. Áèääð ¾çóíí ææèü ¹üèùì-ðáóíèèèèèèè ¼çáèðí ì, ñáèèèèèèèèè

31. Á°íàðàðòòü° òèìäíèíèèêâ íá æàðàäü

Ә. Á»ááê ¼íííäíèíáíí» ¼ñóí

А. Òàèü°òü» á»ááê °úçìáðòðáðí æà¹ääéúíü» æü°ñàðóü

Б. °ðáíð ááàíáàðäü» , áè æ, íá ííü» æáèèèèèèè ¼»íðèáðíí» èíðáèèèèèèèèè èóáðííí» æà°ñàðóü

В. ²íðøà¹áí íððà¹à òèáíçáðíí , ñáðí

Г. Áèääð ¾çóíí ææèü ¹üèùì-ðáóíèèèèèèè ¼çáèðí ì, ñáèèèèèèèèè

32. Белгіленген көрсеткіштер көлемі және орындалу мерзімі нақты, дәлелді және жүзеге асатындай болса, бұл келесідей талапқа жатады:

Ә. үйлесімділік

А. ұйымдастырушылық

Б. бағдарлық

В. Барлығы дұрыс жауаптар

Г. анықтылық

33. Экономикалық өзгерістер, экономиканың тұрақтануы, халықтың әл-ауқаты, елдің қорғаныс және т.б. мәселелерді шешу жоспарлаудың қай түріне жатады:

Ә. директивті

А. индикативті

Б. ағымды

В. Оперативті

Г. стратегиялық

34. Жоспарлау бұл -

Ә. Болашақты ғылыми түрде болжау

А. Болашақта мүмкін болатын жағдайларын ғылыми дәлелденген ұсыныстар жүйесі

Б. Жалпы тәртіп заңдылықтарын көрсететін сапалық сипатын анықтау процесі

В. Барлық жауаптар жүйесі

Г. Болашақты ғылыми дәлелдеу, оларға жету жолдары мен бағыттарын анықтау процесі

35. Мемлекеттік жоспарлаудың қандай түрлері бар?

Ә. Стратегиялық, индикативті

А. Индикативті, оперативті

Б. Директивті, ағымды

В. Директивті, стратегиялық

Г. Индикативті, директивті



## ἸΑΕÄÄËÀÍÛËÀÒÛÍ ΘÄÄÄËÄÒÒÄÐ :

1. Ä.Ä. Äëèíáááá. Äñóääðñðááííá äãóëèðíááíèá ýéíííèè. Ä-1999.
2. Ἰä. äää. Ä.Ë. Äíðèñááè÷à, Ä.Ä. Èáíááóðíáíé. Ἰðíáíçèðíááíèá è ïèáèðíááíèá Ì., 2001.
3. Ä.Ì. Äàíááðíá è äð. Ñðàðèñðè÷áñèèá ííááèðíááíèá è ïðíáíçèðíááíèá. Ì., 1990.
4. Ä.Ë. Äíðáèíáá, Ä.Ì. Ìáèéèéíáá. Ἰñíáú ïðíáíçèðíááíèá ñèñðáì. Ì., 1986.
5. Ä.Ä. Äëóíáíéí. Ἰðíáíçèðíááíèá è ïèáèðíááíèá. Ì., 1997.
6. Идрисов А.Б. и др. Стратегическое планирование и анализ эффективности инвестиций. – М.: Филинь, 1997.
7. Матрусов Н.Д. Региональное прогнозирование регионального развития России. – М.: Наука, 1995.
8. Ἰä. Äää. Ἰðíçáíé Ò.Ä. è Ä.Ä. Ἰèóëüèéíá. Ἰðíáíçèðíááíèá è ïèáèðíááíèá ä òñèíáèýð ðúíèá. Ì., 2000.
9. Мотышина М.С. Методы социально-экономического прогнозирования.: Учеб.пособие. – Спб., 1994.
10. Ä.Ä. Ἰáíñáèíá. Ḇíðèáèüí-ýéíííè÷áñèíá ïðíáíçèðíááíèá. Í., 2000.
11. Ἰä. äää. Í.Ì. Ἰäððíáá. Äñóääðñðááííá äãóëèðíááíèá ýéíííèè. Санкт-Петербург., 1999.
12. Ä.Ë.Äóíýíóáá, Ä.Ä. ðèíááíéí è äð. Èíððóíáíðàððé ýéíííè÷áñèé íáóèè è ïðáèðèè. Ì., 1992.
13. Äääèíáèüíáý ýéíííèèá: ïèáèðíááíèá, ïðíáíçèðíááíèá, óððáèéáíèý. К., 1989.
14. Í.Ì. Óáááðáíéí. Ἰäðíáú ïðíáíçèðíááíèá ïðíáíçèðíááíèá. М., 1986.
15. Хорев Л.Г. Основы государственной экономической политики. Учебник. – М.: БЕК, 1997.
16. Гранберг А.Г. Основа региональной экономики / Учебник для вузов.-2-е изд. М.:ГУВИА, 2001.
17. Под.ред. Т.Г. Морозовой. Региональная экономика / М., 2001.
18. Под.ред. М.В. Степанова. Региональная экономика / Учеб.пос., М.: Инфра, 2001.
19. Нургисаев С.У. Экономическая безопасность депрессивного региона / Алматы.:НИЦ. Ғылым, 2001.
20. Куанова Г.А., Кажмуратова А.К. Регионы Казахстана как субъекты глобализаций // ANALYTUS-4., 2002.
21. Қазақстандағы ауылдың дамуы: мәселелер мен келешек мүмкіндіктері / Қазақстандағы БҰҰ Даму Бағдарламасы.- Алматы, 2002.
22. Тренев Н.Н. Стратегическое управление, М.: Приор,2000
23. Амирбеков К. Индикативное планирование – веление времени, Финансы Казахстана, 2001 - №6, с.55-59
24. Кубаев К.Е. Основы интенсификации экономического роста, прогнозирование экономического роста
25. Любанова Т.П. Стратегическое планирование на предприятии, М.:Приор,2001

